

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Екі айда бір шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№5-6 (200-201),
ҚЫРКҮЙЕК-ЖЕЛТОҚСАН
2022 ЖЫЛ

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Төраға: Әлімбай Н. – ҚР МОМ дирек-
торы, проф., этнолог (Алматы).

Орынбасары: Салықбай Ә.Ж. –
журнал редакторы (Алматы).

Мүшелері:

Қабылдинов З.Е. – т.ғ.д., проф., ҚР
БҒМ ҒК ТЭИ директоры (Алматы).

Байтанаев Б.Ә. – т.ғ.д., проф., ҚР БҒМ
ҒК АИ директоры (Алматы).

Әбіл Е.А. – т.ғ.д., проф., ҚР БҒМ ҒК МТИ
директоры (Нұр-Сұлтан).

Аяған Б.Ғ. – т.ғ.д., проф., ҚР БҒМ ҒК
МТИ дир. орынбасары (Нұр-Сұлтан).

Кәрібаев Б.Б. – т.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА
академигі (Алматы).

Қарасаев Ғ.М. – т.ғ.д., проф., Ресей ҒА
корр.-мүшесі (Нұр-Сұлтан).

Төлеубаев Ә.Т. – т.ғ.д., проф. (Алматы).

Жұмағұлов Қ.Т. – т.ғ.д., проф. (Алматы).

Ууата Tomohiko. – т.ғ.д., проф. Hokkaido
University disabled (Japan, Sapporo).

Буканова Р.Г. – т.ғ.д., проф. (Башқұрт-
стан, Уфа).

Қурманов З.К. – с.ғ.д., проф. (Қырғыз-
стан, Бішкек).

Невежин В.А. – т.ғ.д., проф. (Ресей, Мәскеу).

Еңсенов Қ.А. – т.ғ.к., қауымд. проф.
(Нұр-Сұлтан).

Эксперттер тобы:

Найманбаев Б.Р. – т.ғ.д., проф. (Шымкент).

Жұмағұлов Б.С. – т.ғ.к., қауымд. проф.
(Алматы).

Асылбекова Ж.М.-А. – т.ғ.д., проф. (Алматы).

Ауанасова А.М. – т.ғ.д., проф. (Нұр-Сұлтан).

Исин А. – т.ғ.к., проф. (Семей).

Салқынбек Д. – т.ғ.к. проф. (Алматы).

Қартаева Т.Е. – т.ғ.к., проф. (Алматы).

Ноғайбаева М.С. – т.ғ.к., қауымд. проф.
(Алматы).

Сәбитов Ж.М. PhD, саяс/шы (Нұр-Сұлтан).

Дүйсен С.Ж. – п.ғ.к. (Нұр-Сұлтан).

Қалиев Ж.Н. – п.ғ.к. (Нұр-Сұлтан).

Ерімбетова Қ.М. – т.ғ.к. (Нұр-Сұлтан).

Үмітқалиев Ұ.Ұ. – т.ғ.к., арх/г (Нұр-Сұлтан).

Ізбасарова Г.Б. – т.ғ.к., доцент (Ақтөбе).

Базарбаев Қ.Қ. – PhD тарихшы (Түркістан).

Қозыбаева М.М. – PhD тарихшы (Алматы).

Нұргүл Қасымқызы – жауапты редактор.

.....

Басуға 29.10.2022 ж. жіберілді.

Пішімі 84 x 108 1/16. Шартты б.т. – 4.

СТР басылым. Бағасы келісімді.

Таралымы – 1380. Индекс – 75748.

Редакцияда беттеліп-қатталып,

"Акимбаев" ЖК-де басылды.

Алматы қаласы, Төле би көшесі 203-үй.

МАЗМҰНЫ

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН МАҚАЛАЛАР

ҚАРАМАНДАЕВ Қ. Қазақтар – соғыс майданында 2

ЖҰБАТҚАНОВ К. Сыбайлас жемқорлықты қалай жеңуге болады? 21

ЮСУПОВ К. Откуда у тюрков европейских генов (R1A)? 22

ОҚЫТУ. ӘДІСТЕМЕ. ТӘЖІРИБЕ.

ӘЛИЕВ Ә. Отан тарихын оқытудың кейбір мәселелері 25

НАКОШОВА Г. Қазақ халқының әдеби және музыкалық мұрасы 27

ЖАЙЛАУ А. Рәміздер – киелі құндылық 30

ЕЛШІБЕКОВА А. Ғұндар тарихы. Ғұн мемлекетінің қалыптасуы 31

ТӘНІҚҰЛОВА А. Менің іс-тәжірибем. 32

ӘБДІХАЛЫҚОВА Ғ.

«Алаш» ұлттық идеясының тұжырымдамалық негіздері 33

РАХМЕТОВА Ж.

Алаш қайраткерлерін оқыту арқылы патриоттық тәрбие беру 35

АХМЕТОВА Ш. Ұлттық сана-сезімнің

қалыптасуы мен дамуындағы «Алаш» қайраткерлерінің рөлі 37

ӨТЕГЕНОВА А. Қысқа мерзімді жоспар 39

ӘБДІРОВА Г. Ахмет Байтұрсынов – ұлты үшін туған ұлы қайраткер 40

САБЫРОВА Б. Жүсіпбек Аймауытов: «Кітап оқы» 41

ӘБІЛОВА Р. Нан – дастархан байлығы 42

ӘМІРОВА Р. Жуан және жіңішке дауысты дыбыстар. «Әже» 43

ЮЛДАШЕВА З. Фариза Оңғарсынова: «Әже» 44

БҰЙРАБАСОВА Н. Табиғатым – тал бесігім 46

БАЙТҰРСЫНҰЛЫ Д. Жазушы жерлестерімен жүздесті 47

АБЫЛҚАСЫМ А. Әбділдабекке 48

КҮНБОЛАТҰЛЫ Б. Әбділдабек аға алпыста 48

КАЙРАТ КАРАМАНДАЕВ,
 Қазақстан Тарихшылар қауымдастығының мүшесі,
 бауыржантанушы, әскери тарихшы, зерттеуші,
 М.Тынышбаев, Б.Момышұлы, С.Нұрмағамбетов
 атындағы медальдардың иегері

ҚАЗАҚТАР – СОҒЫС МАЙДАНЫНДА:

1939-1945 жылдар (цифрлы мәліметтер, деректер мен фактілер)

Төл тарихымыз КСРО кезіндегі барлық оқиғаларға, соның ішінде екінші дүниежүзілік соғысқа да жаңаша көзқараспен қарауды талап етеді. Ал барлығы 2195 күнге, дәл 6 жылға созылған (1.09.1939. – 2.09.1945) Екінші дүниежүзілік соғыс туралы, ол аяқталғалы 77 жыл ішінде 36 мың шамасында тарихи-деректі кітаптар жарыққа шығыпты, оның ақтандақтары әлі де толық ашылып болды деп айта алмаймыз.

КСРО мемлекеті ыдырап, оның құрамында болған елдер тәуелсіздігін алған соң соғыс тақырыбына көзқарас өзгере бастады. Себебі Ресей Қорғаныс министрлігінің мұрағаты ашылып, қолжетімді болды. Бірақ әлі ашылмаған, Гатчино қаласындағы әскери теңіз Флоты Армиясы және «особо секретно» деген сайттар бар.

Екінші дүниежүзілік соғыс шеңберіндегі ең жойқыны – Германия мен КСРО арасындағы (22.06.1941. – 8.05.1945.) майдан болатын. Фашистік Германия бұл соғысты өзі бастап, Кеңес Одағына басып кіргендіктен, оны Кеңестік жоғары билік ресми түрде «Ұлы Отан соғысы» деп атады.

1988-1989 жж. КСРО қарулы күштерінің Бас штабында 1941-1945 жылғы кеңес әскерлерінің жеке құрамы мен қару-жарақтың, соғыс техникасының шығынын анықтау жөнінде екі комиссия жұмыс істеді. Оның қорытындысы қаралып бекітілді. «Майданда қаза тапқан, жоғалып кеткен, тұтқынға түсіп, содан қайта оралмаған, жарақат алып немесе кездейсоқ оқиғаға ұшырап өлгендер Қиыр Шығыстағы науқанды қосып есептегенде **8 млн. 668 мың 400 адам**», – деп жазды Бас штаб бастығы армия генералы Моисеев.

Осыдан бес жыл өткеннен кейін, сол кеңсе қойнауынан шыққан «Гриф секретности снят» деген кітапта соғысқа қатысты шығын деп осы цифр қайталанды, ал хабарсыз ғайып болғандар мен тұтқынға түсіп, әскер қатарынан кеткендердің саны **11 млн. 441 мың 100 адам** делінген. Бас штабтың бұрынғы бастығының бірі, армия генералы Лобов басқа дерек келтіреді, ол электрондық банк қорына тіркелген қаза тапқандар **17 млн.ға жетті** деп хабарлады.

«Қайта құру» кезеңінде М.С.Горбачевтың тұсында соғыс шығыны **27 млн. адам** деп есептелді. Зерттеуші В.Первышин кеңес азаматтарының соғыс кезінде өлім-жітімге ұшырағаны **38 млн. 794 мың** болғанын есептеп шығарды.

1941-1945 жылдардағы кеңес-герман соғысында, яғни Шығыс майданда немістер 5,5 млн. солдаттынан айырылса, **2018 жылы** КСРО мем-

лекеттік жоспарлау комитетінің құпиялылығы жария болып кеткен деректерінде **КСРО 47 млн.** (қырық жеті миллион !) адамынан, оның ішінде **19,5 млн. солдаты мен офицерінен** айырылған.

Қазақстанда да соғыс қасіретін көрмеген шаңырақ кемде-кем. Қазақтар майданның алғы шебінде жүрді, өзінің төзімділігімен, табандылығымен, батылдығымен ерекше танылған еді. Соғыс қазақ халқына зор апаттар әкелді. Бұл соғыста қазақтар өзінің ерлігімен, қайтпас қайсарлығымен батыр халық екендігін дәлелдеді.

Қазақ жері КСРО-ның Батыс шекарасынан 4 мың шақырым еді. Жалпы 1938-22.06.1941 ж. дейін Қызыл Армия қатарында 178 мың қазақстандық, оның ішінде 40600 қазақ әскери қызмет атқарды. Қазақстаннан Белоруссияның Брест облысына 5 эшелон әскер қатарына шақырылғаны мәлім еді. 514 қазақстандық Брест қамалының қорғаушы жауынгерлері болды, оның жартысы қазақтар еді.

Қазақстаннан 12 атқыштар дивизиясы, 4 атты әскер дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы, 50-ден астам полк, жеке батальон құрылымдар жасақталған. Фашистермен болған шайқастарда семейлік 238-ші (кейіннен 30-шы гвардиялық дивизия), ақмолалық 310-шы, ақтөбелік 312-ші, петропавлдық 314-ші, алматылық 316-шы (кейіннен 8-ші гвардиялық атқыштар дивизиясы), ақмолалық 387-ші, алматылық 391-ші, аяғөздік 458 атқыштар дивизиясы (кейіннен семейлік 8-ші атқыштар дивизиясы), ақмолалық 29-шы (кейіннен 72-ші гвардиялық атқыштар дивизиясы), алматылық 38-ші (кейіннен 73-ші гвардиялық атқыштар дивизиясы), қызылордалық 75-дербес теңіздік атқыштар бригадасы (кейіннен 27-ші гвардиялық атқыштар дивизиясы), шымкенттік 102-ші атқыштар дивизиясы, 405-ші атқыштар дивизиясы, алматылық 100-ші және ақмолалық 101-ші ұлттық атқыштар бригадалары, жамбылдық 81-ші атты әскер дивизиясы, жамбылдық 105-ші атты әскер дивизиясы, ақмолалық 106-шы атты әскер дивизиялар, 74-ші Қазалы теңіз атқыштар бригадасы, қостанайлық 151-ші ат-

қыштар дивизиясы, оралдық 152-ші жеке атқыштар бригадасы, 209-шы Зайсан, 219-шы минометтік, 85-ші зениттік, 662-ші, 991-ші және 992-ші авиациялық, 6 артиллериялық полктер, 12 құрылыс, 7 автоматшылар, 2 автобатальон, 1 көпір салу батальон ерекше көзге түсті.

Майданға 14100 жүк және жеңіл автокөлік, 1500 шынжыр табанды трактор, 110400 жылқы, 16200 арба жөнелтілді. Қазақстан армия мен флот үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындауға да лайықты үлес қосты. 1941-1945 жылдары әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам жас қазақстандық жолданды, ал Қазақстанның аумағында сол жылдары жұмыс істеген 27 әскери оқу орны толық емес мәлімет бойынша 16 мыңдай офицер дайындап шығарған.

Жеңіске Қазақстанның ауыл шаруашылығы да өз үлесін қосты. Атап айтқанда, еліміз 30,8 миллион пұт астық, 14,4 миллион пұт картоп және көкөніс, 15,8 миллион пұт ет, 3194 мың центнер сүт, 17,6 мың центнер жүн берді. Бұл соғысқа дейінгі бес жылдағы көрсеткіштен бірнеше есе көп. Республиканың барлық экономикасы әскери «рельске» қойылды: бейбіт мақсаттағы шығындар барынша қысқартылды, көптеген кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығаруға кірісті. Ер азаматтардың бәрі армия қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жасөспірімдер еңбек етті. Еңбек тәртібі қатайтылды, жұмыс уақыты ұзартылды. Алты апталық, 23 сағаттық жұмыс күні бекітілді, демалыстар тоқтатылды. Бірақ ешкім қынжылған жоқ. Бүкіл ел «Бәрі де – майдан үшін, бәрі де – Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті.

КСРО-ның батыс өңірлерінен көшірілген халықпен қоса, 1941 жылдың күзінде Қазақстанға Повольжьеден жүздеген мың немістер мен поляктар жер аударылды. 1942-1944 жылдары 507 мың балқар, қарашай, ингуш, шешен халқы, 110 мың месхеттік түріктер, 180 мың Қырым татарлары күшпен жер аударылды. Оған қоса, күн сайын Қазақстанға жаралы жауынгерлер мен офицерлер тиелген пойыздар ағылып жатты. Әскери госпитальдердің көбісі Алматыда құрылды.

Бүгінде мектеп қабырғасындағы оқушыларды, әскери орта және жоғары оқу орындағы курсанттарды, әскери кафедралары студенттері мен факультет тыңдаушыларын, жоғары оқу орындарындағы студенттерді тарих және әскери тарих сабақтарында осы екінші дүниежүзілік соғысқа байланысты әлі күнге дейін үстірт оқыту жалғасуда. Жалпы Ұлы Отан соғысында КСРО-да 11649 майдангерге Кеңес Одағының Батыры атағы берілсе, 8097 адамға (15 одақтас Республиканы қосқанда) бұл атақ әр түрлі себеппен берілмеген (Жұмабай Доспановтың зерттеуі бойынша).

Ол оқулықтарда әлі күнге дейін 500-ге жуық қазақстандық және 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры бар деп жазады, себебі бұны зерттемей оқулықтардан көшіре берген. Жыл сайын әр түрлі цифрлар айтыла береді. 1993 жылға дейін 497 Кеңес Одағының Батыры болыпты деп жазылды, 2005 жылы 528 деді, ал 2015 жылы 588 деп айтылды.

Негізі Кеңес Одағының Батырының саны 2016 жылы «Фолиант» баспасынан шыққан «Герои Великой Победы – Казахстанцы» 2 томдық кітап бойынша **615 болып есептеледі, ал берілмегені 431 адам болып есептеледі** (Жұмабай Доспановтың зерттеуі бойынша).

Егемендігімізді алғанымызға 30 жыл, соғыс біткелі 77 өтті. Сол соғыстың ақиқатын білеміз бе? Қазақ мақалына сайып айтсақ: «Білгеніміз – бір тоғыз, білмегеніміз – тоқсан тоғыз». Осы мәселеден мынадай сұрақ келіп шығады: Қазақтан шыққан Кеңес Одағының Батыры нешеу? Бұрынғы сан дұрыс па, әлде кейіннен табылғандар бар ма?

ҚАЗАҚТАН ШЫҚҚАН КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЛАРЫ

1. АБДОЛОВ Михаил,
2. АЙТҚҰЛОВ Сәлім,
3. АЙТЫҚОВ Ізғұтты,
4. АҚБАУОВ Оразақ,
5. АУХАДИЕВ Қойгелді,
6. ӘБДІӘЛИЕВ Қарақозы
7. ӘБДІРОВ Нұркен,
8. ӘБДІЖАППАРОВ Садық,
9. ӘБЕУІЛОВ Мұқатай,
10. ӘБУТӘЛІПОВ Әнуар,
11. ӘЖІМОВ Төлебай,
12. ӘЛІМБЕТОВ Абылай,
13. ӘШІРОВ Сейітқасым,
14. БАЙМАҒАНБЕТОВ Сұлтан,
15. БАЙМҰҚАНОВ Мұса,
16. БАЛМАҒАНБЕТОВ Мақаш,
17. БЕГЕНОВ Мәди,
18. БЕЛІБАЕВ Зәкария,
19. БӨКЕНБАЕВ Мөлкахадар,
20. БАЛТАБЕКОВ Иманғали,
21. БАЙЫСОВ Матай,
22. БЕКБОСЫНОВ Серікқазы,
23. БИГЕЛДИНОВ Талғат,
24. ҒАБДУЛЛИН Мәлік,
25. ДӘУЛЕТБЕКОВ Амантай,
26. ДОСМҰХАМБЕТОВ Әбу,
27. ЕЛЕУІСОВ Жәнібек,
28. ЕСБОЛАТОВ Нарсұтбай,
29. ЕСТЕМИСОВ Саттар,
30. ЕСЕТОВ Расул,
31. ЕСҚАЛИЕВ Сүндетқали,
32. ЖАЗЫҚОВ Қожабай,
33. ЖАҚСЫҒҰЛОВ Садық,
34. ЖАНҰЗАҚОВ Абдулла,
35. ЖҮНІСОВ Мәжит,
36. ЖАМАНҒАРАЕВ Қашаған,
37. ЖОЛДАСОВ Лесбек,
38. ЖҰМАЛИЕВ Қилмаш,
39. ИШАНОВ Естай,
40. ИБРАГИМОВ Темірбек,
41. ИСАХАНОВ Берген,
42. КЕНЖЕБАЕВ Төле,
43. КӨМЕКБАЕВ Тайымбет,
44. КӨБІКОВ Хамит,
45. ҚОСАЕВ Әлікбай,
46. ҚАУЫНБАЕВ Тоғанбай,
47. ҚИЗАТОВ Жәлел,

48. ҚОЖАБЕРГЕНОВ Әлиасқар,
49. ҚҰРМАНОВ Ақан,
50. ҚАБЫЛОВ Төлен,
51. ҚАЙЫПОВ Жүнісбай,
52. ҚАЙЫРБАЕВ Махмет,
53. ҚАЛДЫҚАРАЕВ Жұмағали,
54. ҚАМЗИН Қанаш,
55. ҚАРАҚҰЛОВ Жұман,
56. МАМЫРАЕВ Мартбек,
57. МӘМЕТОВА Мәншүк,
58. МОЛДАБАЕВ Ережепбай,
59. МОЛДАҒАЛИЕВ Жанғазы,
60. МОЛДАҒҰЛОВА Әлия,
61. МҰСАЕВ Мұқат,
62. МҮТКЕНОВ Серікбай,
63. МАХАМБЕТОВ Жақыпбек,
64. МАМЫТОВ Хасан,
65. МАСИН Темір,
66. МОМЫШҰЛЫ Бауыржан,
67. НЫСАНБАЕВ Боран,
68. НҰРЛЫБАЕВ Жолдыбай,
69. НҰРМАҒАМБЕТОВ Сағадат,
70. НҰРПЕЙІСОВ Біліс,
71. НҰРСЕЙІТОВ Жаппасбай,
72. НИЕТҚАЛИЕВ Ерденбек,
73. НҰРЖАНОВ Қазбек,
74. ОРАҚБАЕВ Есен,
75. ОҢТАЕВ Бейсен,
76. ОРАЗОВ Илияс,
77. РАХИМОВ Сабыр,
78. РЫСБЕКОВ Құрманбай,
79. СЕҢГІРБАЕВ Мұсабек,
80. СИХЫМОВ Есмұрат,
81. СЫПАТАЕВ Қарсыбай,
82. СМАЙЫЛОВ Садық,
83. СМАҒҰЛОВ Қайырғали,
84. СҮЛЕЙМЕНОВ Жолдас,
85. СҰРАҒАНОВ Құдайберген,
86. СУХАМБАЕВ Ағаділ,
87. ТАСҚҰЛОВ Қалыбай,
88. ТОҚАТАЕВ Рақымжан,
89. ТОҚТАРОВ Төлеген,
90. ТЕМІРБАЕВ Сейітхан,
91. ТУҒАНБАЕВ Қадыран,
92. ТҮКТІБАЕВ Үрмәш,
93. ТЫШҚАНБАЕВ Қожахмет,
94. ҮРГЕНІШБАЕВ Ыдырыс,
95. ҮСЕНОВ Абдолла,
96. ХҰСАЙЫНОВ Ахмедияр,
97. ШӘКЕНОВ Кенжебек,
98. ШӘКІРОВ Астанқұл,
99. ШӘКІРОВ Сәду,
100. ЫСҚАҚОВ Қапай,
101. ЫБЫРАЕВ Әйткен
102. ЫБЫРАЕВ Ысқақ,
103. ІЛИЯСОВ Нағи,
104. ҚАЛИЕВ Біләл,
105. РУБАХО Филипп (қазақ, детдомда өскен).

*Тізімге Кеңес Одағының Батыры атағын Ауғанстан жерінде алған жалғыз қазақ, ұшқыш Майданов Қайырболат және бейбіт өмірде Кеңес Одағының Батыры атағын алған ұшқыш-ғарышкер Әубәкіров Тоқтар енген жоқ.

Қаншасына атақ берілмеді? КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ АТАҒЫ БЕРІЛМЕЙ ҚАЛҒАН ҚАЗАҚ БАҒАДҮРЛЕРІ

Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстанның түрлі облыстарынан шақырылып, Ресей Федерациясының ҚМОН (Қорғаныс министрлігінің Орталық мұрағаты) деректері бойынша Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған қазақтар.

Бұлардың есімдерімен не көше, не мектеп аталмаған, олардың көпшілігін туыстарынан басқа ешкім білмейді. Көбінің есімі ұзақ жылдардан бері (77 жыл) жалпақ жұртқа беймәлім болып келді. Бұлар соғыс жылдарында ерен ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған, бірақ әр қилы себептермен және саяси солақайлық, тарихи әделетсіздік кесірінен берілмеген. Бұлардың ерлігі бір, екі, кейде үш, төрт сатыға төмендетілген. «Алтын Жұлдыздың» орнына «Ленин», көбінесе жауынгерлік «Қызыл Ту», ал кейбіреулері 1-ші, 2-ші дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен алмастырылған, ішінде 3-ші дәрежелі «Богдан Хмельницкий», «Александр Невский», «Қызыл Жұлдыз», 3-ші, 2-ші дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталғандар да бар. Талайының ерліктері өз бағасын алмай, дұрыс бағаланбай, кемсітілген. Олардың ерлігі көрсетілген ұсыныстарға қолдау көрсетілмей, әрі қарай Кремльге жіберілмей, кейбір бригада, дивизия командирі, армия, майдан командашасы, әскери кеңес өзінікін жөн санап, білгенін істеген. Сол себепті бұлар тиісті «Алтын Жұлдызды» ала алмаған. Олар өз өмірін қатерге тігіп, басына төнген қауіпке қарамастан қанды майдандарда жан аямай шайқасты, жан алысып, жан беріскен, қайсарлық мінез танытқан. Бұлардың ерлігін тек қана сұрапыл соғыста қан кешкен әскери қызметтестері мен ерліктеріне бас иіп, Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынуға өтінген тікелей командирлері ғана мойындаған. Қазақ жұртының көптеген сайыпқыран сарбаздары жауға қарсы жан аямай шайқасты, майданның барлық шебінде барша кеңес халқы үшін біздің қаракөз жауынгерлер қан кешті. Шейіт болды. Қазақ жерінен шыққан жаужүрек ерлер Хакім Абайдың: *«Еріксіз түскен ылдидан, Еркінмен шығар өр артық. Қорлықпен өткен өмірден. Көсіліп жатар көр артық»*, – деген ұстанымымен өмір сүрді. Сондықтан «Батыр» деп жарлықпен батыр болғандарды ғана айтпау керек, елі үшін жауған оқтың астында ерен ерлікпен шайқасқандардың бәрі батыр. Бұлардың ерлігі нақты мұрағат құжаттарымен дәлелденген, қанша жыл, ғасыр өтсе де, олардың ерлігі ешқашан да ұмытылмайды. Әсіресе, Ресей Қорғаныс министрлігінің орталық мұрағаты қолжетімді болған қазіргі сәтте ерлігі ескерусіз қалған боздақтарды таныту және кейінгіге үлгі ету – әр ұрпақтың парызы, патриоттық міндеті.

1. Абраев Қабділда (құжатта Абраев Кабулда) 1906 ж. Ақмола облысы, Еркіншілік ауданы, Благодатное ауылы. Қызыл Армия қатарына Ақмола облысының, Еркіншілік аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 47-ші Армияның

127-ші атқыштар корпусының 60-шы атқыштар дивизиясының атқыштар полкы құрамында қатардағы жауынгер, барлаушы. **Кеңес Одағының Батыры атағына 5.02.1945 жылы ұсынылған**, берілмеген, **11.03.1945 ж.** жауынгерлік «**Қызыл Ту**» орденімен марапатталған.

2. Ағыбаев Дәулет (құжатта Агибаев Давлет) 1921 ж. Алматы облысы, Балқаш ауданы – 22.01.1943. РСФСР – Ростов облысы, Белая Калитва қаласы. Қызыл Әскер қатарына 5.07.1940. Алматы облысының, Балқаш аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 3-ші гвардиялық Армияның, 8-ші кавалериялық корпусының, 112-ші кавалериялық дивизиясының, 294-кавалерия полкы құрамында бөлімше командирі, сержант. Өлгеннен кейін **30.01.1943. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, **11.02.1943. 1-дәрежелі «Отан соғысы»** орденімен марапатталған.

3. Азаханов Сапархан (Азаханов Сапаркан) 1909 ж. Алматы облысы, Қаскелең ауданы, Шамалған ауылы, 1-май колхозы. Қызыл Әскер қатарына 04.1942. Алматы облысының, Қаскелең аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 59-шы гвардиялық атқыштар дивизиясының, 176 гвардиялық артиллерия полкы құрамында атпен барлау взводының барлаушысы. **20.02.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, **29.04.1944. жауынгерлік «Қызыл Ту»** орденімен марапатталған.

4. Айжақсынов Ысқақбай (Айжақсинов Искакбай) 1919 ж. Семей облысы Көкпекті ауданы. Қызыл Әскер қатарына 13.10.1939. Семей облысының Көкпекті аудандық әскери комиссариатынан алынған. 46-шы атқыштар корпусының, 82-ші атқыштар дивизиясының, 795-ші артиллерия полкы құрамында батарея командирінің саяси орынбасары, дивизион командирінің орынбасары, капитан. **4.07.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, **8.08.1944. 2-дәрежелі «Отан соғысы»** орденімен марапатталған.

5. Айтқұлов Мұсабек (Айтқулов Мусабек) 1925 ж. Жамбыл облысы Шу ауданы. Қызыл Әскер қатарына 27.07.1943. Жамбыл облысының Шу аудандық әскери комиссариатынан алынған. 1-ші Украин майданының 3-ші гвардиялық Армияның 76-шы атқыштар корпусының 81-ші атқыштар дивизиясының 410-ші атқыштар полкы құрамында, қол пулеметші, сержант. **8.08.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, **20.09.1944. 3-дәрежелі «Богдан Хмельницкий»** орденімен марапатталған.

6. Айтмұхамбетов Қаби (Айтмұхамбетов Хабий) 1913 ж. Ақтөбе қаласы. Қызыл Әскер қатарына 07.1941. Ақтөбе қалалық әскери комиссариатынан шақырылған. Калинин майданының 39-шы Армиясының 2-ші гвардиялық атқыштар корпусының 91-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының 195-ші гвардиялық артиллерия құрамында 2-ші дивизионның барлау бастығы. Гвардиялық лейтенант. **22.09.1943. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, **4.06.1944. «Ленин»** орденімен марапатталған.

7. Ақылжанов Божан (Акильджанов Бажан) 01.01.1918 ж. Семей облысы, Аягөз ауданы №23 ауылы – 10.07.1994. Семей облысы Үржар ауданы Науалы ауылы. Старшина. Барлау взвод командирінің көмекшісі. Қызыл Әскер қатарына Семей облысының Үржар аудандық әскери комиссариатынан 1940 жылдың қыркүйегінен шақырылған. 263-ші атқыштар дивизиясының 316-шы барлау ротасы құрамында взвод командирінің көмекшісі. **12.05.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, **28.05.1944. жауынгерлік «Қызыл Ту»** орденімен марапатталған.

8. Ақшалов Нарымбек (Ақшалов Нарамбек) 1916 ж. Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы (Киров) Қызыл партизан ауылы – 28.07.1944 ж. Қызыл Әскер қатарына 15.10.1939. Шығыс Қазақстан облысының, Киров аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 1-ші Белорус майданының 69-шы Армиясының 186-моторлы батальон құрамында взвод командирінің көмекшісі, сержант, аға сержант, старшина. Өлгеннен кейін **5.08.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, **10.10.1944. 1-дәрежелі «Отан соғысы»** орденімен марапатталған.

9. Әлішев Шахан (Алишев Шахан) 1913 ж. Жамбыл облысы Шу ауданы Новотроицк ауылы. Қызыл Әскер қатарына 1939 жылдың қыркүйегінде Жамбыл облысы Шу аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 52-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының, 124-ші гвардиялық артиллерия полкы құрамында барлау бөлімшесінің командирі, гвардиялық аға сержант. **6.05.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, **12.06.1945. жауынгерлік «Қызыл Ту»** орденімен марапатталған.

10. Алтаев Уақас (Алтаев Уокас) 1925 ж. Павлодар облысы Лозов ауданы. Қызыл Әскер қатарына 5.12.1942. Павлодар облысының, Лозов аудандық әскери комиссариатынан алынған. 6-ші гвардиялық Армияның 103-ші гвардиялық атқыштар корпусының 270-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының 977-ші атқыштар полкы құрамында атқыш, қатардағы жауынгер. **7.07.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «**Қызыл Ту**» орденімен марапатталған **9.08.1944.**

11. Аманжолов Нотбай (Амонжулов) 1916 ж. Ақтөбе облысы Жұрын ауданы. Қызыл Әскер қатарына Ақтөбе облысының Жұрын аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 46-Армияның 20-шы жеке пулемет-артиллерия батальон құрамында пулеметші, гвардиялық аға сержант. **29.08.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, **11.10.1944. жауынгерлік «Қызыл Ту»** орденімен марапатталған.

12. Ауғанбаев Өмірәлі (Аугамбаев Амрали) 1921 ж. Алматы облысы Таулы Қырат (Горный Гигант) ауылы. Қызыл Әскер қатарына 1942 жылдың қаңтарында Алматы облысының Шелек аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 73-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының 153-ші гвардиялық артиллерия полкы құрамында 7 батареяның зеңбірекшісі, гвардиялық кіші сержант. **11.11.1943. Кеңес Одағының Батыры атағына**

ұсынылған, берілмеген, **25.12.1943.** жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен марапатталған.

13. Ахметжанов Мұхаметқали (Ахмеджанов Мухамет Гали) 1921 ж. Алматы облысы Алакөл ауданы. Қызыл Әскер қатарына 1941 жылы Алматы облысы Алакөл аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 52 Армияның 73-ші атқыштар корпусының 2-ші жеке танкіге қарсы бригадасының 1329 танкіге қарсы жойғыш артиллерия полкы құрамында танкіге қарсы жойғыш қаруының нысанашысы, сержант. **11.11.1943. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, **25.12.1943.** жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен марапатталған.

14. Ахметбеков Сәбит (Ахметбеков Савит) 1920 жылы Павлодар облысы Куйбышев ауданы Елтай ауылы. Қызыл Әскер қатарына 1940 жылдың мамырында Павлодар облысының Куйбышев аудандық әскери комиссариатынан алынған. 44-танк бригадасының 112-ші моторландырылған автоматшы батальон құрамында танкіге қарсы мылтықшылар (ПТР – противотанковое оружие) бөлімшесінің командирі, гвардиялық старшина. **14.04.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, **29.05.1944.** жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен марапатталған.

15. Ахметов Әбен 1916 ж. Алматы облысы Байсерке ауылы. Қызыл Әскер қатарына 12.02.1942. Алматы қаласының Ленин аудандық әскери комиссариатынан алынған. 383-ші атқыштар дивизиясының 28-дербес артиллерия дивизионы 76 мм. өздігінен жүретін артиллериялық (САУ самоходное артиллерийское управление – 76 мм.) қондырғының дивизион командирі, лейтенант. **16.03.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, **15.06.1945.** 1-ші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған.

16. Ахметов Ғалым (Ахметов Галим) 1922 ж. Қостанай облысы Жетіқара ауданы Жетіқара ауылдық кеңесі – 25.08.1944. Молдаван ССР-і. Қызыл Әскер қатарына 12.01.1942. Қостанай облысының Жетіқара аудандық әскери комиссариатынан алынған. 61-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының 187-гвардиялық атқыштар полкы құрамында 45 мм. Зеңбірекшілер тобының командирі, гвардиялық аға сержант. **15.04.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, **18.05.1944.** жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен марапатталған.

17. Ахметов Қозыбағар (Ахметов Казбағар) 1920 ж. Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы Құлан (Луговой) елді мекені. Қызыл Әскер қатарына 10.10.1940. Жамбыл облысының Жамбыл аудандық әскери комиссариатынан алынған. 1-ші Украин майданының 2-ші гвардиялық гаубица артиллерия бригадасының 203-ші гвардиялық гаубица артиллерия полкы құрамында зеңбірек командирі. Өлгеннен кейін **3.05.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, **31.08.1945.** 1-ші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған.

18. Ахметов Қасым (Ахметов Касим) 1917 ж. Қостанай облысы Мендіқара ауданы Төлеңгітауылы – 16.04.1945. Германия, Бранденбург, Франкфурт

округі, Зеелов ауданы, Лебус елді мекені. Қызыл Әскер қатарына Қостанай облысының Мендіқара аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 40-шы атқыштар корпусының 41-ші атқыштар дивизиясының 244 атқыштар полкы құрамында атқыштар взводының командирі, кіші лейтенант. Өлгеннен кейін **30.12.1943. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, **8.02.1944.** 1-ші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған.

19. Әбдібеков Төлеуғали (құжатта Абдыбеков Тулеуғали) 1916 ж. Семей облысы Жарма ауданының Бірлікші ауылдық округі – 23.02.1944 ж. Ресей, Псков облысы, Новосokolьники ауданы, Насва стансасы, кейін сол ауданның Монаково елді мекені, әскери бейітке қайта жерленген. Т. Әбдібеков соғыс барысында 32 мерген дайындап, жалғыз өзі 1942 жылдың 12 мамыры мен 1944 жылдың 22 ақпанының аралығында жаудың 395 солдат-офицерін және 20-дан астам дұшпан мергенінің көзін жойған. Соғыс тарихында сирек кездесетін жәйт: бір күнде жаудың қираған танкісіне жасырынып, 58 фашистің көзін жойған. Гвардиялық аға сержант. Екінші дүниежүзілік соғыстың үздік снайперлері тізіміне енген мерген. Өлгеннен кейін **8.03.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, **18.06.1944.** 1-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған. Президент Тоқаевтың жарлығымен **4.05.2022. «Алтын жұлдыз», «Отан»** орденімен марапатталып, «Халық қаһарманы» атағы берілді. «Ленин», жауынгерлік «Қызыл Ту», «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен және «Өжеттігі үшін» тағы басқа медальдарымен марапатталған. 2021 жылы Абай облысы Жарма ауданы Қапанбұлақ елді мекеніне Төлеуғали Әбдібеков есімі берілді.

20. Әжіғалиев Дүйсенғали (Ажигалиев Дюсєнғали) 1915 ж. Гурьев облысы, Жылыой ауданы. Қызыл Әскер қатарына 1943 жылдың шілдесінде Украин ССР-і Николаев облысының, Еланецкий аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 58-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының 173-ші гвардиялық атқыштар полкы құрамында пулемет командирі, аға сержант. **8.02.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, **24.03.1945.** жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен марапатталған.

21. Әзімбаев Тұрдымұрат (Азимбаев Турдымұрат) 24.04.1923.– 07.12.2008. Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы Қошқарата округі. Қызыл Әскер қатарына 1941 жылдың қарашасында Шығыс Қазақстан облысы Лениногорск қалалық әскери комиссариатынан шақырылған. Қатардағы жауынгер, барлаушы. **3.11.1943. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, **28.12.1943.** жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен марапатталған.

22. Бәбіков Оразиман 1895 ж. Алматы облысы, Ақсу ауданы. Қызыл Әскер қатарына 10.05.1943. Алматы облысының Ақсу аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 17-ші гвардиялық механикаландырылған бригаданың, 2-ші мотоатқыштар батальоны құрамында атқыш, қатардағы жауынгер. **29.01.1945. Кеңес Одағы-**

ның Батыры атағына ұсынылған, берілмеген, **5.03.1945.** жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен марапатталған.

23. Базарбаев Әбдірайым (Базарбаев Абдраим) 1922 ж. Алматы облысы, Қаскелең ауданы. Қызыл Әскер қатарына Алматы облысының Қаскелең аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 1-ші Украин майданының 15-ші атқыштар корпусының 8-ші атқыштар дивизиясының 229-шы атқыштар полкы құрамында атқыш, сержант. **9.10.1943. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, **24.11.1944.** 1-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған.

****24. Байжанов Зейтін** (Байжанов Зейтин) 1915 ж. Павлодар облысы, Баянауыл ауданы – 16. 01.1945. Венгрия, Керестур елді мекені. Гвардиялық старшина, мергендер бөлімшесінің командирі. Мерген 287 немісті өлтірген, снайпер атанбай тұрып, талай басқыншы қарсыласын ажал құштырған, жалпы 333 жаудың көзін жойған. 8 рет жараланған. **Кеңес Одағының Батыры атағына 2 рет ұсынылған (26.06.1943. және 14.08.1944.)** екеуінде де берілмей «Қызыл Жұлдыз» (4.07.1943.) және жауынгерлік «Қызыл Ту» (23.10.1944.) ордендерімен шектелген.

25. Баптаев Қалыбек 1921 ж. Жамбыл облысы, Сарысу ауданы – 3.08.1944., Польша, Люблин воеводствасы, Казимеж-Дольны қаласы, Пулавский повят. Ефрейтор. Қызыл Әскер қатарына 1941 жылы Жамбыл облысының, Сарысу аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 3-ші гвардиялық Армияның, 120-шы атқыштар корпусының, 106-шы атқыштар дивизиясының, 362-ші артиллерия полкы құрамында аға барлаушы – бақылаушы. Өлгеннен кейін **12.08.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, **12.10.1944.** 1-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған.

26. Батырбеков Айтжан 1913 ж. Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Айыртау ауылы. Қызыл Әскер қатарына 18.06.1942. Қарағанды облысының Жезқазған қалалық әскери комиссариатынан шақырылған. 4-ші Танк Армиясының 10-шы танк корпусының 62-ші танк бригадасының моторландырылған батальон құрамында атқыш, санитар, қатардағы жауынгер. **2.02.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, **20.02.1945.** жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен марапатталған.

27. Бейімбетов Асанбек (Биимбетов Асамбек) 1925 ж. Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы. Қызыл Әскер қатарына Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам аудандық әскери комиссариатынан алынған. 51-ші Армияның басқарма бастығы резервінің 7-ші жойғыш бригадасының 118 саперлік батальон құрамында сапер. **6.12.1943. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, **14.01.1944.** 1-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған.

28. Бұтбаев Әбдібек (Бутбаев Абдибек) 1912 ж. Алматы облысы, Талдықорған ауданы, Кировск ауылы – 2.01.1944. Украин ССР-і, Винница облысы, Комсомольск ауданы, Гуровец елді мекені. Қызыл Әскер қатарына 1941 жылдың мамырында

Алматы облысының Қаратал аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 107-ші атқыштар дивизиясының 409-дербес танкіге қарсы жойғыш дивизионының танкіге қарсы жойғыш қаруының атқышы (ПТР – противотанковое ружье), қатардағы жауынгер. Өлгеннен кейін **25.03.1943. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, **18.06.1943.** жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен марапатталған.

29. Дайжанов Сергей Биалыұлы 1924 ж. Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы, Алғабас колхозы. Қызыл Әскер қатарына 1942 жылдың қыркүйегінде Батыс Қазақстан облысының Орда аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 6-шы танк Армиясының 9-шы гвардиялық механикаландырылған корпусының 14-ші дербес гвардиялық жеке мотоцикл батальон құрамында, танкіге қарсы қару-жарақ қондырғысының командирі. Гвардиялық сержант. **21.01.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, **23.02.1945.** жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен марапатталған.

30. Данкин Есентай (Данкин Есынтай) 1918 ж. Солтүстік-Қазақстан облысы (Көкшетау) Айыртау ауданы, Бірлестік ауылы. Қызыл Әскер қатарына 1940 жылдың мамырында Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. Оңтүстік-Батыс майданының 40-шы Армиясының 87-ші атқыштар дивизиясының 283-ші атқыштар полкы құрамында минолақтырғыш, қатардағы жауынгер. **28.11.1941. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, **22.02.1942.** жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен марапатталған. Кеңес Одағының Батыры атағына ол қазақ ұлтынан бірінші болып ұсынылған. 1942 жылдың желтоқсанында соғыс алаңында хабарсыз жоғалған.

31. Досанов Кәрім (Дасанов Карим) 1916 ж. Қарағанды облысы, Қарсақбай (Жезқазған) ауданы, Байқоңыр ауылы. Қызыл Әскер қатарына Қарағанды облысы, Жезқазған қалалық әскери комиссариатынан алынған. 1938 жылы Хасан көлінің маңында әскери операциясының қатысушысы, кейіннен Воронеж майданындағы 60-Армияның 129-шы атқыштар бригадасының НКВД-ң ерекше бөлімінің оперативтік уәкілі, кіші лейтенант, содан соң, лейтенант, 226-шы атқыштар дивизиясының 985-ші атқыштар полкінің «СМЕРШ» аға оперативтік уәкілі, аға лейтенант. **1.02.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **10.02.1945.** марапатталған.

32. Дүйсекеев Жақсықали (Дусикеев Жаксигали) 1925 жылы Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы. Қызыл Әскер қатарына 27.01.1943. Батыс Қазақстан облысының, Теректі аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 29-шы гвардиялық мотоатқыштар бригадасының орудия расчетының нысанашысы. **1.02.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **10.02.1945.** марапатталған.

33. Дүйсенов Ұлфат (Дүйсенов Ульфат) 1919 ж. Ақмола облысы, Есіл ауданы, №8 ауыл. Қызыл Әскер қатарына 1941 жылы Солтүстік Қазақ-

стан облысының Октябрь аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 28-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының 92-гвардиялық атқыштар полкында атқыштар взводының взвод командирі, атқыштар ротасының командирі, батальон командирінің саптық орынбасары, гвардиялық капитан. **2.09.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **12.09.1945.** марапатталған.

34. Дүйісов Жұмабек (Дуисов Жұмабек) 1902 ж., Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, № 11 ауыл. Қызыл Әскер қатарына 06.1942. Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті аппаратынан өз еркімен барған. 13-ші Армияның 17-ші гвардиялық атқыштар корпусының 70-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының 203-ші атқыштар полкінің батальон командирінің сап бойынша орынбасары, аға лейтенант. **2.09.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **12.09.1945.** марапатталған.

35. Дүйсебаев Ахмет Керейұлы (Дюсебаев Ахмед Кереевич) 1920 ж. Қостанай облысы. Қызыл Әскер қатарына 10.1941. Қостанай облысының Пешков аудандық әскери комиссариатынан алынған. 172-ші атқыштар дивизиясының 388-ші атқыштар полкі құрамында атқыштар взводының командирінің көмекшісі, аға сержант. **2.09.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **12.09.1945.** марапатталған.

36. Дүйсенбеков Сәді Бейсенұлы (Дюсенбеков Сади Бейсенович) 1922 ж. Гурьев облысы, Жылыой ауданы, Эмба ауылсовет, Жаңатаң колхозы. Қызыл Әскер қатарына 01.1942. Гурьев облысының Жылыой аудандық әскери комиссариатынан алынған. 1-ші Белорус майданының 2-ші гвардиялық танк Армиясының 1-ші мехкорпусының 19-шы механикаландырылған бригадасының танк экипажының көздеушісі, нысанашысы. **7.05.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **30.05.1945.** марапатталған.

37. Епжасаров Зейнет (Ебжесаров Зейнит) 1918 ж. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылы. Қызыл Әскер қатарына Ақтөбе облысының Байғанин аудандық әскери комиссариатынан алынған. 1-ші Украин майданының 47 Армиясының 21-ші атқыштар корпусының 206-шы атқыштар дивизиясының 664-ші жеке байланыс ротасының телефонисі. **23.10.1943. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, **14.01.1944.** 2-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған.

38. Елеусізов Сейітқали 1916 ж., Қарағанды облысы, Тельман ауданы, Ақжар ауылы – 22.03.1944. Украина ССР-і. Қызыл Әскер қатарына Қарағанды облысының Тельман аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 19-шы атқыштар дивизиясының, 315-ші атқыштар полкінің құрамында саперлар взводының командирі, рота командирі, полк инженерлік қызметінің бастығы, аға лейтенант. Өлгеннен кейін **27.03.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, **14.04.1944.** 1-дәрежелі «Отан соғысы»

орденімен марапатталған.

39. Ержанов Орда Ыбырайұлы 15.11.1923. Қызылорда облысы, Қазалы қаласы. Қызыл Әскер қатарына Қызылорда облысының Қазалы аудандық әскери комиссариатынан алынған. 69-шы Армияның 61-ші атқыштар корпусының 1221 артиллерия полкі құрамында өздігінен жүретін СУ(самоходное установка-76) артиллерия қондырғысының командирі, лейтенант. **2.08.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **18.09.1944.** марапатталған.

40. Ерманов Құманғамбай (Ерманов Кумангамбай) 1918 ж., Батыс Қазақстан облысы. Қызыл Әскер қатарына 05.1942. Батыс Қазақстан облысының Шыңғырлау аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 121-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының 337-гвардиялық атқыштар полкі құрамында рота командирі. **2.08.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **18.09.1944.** марапатталған.

41. Есекенов Жансүгір (Исикенов Джансугур) 1898 ж., Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, № 1 ауыл – 28.03.1944. Украин ССР-і, Черновиц облысының, Кельменецк ауданы, Левинцы елді мекенінде жерленген. Қызыл Әскер қатарына 10.02.1943. Ақтөбе облысының Шалқар аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 40-шы Армияның 163-ші атқыштар дивизиясының 159-атқыштар полкі құрамында сапер, қызыләскер. Өлгеннен кейін **31.03.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **11.05.1944.** марапатталған.

42. Есенаманов Қонай (Есеноманов Қонай) 1913 ж., Ақтөбе облысы. Қызыл Әскер қатарына 1941 жылы Ақтөбе облысының Ырғыз аудандық әскери комиссариатынан алынған. 1-ші Украин майданының 3-ші гвардиялық Армияның 120-шы атқыштар корпусының 197-ші атқыштар дивизиясының 828-атқыштар полкі құрамында бөлімше командирі. **26.07.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **20.09.1944.** марапатталған.

43. Есіркепов Байтұрсын (Есеркепов Байтурсын) 1917 ж., Алматы облысы, Талдықорған ауданы, Талдыарық ауылы – 1982 ж. Алматы қаласы. 15-ші әуе Армиясының 5-ші гвардиялық бомбалаушы авиакорпусының 127-ші бомбалаушы авиация полкында ұшқыш, аға ұшқыш, звено командирі, эскадрилья командирінің сап бойынша орынбасары. Қазақ ұшқыштары арасынан сирек кездесетін жайт, 5 түрлі ұшақты ПО-2, Р-5, СБ, ПЕ-2, ПЕ-3 меңгерген, жаудың 29 ұшағын атып түсірген, өзі полкінде үздік ұшқыш болып саналған. **7.06.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **15.07.1944.** марапатталған.

44. Жақсыбаев Құрманғали (Жаксымбаев Курманғали) 1920 ж., Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы. 89-шы атқыштар дивизиясының 526 атқыштар полкі құрамында 3-ші атқыштар батальонындағы 7-ротаның бөлімше командирі, аға

сержант. Қызыл Әскер қатарына 1940 жылдың қараша айында Қарағанды облыстық әскери комиссариатынан алынған. **20.05.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **9.06.1944.** марапатталған.

****45.Жансеріков Құдайберген** (Джансериков Кудайберген) 1914 ж., Алматы облысы, Талғар ауданы, №6 ауыл. Қызыл Әскер қатарына 20.07.1941. Алматы облысының Алматы аудандық әскери комиссариатынан алынған. 69-шы Армияның 25-ші атқыштар корпусының 77-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының 86-шы жеке гвардиялық сапер батальонында сапер. **Кеңес Одағының Батыры атағына 2 рет ұсынылған (13.08.1944. және 22.02.1945.): екеуінде де берілмей, жауынгерлік «Қызыл Ту» (30.09.1944.; 5.04.1945) ордендерімен шектелген.**

46.Жапаров Сабыржан (Джапаров Сабыржан) 1920 ж. Жамбыл облысы, Қордай ауданы – 05.07.1944. оққа ұшты, Украин ССР-і Волин облысы, Ковель ауданы, Белин елді мекенінде жерленген. Орталық бауырластар зираты. Қызыл Әскер қатарына Жамбыл облысы, Қордай (Георгиевка) аудандық әскери комиссариатынан алынған. 1-ші гвардиялық инженер бригадасының саперы. Өлгеннен кейін **8.07.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, **1-дәрежелі «Отан соғысы»** орденімен **1.08.1944.** марапатталған.

47.Жарылқасынов Қабыкен (Жарылгасинов Кабикен) 1920 ж. Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы. Қызыл Әскер қатарына 1940 жылдың қазан айында Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай аудандық әскери комиссариатынан алынған. 3-ші гвардиялық танк Армиясының 121-гвардиялық атқыштар батальонында сапер. **28.01.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **10.03.1945.** марапатталған.

48.Жетпісбаев Балтабек (Джетпыспаев Балтабек) 1907 ж. Семей қаласының әкімшілік аумағына қарасты Мұрат ауылы – 1971 ж., Алматы қаласы. Қызыл Әскер қатарына 1941 жылдың шілде айында екінші рет Алматы қаласындағы Фрунзе аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 8-ші гвардиялық атқыштар дивизиясы 1075 атқыштар полкы құрамында комсомол комитетінің секретары (1941-1942), 213-ші гаубица артиллерия полкы құрамындағы дивизион командирінің саяси орынбасары (1943-1944), 43 миномет бригадасының 13-ші миномет полкы командирінің саяси орынбасары (1944-1945). Гвардиялық майор **23.07.1942. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген.

49.Жиенбаев Үмбетқұл (Джиенбаев Умбеткул) 1923 ж. Жамбыл облысы, Свердлов ауданы. Қызыл Әскер қатарына 10.06.1942. Жамбыл облысының, Жамбыл аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 70-ші Армияның 48-ші инженерлік саперлық бригадасының 239-шы инженерлік саперлық батальоны құрамында сапер, ефрейтор. **23.04.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту»

орденімен **30.04.1945.** марапатталған.

50.Жұмасейітов Әбусейіт (Джумаситов Апсеит) 1916 ж. Қызылорда облысы Сырдария ауданы. Қызыл Әскер қатарына 15.06.1942. Қызылорда қалалық әскери комиссариатынан шақырылған. 72-ші атқыштар корпусының 215-ші атқыштар дивизиясының 618-ші атқыштар полкы құрамында взвод командирінің көмекшісі, гвардиялық аға сержант. **21.08.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, 1-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен **29.08.1944.** марапатталған.

51.Жұматаев Әбілқасым (Джуматаев Абилқасым) 1924 ж. Оңтүстік Қазақстан облысы, Фрунзе ауданы. Қызыл Әскер қатарына 15.09.1942. ОҚО Түркістан аудандық әскери комиссариатынан алынған. 69-шы Армияның 61-ші атқыштар корпусының 134-ші атқыштар дивизиясының 738-ші атқыштар полкінің атқышы, кейіннен 147-ші байланыс батальонының телефонисі. **16.09.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **10.10.1944.** марапатталған.

52.Жүнісов Әбілқайыр (Жунусов Абулхаир) 1923 ж. Павлодар облысы – 14.08.1943. РСФСР, Калуга облысы, Спасск-Демянский ауданы, Буднянский елді мекенінде жерленген. Қызыл Әскер қатарына 1942 жылдың қыркүйек айында Павлодар облысы, Павлодар аудандық әскери комиссариатынан алынған. Өлгеннен кейін **11.09.1943. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, 1-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен **8.10.1943.** марапатталған.

53.Жүргенов Ордабай (Жургенов Ордалбай) 1921 жылы Қызылорда облысында туған – 16.07.1943. Қызыл Әскер қатарына 1941 жылы Қызылорда облысы, Қазалы аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. Белорус майданының 65-ші Армиясының 19-шы атқыштар корпусының 162-ші атқыштар дивизиясының 224-ші атқыштар полкы құрамында атқыш. Өлгеннен кейін **26.09.1943. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, 1-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен **21.12.1943.** марапатталған.

54.Жылқайдаров Зейнел (Жилкайдаров Зайнел) 1912 ж. Семей облысы, Жарма ауданы – 13.02.1945. Германия, жоғарғы Силезия, Полхово елді мекені. Қызыл Әскер қатарына 10.01.1942. Семей облысы Жарма аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 1-ші Украин майданы 13-ші Армиясының 102-ші атқыштар корпусының 121-ші атқыштар дивизиясының 342-ші атқыштар полкі пулемет ротасының пулеметшісі, бөлімше командирі, гвардиялық кіші сержант. Өлгеннен кейін **29.01.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, 3-дәрежелі «Богдан Хмельницкий» орденімен **11.03.1945.** марапатталған.

55.Ибрагимов Сүлеймен Әубәкірұлы (Ибрагимов Сулейман) 23.02.1919. Семей облысы, Үржар ауданы, Қызыл Қазақ ауылы – 02.4.2005. Семей облысы, Мақаншы ауылы. Қызыл Әскер қатарына 15.09.1939. Семей облысының Үржар аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

196-шы танк бригадасының Т-60 танк командирі, 22-ші танк гвардиялық танк бригадасының Т-34 танк командирі, танк взводының командирі, гвардиялық лейтенант. Кеңес Одағының Батыры атағына **15.05.1945.** ұсынылған берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **9.06.1945.** марапатталған. Үш мәрте жауынгерлік «Қызыл Ту» (26.08.1942., 3.11.1942., 9.06.1945.), 1-ші дәрежелі «Отан соғысы (1.10.1945.) және екі рет екінші (12.02.1945., 6.04.1985.) дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен марапатталған.

56.Имантаев Жетпісбай Бәшәтұлы (Имантаев Жетбісбай) 1916 ж. Ақтөбе облысы. Қызыл Әскер қатарына 1939 жылдың қарашасында Ақтөбе облысының Джержинск аудандық әскери комиссариатынан алынған. 3-ші гвардиялық танк Армиясының 9-шы механикаландырылған корпусындағы 91-ші танк бригадасының 2-ші танк батальоны құрамында механик-жүргізуші, сержант. **14.03.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **9.04.1945.** марапатталған.

57.Исаев Владимир Михайлұлы 1919 ж. Ақмола облысы, Атбасар ауданы, Хрящевка елді мекені. 4-ші Украин майданының 2-ші гвардиялық Армиясының 13-атқыштар корпусының, 87-гвардиялық атқыштар дивизиясының, 261-ші гв.атқыштар полкінда взвод, рота командирі, атқыштар батальонында командирдің сап бойынша орынбасары, аға лейтенант. **10.04.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **11.05.1944.** марапатталған.

58.Итбаев Молдахан (Итпаев Мулдахан) 1906 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы. Қызыл Әскер қатарына 1941 жылдың желтоқсанында Алматы облысы, Іле аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 1-ші Белорус майданының, 5-ші Екпінді Армиясының, 9-шы атқыштар корпусының, 230-шы атқыштар дивизиясының, 986-шы атқыштар полкінде, рота командирі. **29.04.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **3.06.1944.** марапатталған.

59.Қабдолов Әбдіхалық (Қабдулов Абдукалик) 1922 ж. Алматы облысы, Қаратал ауданы – 21.07.1944. Латвия ССР-і, Карсавск ауданы, Пустошко елді мекені. 10-шы гвардиялық Армияның 19-шы гвардиялық атқыштар корпусындағы 65-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының 257-ші гвардиялық атқыштар полқы құрамында мерген, гвардиялық сержант **27.06.1943. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, 1-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен **20.07.1943.** марапатталған.

60.Қалиев Сембай Қалиұлы (Калиев Сембай) Павлодар облысы, Лебяжье ауданы, Қызыл-әскер елді мекенінде 1916 ж. туған. Қызыл Әскер қатарына Павлодар облысының Лебяжье аудандық әскери комиссариатынан алынған. 7-ші гвардиялық әуе десант дивизиясының 10-шы гвардиялық әуе-десант артиллерия полкінда зеңбірек командирі, гвардиялық аға сержант. **11.01.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына**

ұсынылған, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **22.02.1945.** марапатталған.

61.Қалиев Қабдәш (Калип Калдуш) 1917 жылы Ақмола облысы, Макин ауданы, 26-шы темір жол айырығы. Қызыл Әскер қатарына 19.06.1941. Ақмола облысының Макин аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 5-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының 21-ші гвардиялық атқыштар полқы құрамында мерген-пулеметші, взвод командирінің көмекшісі, аға сержант. **25.07.1943. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **30.06.1943.** марапатталған.

62.Қаппасов Хайрутдин Қаппасұлы 1914 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Октябрь ауданы, Кеңес ауылы – 3.02.1945., Германия, Ландек қаласы. Қызыл Әскер қатарына Солтүстік Қазақстан облысы Петропавловск қалалық әскери комиссариатынан шақырылған. 1-ші Белорус майданының 2-гвардиялық кавалерия корпусындағы 3-ші гвардиялық кавалерия дивизиясының 10-шы кавалерия полкі құрамында қылышшылар взводының командирі, гвардиялық аға лейтенант. Өлгеннен кейін **22.03.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, 1-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен **4.05.1945.** марапатталған.

63.Қарақұлов Тілепберген Қарақұлұлы (Қаракулов Тлепберген) 1922 жылы Батыс Қазақстан облысы. Қызыл Әскер қатарына Батыс Қазақстан облысының Чапаев аудандық әскери комиссариатынан алынған. 1-ші Белорус майданының, 347-ші гвардиялық ауыр өздігінен жүретін артиллерия полқы құрамында ИСУ-122 командирі, гвардиялық лейтенант. **5.05.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **30.05.1945.** марапатталған.

64.Қараманов Рахметолла (Караманов Рахметула) 1909 жылы Гурьев облысы, Жылыой ауданы, Құлсары елді мекені. Қызыл Әскер қатарына 1942 жылдың желтоқсанында Гурьев облысының Жылыой аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 266-шы атқыштар дивизиясының 1008-ші атқыштар полкі құрамында атқыштар батальонының парторгы, аға лейтенант. **29.04.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **31.05.1945.** марапатталған.

65.Қарғұлин Әбдірахман Мұхаметжанұлы (Каргулин Абдурахман) 1911 ж. Жамбыл облысы. Қызыл Әскер қатарына Жамбыл облысы Жамбыл аудандық әскери комиссариатынан алынған. 219-шы атқыштар дивизиясының 710-шы атқыштар полкі құрамында 2-ші атқыштар батальонында санитарлық нұсқаушы. **10.08.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **22.08.1944.** марапатталған.

66.Қасенов Сұлтан (Касенов Султан) 1924 жылы Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы. Қызыл Әскер қатарына 1942 жылы Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 2-ші Украин майданының

37-ші Армиясындағы 62-ші гвардиялық атқыштар дивизиясы 186-шы гвардиялық атқыштар полкы құрамында танкіге қарсы қарудың мылтықшысы, бөлімше командирі, гвардиялық сержант. **29.09.1943. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, 2-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен **11.11.1943.** марапатталған.

67. Қасымов Аманжол Жолдығалиұлы (Касимов Аманжол Джолдығалиевич) 1920 жылы Батыс Қазақстан облысында туған. Қызыл Әскер қатарына 1940 жылы Башқұрт АССР-і Стерлибаш аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 1-ші Украин майданының Резерв Басқарма басшылығындағы 6-шы қалқыма (понтонный) көпір бригадасының понтоншысы, саперы, қызыләскер. **29.08.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **30.10.1944.** марапатталған.

68. Қасымбеков Әлібек (Кассимбеков Алибек) 1920 жылы Алматы облысы. Қызыл Әскер қатарына 09.1941. Алматы қаласының Фрунзе аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 64-ші атқыштар корпусының 73-ші гвардиялық атқыштар дивизиясындағы 209-шы гвардиялық атқыштар полкы құрамында пулеметшілер тобының командирі. **21.04.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **26.05.1945.** марапатталған.

69. Қасымов Мұрат (Касимов Мурат) 1918 жылы Қарағанды облысы. Қызыл Әскер қатарына 5.07.1939. Алматы облысының Іле аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 1-ші Украин майданының 13-Армиясындағы 30-шы миномет бригадасының 191-ші миномет полкы құрамында, миналақтырғыш нысанашы. **3.02.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **19.03.1945.** марапатталған.

70. Қашқынов Исағали (Кавшкенов Исағали) 1914 жылы Алматы облысы Сарқанд елді мекені. Қызыл Әскер қатарына 10.1941. Талдықорған облысының Бөрлітөбе аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 3-ші Украин майданының 46-шы Армиясының 37-ші атқыштар корпусындағы 108-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының 311-ші гвардиялық атқыштар полкы құрамында атқыш, бөлімше командирі, гвардиялық сержант. **15.12.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **11.01.1945.** марапатталған.

71. Қиясов Жұмалы Жақияұлы (Киясов Жумалы Джекиевич) 1925 жылы Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы. Қызыл Әскер қатарына Батыс Қазақстан облысы Теректі аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 4-ші танк Армиясының 10-шы гвардиялық ерікті танк корпусы 29-шы мотоатқыштар бригадасындағы артбатарейда нысанашы, ефрейтор. **1.02.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, 1-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен **5.03.1945.** марапатталған.

72. Қозыбаев Бейсенбек (Козыбаев Бейсембек) 1912 жылы Семей облысы, Көкпекті ауданы –

25.04.1944. Украин ССР-і. Қызыл Әскер қатарына 1931 жылы Семей облысының Көкпекті аудандық әскери комиссариатынан алынған. 3-ші Украин майданының 57-ші Армиясы 64-ші атқыштар корпусындағы 52-ші атқыштар дивизиясының 429-шы атқыштар полкі құрамында рота командирі. Аға лейтенант. Өлгеннен кейін **27.03.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **30.04.1944.** марапатталған.

73. Қойшыбаев Мұхтар Қойшыбайұлы (Куйшибаев Мухтар) 1925 ж. Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы, Новопетровка елді мекені. Қызыл Әскер қатарына 25.01.1943. Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық әскери комиссариатынан алынған. 77-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының 218-ші гвардиялық атқыштар полкі құрамында пулемет командирі, гвардиялық аға сержант. **27.03.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **30.04.1944.** марапатталған.

74. Қошқарбаев Рақымжан (Кошкарбаев Рақымжан) 19.10.1924. бұрынғы Ақмола облысы, Целиноград ауданы, қазіргі Астана қаласының іргесіндегі Тайтөбе ауылында дүниеге келді – 10.08.1988. Алматы қаласы. Қызыл Әскер қатарына 1942 жылдың қыркүйегінде Ақмола облысы Ақмола аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 1944 жылы мамыр айында Фрунзе қаласындағы жаяу әскер училищесін лейтенант шенімен бітіріп, 4 ай Аягөз қаласындағы қайта дайындау (переподготовка) курсынан өтіп, 1944 жылдың күзінде соғысқа аттанған. 1-ші Белорус майданының 3-ші Екпінді Армиясы 79-шы атқыштар корпусындағы 150-ші атқыштар дивизиясы 674-ші атқыштар полкы құрамында взвод командирі. 30.04.1945. Рейхстагтың кіре берісіндегі орталық есігінің маңдайшасына (фронтон) Григорий Болатовпен бірге Қызыл Ту тікті. **06.05.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **18.06.1945.** марапатталған. ҚР Президентінің жарлығымен Р.Қошқарбаевқа «Халық Қаһарманы» атағы берілді (07.09.1999.).

75. Қуанышбаев Есмұқат (Куваншбаев Исмухат) 1918 ж. Қостанай облысы, Жетіғара ауданы, Любовка елді мекені – 21.11.1944. Қызыл Әскер қатарына Украин ССР-і Одесса облысындағы Полевой аудандық әскери комиссариатынан алынған. 53-ші Армияның 57-ші атқыштар корпусы 228-ші атқыштар дивизиясындағы 795-ші атқыштар полкі құрамында пулеметші, қатардағы жауынгер. Өлгеннен кейін **31.10.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **31.12.1944.** марапатталған.

76. Көбеков Әлеукеш Қорғанбекұлы (Кубеков Алеукис) 1923 жылы Ырғыз ауданы Коминтерн ауылында дүниеге келген – 1974 жылы Ақтөбе облысы, Ырғыз елді мекені. Қызыл Әскер қатарына Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 1-ші Беларус майданының Басқарма бастығының резервіндегі 65-

ші Армияның 3-ші жеке гвардиялық танкіге қарсы бригадасының 280-ші танкі жойғыш артиллерия полкінде аға телефонист, минометшілер тобының барлаушысы. **10.07.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «**Қызыл Ту**» орденімен **21.07.1944.** марапатталған.

77.Құдакелдинов Қоңырбай (Кудагельдинов Котурбай) 1909 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Киров ауданы, Белоусовка елді мекені. Қызыл Әскер қатарына 04.1942. Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 5-ші Екпінді Армиясының 9-шы атқыштар корпусындағы 301-ші атқыштар дивизиясының 1050 атқыштар полкы құрамында рота командирі, капитан. **10.03.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «**Қызыл Ту**» орденімен **13.04.1944.** марапатталған.

****78. Көктаев Қабыш** (Куктаев Кабыш) 1922 жылы Павлодар облысы Ертіс ауданы Қызыл Жұлдыз ауылында дүниеге келген – 20.04.1945. Германия, Зорау қаласы. Қызыл Әскер қатарына 1942 жылдың қаңтарында Павлодар облысының Ертіс аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 280-ші атқыштар дивизиясының 1033-ші атқыштар полкы құрамында рота командирі. Екі мәрте **Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған (9.08.1944. және 4.02.1945.),** екеуінде де берілмей, «**Ленин**» (**23.09.1944.**) және жауынгерлік «**Қызыл Ту**» (**14.02.1945.**) ордендерімен марапатталған.

79.Құрманғазиев Құрманбай (Курмангазиев Курманбай) 1920 жылы Гурьев облысы, Форт-Шевченко ауданы, Қарақұм елді мекені – 23.03.1945., Германия. Қызыл Әскер қатарына 20.08.1942. Гурьев облысының Форт-Шевченко аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 77-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының 218-ші гвардиялық атқыштар полкы құрамында бөлімше командирі, гвардиялық кіші сержант. **9.02.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «**Қызыл Ту**» орденімен **23.03.1945.** марапатталған.

80.Құсайынов Закария (Кусаинов Закарья) 1918 жылы Гурьев облысы, Қорғалжын ауданы – 30.03.1944. Украин ССР-і. Қызыл Әскер қатарына 1941 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Советский аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 2-ші Украин майданының 27-ші Армиясындағы 78-ші атқыштар дивизиясының 464 атқыштар полкы құрамында атқыш. **3.04.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, 1-дәрежелі «**Отан соғысы**» орденімен **22.04.1945.** марапатталған.

81.Құсайынов Төлеу (Кусаинов Тулеу) 1916 жылы Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы – 30.03.1944. Украин ССР-і. Қызыл Әскер қатарына 1939 жылы Ақмола облысының Қорғалжын аудандық әскери комиссариатынан алынған. 25-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының 81-ші гвардиялық атқыштар полкы құрамында рота командирі, кіші лейтенант. Өлгеннен кейін **18.04.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, 1-дәрежелі «**Отан со-**

ғысы» орденімен **7.05.1944.** марапатталған.

82.Құскенов Қабдолла (Қускенов Кабдулла) 1923 жылы Ақмола облысы. Қызыл Әскер қатарына 6.04.1942 жылы Ақмола облысының Макин аудандық әскери комиссариатынан алынған. 79-шы атқыштар корпусының 150-шы гвардиялық атқыштар дивизиясының 756-ші гвардиялық атқыштар полкы құрамында взвод командирі, кіші лейтенант. **30.04.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «**Қызыл Ту**» орденімен **19.05.1945.** марапатталған.

83.Мадияров Мұхамеди (Мадьяров Мухамеди) 1906 жылы Семей облысы, Көкпекті ауылы. Қызыл Әскер қатарына 1942 жылдың желтоқсанында Семей облысының Көкпекті аудандық әскери комиссариатынан алынған. 5-ші гвардиялық Армияның 34-ші гвардиялық атқыштар корпусындағы 15-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының 47-ші гвардиялық атқыштар полкы құрамында взвод командирі, лейтенант. **25.01.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «**Қызыл Ту**» орденімен **16.02.1945.** марапатталған.

84.Маматалиев Сұлтан (Маматалиев Султан) 1924 жылы Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы. Қызыл Әскер қатарына 10.12.1942. Жамбыл облысының Жамбыл аудандық әскери комиссариатынан алынған. 110-шы атқыштар дивизиясының 1287-ші атқыштар полкы құрамында бөлімше командирі. **12.04.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «**Қызыл Ту**» орденімен **3.05.1945.** марапатталған.

85.Машрапов Мазан 1925 ж. Ақмола облысы, Еркіншілік ауданы, Ортақшыл елді мекені. Қызыл Әскер қатарына 1942 ж. қаңтарында Ақмола облысының Еркіншілік аудандық әскери комиссариатынан алынған. 247-шы атқыштар дивизиясының 920-шы атқыштар полкы құрамында танкіге қарсы құрылғының (ПТР) атушысы, сержант. **16.09.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, «**Ленин**» орденімен **24.03.1945.** марапатталған.

86.Меңдіғалиев Аманша Жұмашұлы 1918 жылы Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы, Сайхин селолық ауылсоветі. Қызыл Әскер қатарына 1941 жылы Батыс Қазақстан облысының Орда аудандық әскери комиссариатынан алынған. 1-танк Армиясының 362-ші өздігінен жүретін артиллерия полкы құрамындағы СУ-76 батареясының командирі, гвардиялық кіші лейтенант. **30.04.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «**Қызыл Ту**» орденімен **2.06.1945.** марапатталған.

87.Мұқанов Есқали (Искалий) 1923 жылы Батыс Қазақстан облысы, Казталовка ауданы, Бірлік ауылы. Қызыл Әскер қатарына 1941 жылы шілде айынан Батыс Қазақстан облысының Орал қалалық әскери комиссариатынан алынған. 22-ші гвардиялық мотоатқыштар бригадасының миномет батальоны құрамындағы миномет взводының командирі, гвардиялық аға лейтенант. **15.08.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «**Қызыл Ту**» орденімен

28.10.1944. марапатталған.

88.Мұқатаев Михаил 1920 жылы Ақмола облысы. Қызыл Әскер қатарына 1940 жылдың қазан айында Ақмола облысының Еңбекшілдер аудандық әскери комиссариатынан аттанған. 68-ші зениттік артиллерия дивизиясының 1999-шы зениттік артиллерия полкы құрамында зеңбірекшілер взводының командирі, лейтенант. **29.01.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, 1-дәрежелі «**Отан соғысы**» орденімен **28.02.1945.** марапатталған.

89.Мұқашев Зайден 1924 жыл Солтүстік Қазақстан облысы, Коммунизм колхозы. Қызыл Әскер қатарына 1941 ж. желтоқсанында Солтүстік Қазақстан облысының әскери комиссариатынан алынған. 322-ші атқыштар дивизиясының 1089-шы атқыштар полкы құрамында атқыштар взводы командирінің көмекшісі, сержант. **1.10.1943. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «**Қызыл Ту**» орденімен **12.10.1943.** марапатталған.

90.Мұқсымов Ғайнен (Муксимов Ғайне) 1917 жылы Батыс Қазақстан облысы Тайпақ ауданы Кониовоз ауылы – 7.02.1945. Германия. Қызыл Әскер қатарына 1939 жылы Батыс Қазақстан облысының Тайпақ аудандық әскери комиссариатынан алынған. 33-ші гвардиялық моторландырылған атқыштар бригадасының құрамында 7-ші атқыштар ротасының командирі, гвардиялық кіші лейтенант. **27.01.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, 1-ші дәрежелі «**Отан соғысы**» орденімен **24.02.1945.** марапатталған.

91.Мұсабаев Шахуалы Қалимолдаұлы (Мусабаев Шахуали Галимулинович) 1918 жылы Алматы облысында туған. Қызыл Әскер қатарына 03.1942. Алматы облысының Алматы аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 1-ші Украин майданының 1-ші Танк Армиясындағы 8-механикаландырылған корпусының 21-ші механикаландырылған бригадасының құрамында взвод, кейіннен рота командирі. **8.08.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, «**Александр Невский**» орденімен **23.08.1944.** марапатталған.

92.Наурызбаев Пірімжар Баймаханұлы (Наурузбаев Примжар) 1925 жылы Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Новоказалинск елді мекені – 29.04.1945. Германия, Бранденбург провинциясы, Ленденбург қаласы. Қызыл Әскер қатарына 5.09.1943. Қызылорда облысының Қазалы аудандық әскер комиссариатынан шақырылған. Кіші лейтенанттар курсы бітірген. 33-ші атқыштар дивизиясының 82-ші атқыштар полкы құрамында атқыштар взводының командирі, кіші лейтенант. Өлгеннен кейін **23.04.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «**Қызыл Ту**» орденімен **3.06.1945.** марапатталған.

93.Ниязәлиев Шәмет Шәуіпұлы (Неязалиев Шамет) 1924 жылы Батыс Қазақстан облысы, Каменск елді мекені. Қызыл Әскер қатарына 10.01.1942. Батыс Қазақстан облысының Каменск аудандық әскер комиссариатынан шақырылған.

Кіші лейтенанттар курсы бітірген. 274-ші атқыштар дивизиясының 961-ші атқыштар полкы құрамында атқыштар взводының командирі, кіші лейтенант. **6.02.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, Екі мәрте жауынгерлік «**Қызыл Ту**» орденімен (**9.03.1945., 30.05.1945.**) марапатталған.

94.Нұранов Владимир Далабайұлы (Нұранов Владимир) 1924 жылы Семей облысы, Абай ауданы, Қарауыл елді мекені. Қызыл Әскер қатарына 10.10.1942. Семей облысының Абай аудандық әскер комиссариатынан шақырылған. 51-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының, 156-ші гвардиялық атқыштар полкы құрамында танкіге қарсы дивизионның мылтықшысы, гвардиялық аға сержант. **27.06.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген. 16.07.1944. жауынгерлік «**Қызыл Ту**», 1.08.1986. 1-ші дәрежелі «**Отан соғысы**», 13.12.1944 «**Қызыл Жұлдыз**» ордендерімен марапатталған.

95.Нұрбаев Қуанышбек Нұрбайұлы (Нурбаев Қуанышбек) 1915 жылы Ақмола облысы, Атбасар ауданы, Талдыкөл елді мекені. Қызыл Әскер қатарына 10.02.1940. Ақмола облысының Молотов аудандық әскер комиссариатынан шақырылған. 38-ші гвардиялық артиллерия бригадасы құрамында байланыс бөлімшесінің командирі, гвардиялық аға сержант. **20.04.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, «**Ленин**» орденімен **31.05.1945.** марапатталған.

96.Нұржанов Намкен (Нуржанов Намкен) 1924 жылы Батыс Қазақстан облысы, Казталовка ауданы, Пусатовск елді мекені. Қызыл Әскер қатарына 10.06.1942. Батыс Қазақстан облысының Казталовка аудандық әскер комиссариатынан шақырылған. 94-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының 283-ші гвардиялық атқыштар полкы құрамында взвод командирінің көмекшісі, гвардиялық аға сержант, старшина. **30.04.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «**Қызыл Ту**» орденімен **26.05.1945.** марапатталған.

****97. Нұрмағамбетов Сағадат Қожахметұлы** (Нурмағамбетов Сағадат) 25.05.1924. Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, Қосым ауылы – 24.09.1913. Алматы қаласы. **Кеңес Одағының Батыры 27.02.1945.** Екінші мәрте 8.05.1945. **Кеңес Одағының Батыры** атағына ұсынылған, берілмеген, жауынгерлік «**Қызыл Ту**» 31.05.1945. орденімен шектелген.

Әскери қайраткер, армия генералы (05.05.1993). Кеңес әскері қатарына 1942 жылдың тамызында шақырылған. 1943 ж. сәуірде Кушка қаласындағы (Түркіменстан, Мары облысы) Түркістан пулемет училищесін бітіргеннен кейін майданға жіберілді. Ұлы Отан соғысы жылдары Солтүстік Кавказ, 4-Украина және 1-Беларусь майдандарында взвод, рота және батальон басқарды. 1945 жылы 14 қаңтарда 301-атқыштар дивизиясы 1052-атқыштар полкі құрамындағы капитан Нұрмағамбетовтың пулемет ротасы Польша жеріндегі Пилица өзенінің сол жағалауындағы плацдарм үшін болған ұрыста ерекше ерлік көрсетті. Атқыштар ротасы мен Нұрмағамбетовтың пулеметшілері өзеннен

өтіп, жау шабулын тойтарды. Нұрмағамбетовтың “Максим” пулеметінен дәл көздеп атқан оғы жаудың 65 әскері мен офицерін жойды. Пулеметшілер жаудың 12 атыс ұясын талқандап, 120 әскерін жер жастандырды. Пилица өзенінің сол жағалауындағы плацдарм қолдан шығарылмады. Осы ұрыстардағы ерлігі мен батылдығы үшін Нұрмағамбетовке КСРО Жоғарғы Кеңес Төралқасының Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді (27.02.1945). 1949 жылы Мәскеу Әскери академиясын бітіріп, Түркістан әскери округі штабында қызметін жалғастырды. 1954-58 жылы мотоатқыштар полкінің командирі, 1958-61 жылы мотоатқыштар дивизиясының штаб бастығы, 1962 - 1969 жылы Қазақ КСР Азаматтық қорғаныс штабының бастығы, 1969 - 1989 жылы Орта Азия әскери округі қолбасшысының орынбасары, Оңтүстік әскери тобы қолбасшысының 1-орынбасары, 1991 - 1992 жылы ҚР Мемлекет Қорғаныс комитетінің төрағасы, 1992 - 1995 ж. Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі, 1995 – 1996 жылы ҚР Президентінің кеңесшісі қызметтерін атқарды. Нұрмағамбетов Қазақстанның тәуелсіздік алған алғашқы жылдарында аумақтық тұтастықты қамтамасыз етуде, Республиканың Қарулы Күштерін құруда, ұлттық мамандарды даярлауда үлкен еңбек сіңірді. ҚР Президентінің Жарлығымен Халық Қаһарманы атағы берілді (23.05.1994). 2009 жылдың шілдесінде ҚР Үкіметі жанынан құрылған Ұлы Жеңістің 65 жылдық мерекесін тойлау комиссиясының құрамына кірді. Нұрмағамбетов Алматы, Астана, Донецк (Украина) қалаларының, Ақмола облысы Ақкөл ауданының құрметті азаматы. **Ленин, Қызыл Ту, 1-және 2-дәрежелі Отан соғысы, 2 рет “Қызыл Жұлдыз”, “Құрмет Белгісі”, Қазан революциясы, 2 рет Еңбек Қызыл Ту, т.б. көптеген отандық және шетел ордендерімен, медальдармен марапатталған.**

98.Оспанов Қайыржан (Оспанов Каирждан) 1909 жылы Павлодар облысы. Қызыл Әскер қатарына 15.04.1943. Павлодар облысының Максим Горький аудандық әскери комиссариатынан алынған. 14-ші гвардиялық кавалерия дивизиясының, 56-шы гвардиялық кавалерия полкі құрамында танкіге қарсы құрылғының (ПТР) атушысы. **11.10.1943. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік **«Қызыл Ту»** орденімен **26.05.1943.** марапатталған.

99.Отарбаев Ниязбай (Утурбаев Ниязбай) 1921 жылы Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Перелюбовка елді мекені. Қызыл Әскер қатарына 11.12.1941. Ақтөбе облысының Жұрын аудандық әскери комиссариатынан алынған. 60-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының 180-ші гвардиялық атқыштар полкі құрамында миномет командирі, гвардиялық аға сержант. **29.04.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік **«Қызыл Ту»** орденімен **21.05.1945.** марапатталған.

100.Рамазанов Тошан (Рамазанов Ташан) 1910 жылы Жамбыл облысы. Қызыл Әскер қатарына 1942 жылдың Жамбыл аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 337-ші атқыштар дивизиясының 1129-шы атқыштар пол-

кі құрамында 45 мм. зеңбіректі батареяның командирі, аға лейтенант. **29.04.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік **«Қызыл Ту»** орденімен **21.05.1945.** марапатталған.

101.Рамазанов Шабай (Ромазанов Шабай) 1918 жылы Солтүстік Қазақстан облысы. Қызыл Әскер қатарына 1938 жылдың қазанында Солтүстік Қазақстан облысының Приишимск аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 39-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының 117-шы атқыштар полкі құрамында атқыштар взводының командирі, гвардиялық лейтенант. **7.05.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік **«Қызыл Ту»** орденімен **16.06.1945.** марапатталған.

102.Рахметқалиев Камал 1900 жылы Гурьев облысы, Бақсай ауданы. Қызыл Әскер қатарына 1.08.1942. Гурьев облысының, Гурьев аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 134-ші атқыштар дивизиясының, 738-ші атқыштар полкі құрамында санитарлық нұсқаушы, аға сержант. **06.09.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік **«Қызыл Ту»** орденімен **10.10.1944.** марапатталған.

103.Рахметов Жұмаш (Рахметов Жумаш) 1919 жылы Қарағанды облысы, Қарсақбай ауданының, № 6 ауылында дүниеге келген – 24.12.1942. Калинин майданы. Қызыл Әскер қатарына 1939 жылы Қарағанды облысының Қарсақбай аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 1941 жылы Сызрань танк училищесін бітірген, 2-ші Балтық майданының 22-ші Армиясының 3-ші механикаландырылған корпусындағы 1-ші танк бригадасының Т-34 танк взводы, сосын рота командирі, лейтенант, аға лейтенант. Өлгеннен кейін **13.01.1943. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, 1-дәрежелі **«Отан соғысы»** орденімен **8.02.1944.** марапатталған.

104.Рүстембеков Сәрсенбай (Рустамбеков Сарсембай) 1922 жылы Қарағанды облысы, Тельман ауданы, Елтай ауылы – 24.08.1944. Эстония, Вируск уезі, Преди хуторы. Қызыл Әскер қатарына 1941 жылдың желтоқсанында Қарағанды қалалық әскери комиссариатынан шақырылған. 123-ші атқыштар дивизиясының 272-ші атқыштар полкі құрамында бөлімше командирі, 245-ші атқыштар полкінде взвод командирі, кіші лейтенант. **12.03.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, 1-дәрежелі **«Отан соғысы»** орденімен **5.04.1944.** марапатталған.

105.Сәбеков Оспан 1918 жылы Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Егіндібұлақ ауылында туған – 6.10.1994. Семей қаласы. Қызыл Әскер қатарына Семей қалалық әскери комиссариатынан шақырылған. 2-ші Украин майданының 38-шы Армиясының 51-ші атқыштар корпусындағы 240-атқыштар дивизиясының 931-ші атқыштар полкі автомат ротасының атқышы, сержант. **15.11.1943. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, 3-дәрежелі **«Даңқ»** орденімен **14.12.1943.** марапатталған.

106.Сағаділов Әбіш (Сагадилов Абиш) 1917

жылы Павлодар облысы, Баянауыл ауданы. Қызыл Әскер қатарына 1937 жылдың қазанында Алматы қалалық әскери комиссариатынан алынған. 245-ші атқыштар дивизиясының 24 дербес ерекше құрылған шабуылдаушы топ атқыштар батальоны құрамындағы рота командирі, аға лейтенант, капитан. Капитан Сағаділовтың ротасы жаудың 600-ден астам солдат, офицерлерін, 47 автомашинасын, 2 танкісін, 5 танкеткасын жойып жіберіп, 2 майорын, 1 подполковнигін қолға түсірген. Жеке өзі дұшпанның 27 солдатын, 3 офицерін жер жастандырып, 2 танкеткасын, 3 автомашинасын өртеп, Подгужи темір жолын басып алған. Осы ерекше ерлік көрсеткені үшін **22.01.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **4.02.1945.** марапатталған.

107.Сағиндықов Әбек (Сагандыков Абек) 1925 жылы Қостанай облысы, Таран ауданы, Қызылжар елді мекені. Қызыл Әскер қатарына Қостанай облысының Таран аудандық әскери комиссариатынан 1943 жылы шақырылған. 197-ші атқыштар дивизиясының 828-ші атқыштар полкы құрамында атқыш-сапер. **28.08.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **6.10.1944.** марапатталған.

****108. Сағиндықов Мінайқұл** (Сагиндықов Мнайқұл) 1906 жылы Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарақастек ауылы. Қызыл Әскер қатарына 14.11.1942. Алматы облысының Алакөл аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 136-шы атқыштар дивизиясының 42-дербес саперлар батальонында бөлімше командирі. **Кеңес Одағының Батыры атағына 2 рет ұсынылған (8.08.1944. және 31.03.1945.),** екеуінде де берілмей, жауынгерлік «Қызыл Ту» (8.09.1944; 5.05.1945) орденімен шектелген.

109. Сәдуов Хамит 1915 жылы Қарағанды облысы. Қызыл Әскер қатарына 07.1941. жылы Қарағанды облысының, Ақмола аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 3-ші Украин майданының 57-ші Армиясының 64-ші атқыштар корпусындағы 19-шы атқыштар дивизиясының 315-ші атқыштар полкы құрамында рота командирі. **12.03.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, 1-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен **5.04.1944.** марапатталған.

110. Саидов Хайдар 1922 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы, Қарабұлақ ауылы. Қызыл Әскер қатарына 1.01.1942. Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 33-ші атқыштар дивизиясының 82-ші атқыштар полкінің пулемет расчетының командирі, аға сержант. **23.04.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **3.06.1945.** марапатталған.

111.Садықов Ахметбек 1924 жылы Алматы облысы, Дзержинский ауданы, Қарабұлақ ауылы, Елтай ауылсоветі – 17.01.1944. Украина ССР-і, Винницкая облысы, Липовецкий ауданы, Лятское елді мекені. Қызыл Әскер қатарына 1942 жылы Алматы облысының Андреевка аудандық

әскери комиссариатынан алынған. 1-ші Украин майданының 1-ші Танк Армиясының 27-ші гвардиялық мотоатқыштар бригадасының танкіге қарсы қаруының нысанашысы, гвардиялық сержант. **31.01.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, 1 дәрежелі «Отан соғысы» орденімен **5.03.1944.** марапатталған.

112.Сақбаев Тәпекті (Сакбаев Тепектин) 1925 ж. Алматы облысы. Қызыл Әскер қатарына 1943 жылы Алматы облысының, Лепсі аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 370-ші атқыштар дивизиясының, 1232 атқыштар полкы құрамында барлаушы, сержант. **3.08.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **10.10.1944.** марапатталған.

113.Сақымназаров Нұрмұхамбет (Сакимназаров Нурмухамбет) 1915 жылы Ақтөбе облысы. Қызыл Әскер қатарына 1941 жылы Алматы қалалық әскери комиссариатынан алынған. 204-ші атқыштар дивизиясының, 730-ші атқыштар полкы құрамында, взвод командирі, кейіннен 15-ші атқыштар дивизиясының, 44-шы гвардиялық атқыштар полкы құрамында рота командирі, аға лейтенант. **9.04.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, 1-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен **8.05.1944.** марапатталған.

114.Сәлиев Әбжай Рушанұлы (Салиев Абжай Рушанович) 1916 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданы, Өлеңті ауылы. Қызыл Әскер қатарына Батыс Қазақстан облысының, Каменск аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 9-шы гвардиялық кавалерия дивизиясының, 151 танк полкы құрамында, танк командирі. **7.08.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **27.08.1944.** марапатталған.

115.Сәтов Ернияз (Сятов Ернияз) 1918 жылы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жалағаш ауылында туған – 29.03.1945. Германия, Бранденбург провинциясы, Цондорф елді мекені. Қызыл Әскер қатарына Қызылорда облысының, Жалағаш аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 416-шы атқыштар дивизиясының, 1368 полкы құрамында бөлімше командирі, аға сержант. **19.03.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **4.05.1945.** марапатталған.

116.Сапаев Жұбан (Сапаев Джубан) 1922 жылы Батыс Қазақстан облысы, Чапаев ауданы. Қызыл Әскер қатарына Батыс Қазақстан облысының, Чапаев аудандық әскери комиссариатынан алынған. 1-ші Белорус майданының, 11-ші гвардиялық Армияның, 11 гвардиялық атқыштар дивизиясының, 40-шы атқыштар полкі құрамында, станокты пулеметтің командирі, аға сержант. **17.07.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, 1-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен **15.09.1944.** марапатталған.

117.Сарбасов Мұхамбетқали (Сарбасов Мухамбетқали) 1924 жылы Ақтөбе облысы. Қызыл Әскер қатарына 1942 жылдың сәуірінде Ақтөбе облысының Қарабұтақ аудандық әскери

комиссариатынан шақырылған. 5-ші танк Армиясының, 201-дербес жеңіл артиллерия бригадасының, 1619 жеңіл артиллерия полкі құрамында, зеңбірекшісі, қызыләскер. **13.10.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **21.02.1945.** марапатталған.

118.Сармысов Әбдірахман (Сармисов Абдрахман) 1914 жылы Ақтөбе облысы, Темір ауданы. Қызыл Әскер қатарына 2.01.1942. Ақтөбе облысының, Новороссийск аудандық әскери комиссариатынан алынған. 19-шы атқыштар дивизиясының, 32-ші атқыштар полкі құрамында бөлімше командирі. **10.01.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **8.04.1945.** марапатталған.

119.Сәрсеев Тәшен (Сарсеев Ташен) 1912 жылы Алматы облысы, Іле ауданы, № 3 ауыл. Қызыл Әскер қатарына 2.12.1939. Алматы облысының Жамбыл аудандық әскери комиссариатынан алынған. 133-шы атқыштар дивизиясының, 681-ші атқыштар полкі құрамында санитарлық нұсқаушы, кейіннен 18 гвардиялық атқыштар дивизиясының, 53-ші атқыштар полкі құрамында санитарлық взвод командирі, медицина қызметінің аға лейтенанты. **25.12.1941. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, «Ленин» орденімен **22.03.1942.** марапатталған.

120.Сәрсекеев Ғаділбек (Сарсекеев Гадылбек) 1908 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы. Қызыл Әскер қатарына 30.1.1942. Шығыс Қазақстан облысының Зайсан аудандық әскери комиссариатынан алынған. 57-шы атқыштар дивизиясының 170-ші атқыштар полкі құрамында взвод командирі, гвардиялық лейтенант. **2.08.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, «Ленин» орденімен **24.03.1945.** марапатталған.

121.Сейітқазинов Қанапия (Сеитказинов Канәпия) 1920 жылы Семей облысы, Жарма ауданы, № 10 ауыл – 10.03.1945. Польша, Катовице воеводствасы, Цекшинский повіт, Голясовице елді мекені. Қызыл Әскер қатарына 30.06.1941. Шығыс Қазақстан облысының Киров аудандық әскери комиссариатынан алынған. 81-ші атқыштар дивизиясының 410-шы атқыштар полкінде батальон командирінің сап бойынша орынбасары, капитан. **9.09.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **17.11.1944.** марапатталған.

122.Сүлейменов Ыбырайым (Сулейменов Ибраим) 1911 жылы Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы – 15.10.1943. Калинин облысы Невель қаласы. Қызыл Әскер қатарына Жамбыл облысы, Жамбыл аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 100-ші атқыштар бригадасында мерген-бақылаушы, старшина. **9.07.1943. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, «Ленин» орденімен **4.06.1944.** марапатталған. Президент Қ.Тоқаевтың жарлығымен **4.05.2022.** «Алтынжұлдыз», «Отан» орденімен марапатталып, «Халық қаһарманы» атағы берілді.

123.Сұлтанов Әли (Султанов Алий) 1904

Алматы облысы. Қызыл Әскер қатарына Алматы облысы, Кичинск аудандық әскери комиссариатынан алынған. 96-шы атқыштар дивизиясының 331-ші атқыштар құрамында атқыш, кіші сержант. **8.02.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, «Жауынгерлік Қызыл Ту» орденімен **17.02.1944.** марапатталған.

124.Сүйебаев Исатай Шахатұлы (Сююбаев Исатай) 1913 жылы Гурьев облысы, Манғыстау ауданы, №18 ауыл – 16.09.1947. Астрахань облысы, Володар ауданы. Қызыл Әскер қатарына Гурьев облысының Шевченко аудандық әскери комиссариатынан алынған. 293 атқыштар дивизиясының, 1036 атқыштар полкі құрамында атқыш. **21.11.1942. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, «Ленин» орденімен **14.02.1943.** марапатталған.

125.Тасыбаев Байзолла (Тасибаев Байзула) 1922 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Чкалов ауданы, Қарғалы ауылы – 8.10.1943. Қызыл Әскер қатарына 4.01.1942. Солтүстік Қазақстан облысының Красноармейск аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. Бұрынғы 29-атқыштар дивизиясының, кейіннен 72-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының 155-ші гвардиялық артиллерия полкі құрамында зеңбірек командирі, гвардиялық сержант. Өлгеннен кейін **29.10.1943. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **17.02.1944.** марапатталған.

****126. Темірбаев Сейітхан** (Темирбаев Сейтхан) 1922 жылы Қостанай облысы, Таран ауданы, Придорожный ауыл совет. Қызыл Әскер қатарына 5.12.1941. Қостанай облысының Жітіқара аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 5-ші Екпінді Армиясының 9-шы атқыштар корпусының 230-шы атқыштар дивизиясының 990-шы атқыштар полкі құрамында рота командирі. **7.02.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, **22.02.1945.** жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен марапатталған.

2-ші мәрте ұсынылғанда берілген. **Кеңес Одағының Батыры (31.05.1945.)**

127.Токбергенов Қабжат (Токбергенов Кабжат) 1916 жылы Көкшетау облысы, Айыртау ауданы, Сарөзек ауылы - 28.12.1961. Қызыл Әскер қатарына 5.09.1939. Көкшетау облысының Айыртау аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. Жаяу әскер училищесін бітірген. Фин соғысының қатысушысы. 155-атқыштар дивизиясының, шаңғы батальон құрамында атқыштар ротасының командирі, танк жойғыш батальонның командирі, 54-танк бригадасының, моторландырылған автоматшылар батальоны командирінің сап бойынша орынбасары, гвардиялық капитан. **19.01.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, «Ленин» орденімен **23.04.1945.** марапатталған.

128.Төлепбергенов Мырзахмет (Тулөпбергенов Мурзахмет) 1922 жылы Алматы облысы, Жамбыл ауданы. Қызыл Әскер қатарына 13.01.1942. Алматы облысының Жамбыл аудандық әскери комиссариатынан алынған. 14-ші кавалерия дивизиясының кавалерия полкі құрамында пуле-

мет командирі, гвардиялық аға сержант. **1.02.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **12.03.1945.** марапатталған.

129.Тұрысов Омарғазы (Трусов Амарғазы) 1919 жылы Семей облысы, Ақсуат ауданы – 19.04.1945. Моравия, Опава маңы, Краварже елді мекені. Қызыл Әскер қатарына 13.01.1942. Семей облысының Көкпекті аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 60-шы Армиясының 108-дербес армиялық танкіге қарсы мылтықшылар батальонында, кейіннен 107-атқыштар дивизиясының 129 тосқауыл отрядында атқыш, бөлімше командирі. **25.11.1943. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **20.01.1944.** марапатталған.

130.Өмікеев Оралбай (Умикеев Ургалбай) 1920 жылы Жамбыл облысы, Қордай ауданы. Қызыл Әскер қатарына 13.05.1940. Жамбыл облысының Қордай аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 5-ші гвардиялық танк Армиясының 33-ші гвардиялық атқыштар корпусының 78 гвардиялық атқыштар дивизиясының 225 гвардиялық атқыштар полкі құрамында 76-мм. зеңбіректің командирі, аға сержант. **25.11.1943. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **20.01.1944.** марапатталған.

131.Өмірәлиев Ғапу Қайырлыұлы (Умралиев Гацу) 1914 жылы Гурьев облысы, Новобогат ауданы, Забурун елді мекені. Қызыл Әскер қатарына 1941 жылдың желтоқсанында Гурьев облысының Теңіз аудандық әскер комиссариатынан шақырылған. 20-шы гвардиялық механикаландырылған бригадасының атқыштар батальонында бөлімше командирі, гвардиялық старшина. **23.03.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **15.04.1945.** марапатталған.

132.Өмірзақов Қаракүш (Умерзахов Каракуша) 1916 Гурьев облысы, Жылыой ауданы. Қызыл Әскер қатарына 1942 жылдың қаңтарында Жылыой аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 3-ші Украин майданының 27-ші Армиясының 3-ші әуе десант дивизиясының 8-гвардиялық әуе десант полкі құрамында взвод командирінің көмекшісі, гвардиялық аға сержант. **23.03.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **18.04.1945.** марапатталған.

133.Шажабаев Өмірбай (Чажабаев Умербай) 1906 жылы Алматы облысы, Қаратал ауданы. Қызыл Әскер қатарына Алматы облысы, Қаратал аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. Воронеж майданының 40-Армиясының 107 атқыштар дивизиясының 409-шы жеке танкіге қарсы жойғыш дивизионның мылтықшысы. **25.03.1943. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, 1-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен **17.06.1943.** марапатталған.

134.Шәкіров Сардар Шәкірұлы (Шакиров Сардар Шакирович) 1921 жылы Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Жаңатұрмыс ауылы. Қы-

зыл Әскер қатарына 1941 жылдың шілдесінде Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 1-ші Украин майданының, 13-ші Армиясының, 102 атқыштар корпусының, 121 гвардиялық атқыштар дивизиясының 340 гвардиялық атқыштар полкі құрамында атқыштар батальоны командирінің сап бойынша орынбасары, гвардиялық капитан. **30.01.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, «Ленин» орденімен **23.04.1945.** марапатталған.

135.Шаншаров Әбілқайыр (Шаншаров Абельхаир) 1922 жылы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Алихат ауылсоветі. Қызыл Әскер қатарына бұрынғы Чкалов, қазіргі Орынбор облысының, Ақбұлақ аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 65-Армияның 69-атқыштар дивизиясының 237-атқыштар полкі құрамында атқыш, бөлімше командирі. **12.09.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **28.09.1944.** марапатталған.

136.Шәріпов Саябек (Шарипов Саябек) 1922 жылы Ақмола облысы. Қызыл Әскер қатарына Ақмола облысының Макин аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 74 атқыштар дивизиясының 360 атқыштар полкі құрамында миномет батареясының командирі. **23.05.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **18.06.1945.** марапатталған.

137.Шаяхметов Қожамсейіт (Шаяхметов Қожамсейіт) 1923 жылы Ақмола облысы, Атбасар ауданы, Алғабас ауылы. Қызыл Әскер қатарына 1944 жылдың сәуірінде Ақмола облысының Атбасар аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 57-гвардиялық атқыштар дивизиясының 64-дербес гвардиялық танкіге қарсы жойғыш дивизионның құрамында зеңбірек командирі, гвардиялық аға сержант. **6.05.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **30.06.1945.** марапатталған.

138.Шедірқұлов Сәрсенбай (Шедыркулов Сәрейбай), 1925 жылы Алматы облысы, Қаскелең ауылы. Қызыл Әскер қатарына Алматы облысының Қаскелең аудандық әскери комиссариатынан 1943 жылы шақырылған. 1-ші Украин майданының 218-атқыштар дивизиясының, 657-ші атқыштар полкі құрамында сапер. **1.08.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, 1-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен **20.09.1944.** марапатталған.

139.Ырыскелдиев Мұса (Раскильдиев Муса) 1925 жылы Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы - 16.03.1945. Германия, Бранденбург провинциясы, Франкфурт қаласы. Қызыл Әскер қатарына 5.05.1943. Қызылорда облысының Жаңақорған аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 4-ші атқыштар дивизиясының 220-атқыштар полкі құрамында бөлімші командирі. **6.04.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **17.05.1945.** марапатталған.

140.Ысқақов Сұлтанбай (Искаков Султан-

бай) 1915 жылы Жамбыл облысы, Шу ауданы, Ленин атындағы колхозда, Троицк ауылы. Қызыл Әскер қатарына 1939 жылы Жамбыл облысы Шу аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 4-Украин майданы, 51-Армиясының 63-атқыштар корпусының 417-атқыштар дивизиясындағы 1372-атқыштар полкы құрамында 3-ші батальонның партия ұйымдастырушысы. **13.05.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **9.06.1944.** марапатталған.

141.Қадыров Әбдірашит 1914 жылы Қарағанды облысы, Жезқазған ауданы. Қызыл Әскер қатарына 16.02.1942. Қарағанды облысы, Жезқазған аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 47-Армияның 1213-танкіге қарсы жойғыш дивизионның зеңбірек нысанашы. **14.04.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, 2-ші дәрежелі «Даңқ» орденімен **21.05.1944.** марапатталған.

Кеңес Одағының Батыры атағын ала алмаған Ресейлік қазақтар:

(Воины-казахи, представленные к званию Герой Советского Союза, призванные из разных областей РСФСР в годы Великой Отечественной войны по данным ЦАМО Российской Федерации).

142. Әбжанов Николай (Абжанов Николай) 1925 жылы бұрынғы Чкалов, қазіргі Орынбор облысы, Буртинский ауданы. Қазақ. Қызыл Әскер қатарына Чкалов облысы, Буртинский аудандық әскери комиссариатынан 25.01.1943. алынған. 1-ші Украин майданының, 52-ші Армиясының, 111-ші атқыштар дивизиясының, 468-ші атқыштар полкы құрамында атқыш, кіші сержант. **15.02.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **24.02.1945.** марапатталған.

143.Байғазин Жұма (Байгазин Джума) 1915 жылы бұрынғы Чкалов облысы, қазіргі Орынбор облысы. Қазақ. Қызыл Әскер қатарына Чкалов қалалық әскери комиссариатынан алынған. 1-ші Белорус майданының, 16-шы кавалериялық дивизиясының, 62-шы кавалерия полкы құрамында, қылышшылар бөлімшесінің командирі, сержант. **1.02.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **27.02.1945.** марапатталған.

144. Сымағұлов Ғабдрахман Кеңесбайұлы (Исмагулов Габдурахман) 1923 жылы бұрынғы Чкалов облысы, қазіргі Орынбор облысы Ақбұлақ ауданы. Қазақ. Қызыл Әскер қатарына Чкалов облысының, Чкалов аудандық әскери комиссариатынан 1941 жылы шақырылған. 65-ші Армиясының, 18-ші атқыштар корпусының, 37-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының, 109 гвардиялық атқыштар полкы құрамында пулемет расчетының командирі, гвардиялық аға сержант. **25.04.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **19.05.1945.** марапатталған.

145.Қуандықов Мұрат Өтепұлы (Куандыков Мурат Утепович) 1923 жылы бұрынғы Чкалов

облысы, қазіргі Орынбор облысы Адамовский ауданы, Сосновка ауылы. Қазақ. Қызыл Әскер қатарына Чкалов облысының Адамов аудандық әскери комиссариатынан 03.1942 жылы шақырылған. 1-ші Танк Армиясының 8-ші гвардиялық механикаландырылған корпусының 37-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының, 21-механикаландырылған бригада құрамында батареяның бөлімше командирі, гвардиялық старшина. **2.05.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **18.05.1945.** марапатталған.

146. Үркімбаев Бораш (Уркамбаев Бураш) 1905 жылы бұрынғы Чкалов облысы, қазіргі Орынбор облысы Соль-Илецк ауданы. Қазақ. Қызыл Әскер қатарына Чкалов облысының Соль-Илецк (Түзтөбе) аудандық әскери комиссариатынан 01.1942 жылы алынған. 1-ші Украин майданының 13- Армиясының, 28-атқыштар корпусының 211-ші атқыштар дивизиясының 896-шы атқыштар полкы құрамында 45 мм. зеңбіректің нысанашысы, кіші сержант. **26.10.1943. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **16.11.1943.** марапатталған.

147. Болатов Көбеш (Булатов Кубеш) 1903 жылы Саратов облысы. Қазақ. Қызыл Әскер қатарына Саратов облысының Александров-Гай аудандық әскери комиссариатынан 1941 жылы шақырылған. 1-ші Украин майданының 172-ші атқыштар дивизиясының 388-ші атқыштар полкы құрамында сапер. **28.01.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **2.02.1945.** марапатталған.

148. Жұмабеков Ихан (Жумабеков Иксан) 1916 жылы Саратов облысы. Қазақ. Қызыл Әскер қатарына Саратов облысының Озинский (Азин) аудандық әскери комиссариатынан 15.09.1940 жылы шақырылған. 1-ші Украин майданының 3-ші гвардиялық Армияның 76-шы атқыштар корпусының 81-ші атқыштар дивизиясының 196-шы жеке сапер батальоны құрамында сапер, бөлімше командирі, сержант. **17.08.1943. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **13.09.1943.** марапатталған.

149. Меңдешев Есболат (Меньдешев Есбулат) 1920 жылы Саратов облысы. Қазақ. Қызыл Әскер қатарына Саратов облысының Питер аудандық әскери комиссариатынан 1940 жылы шақырылған. 60-шы Армияның 3-ші гвардиялық әуе-десант дивизиясының 2-ші гвардиялық жеке әуе-десант артиллерия полкы құрамында нысанашы, бөлімше командирі, кіші сержант. **13.10.1943. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **29.01.1944.** марапатталған.

150. Отыншынов Нарыскен (Атоншинов Нарушкен) 1924 жылы Омбы облысы. Қазақ. Қызыл Әскер қатарына Омбы облысының Горький аудандық әскери комиссариатынан 1942 жылы шақырылған. 2-ші Украин майданының 48-гвардиялық миномет полкы құрамында қол пулеметші, кіші сержант. **26.03.1945. Кеңес Одағының**

Батыры атағына ұсынылған, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **3.05.1945.** марапатталған.

151. Қарабаев Қайден (Карабаев Кайденов) 1924 жылы Омбы облысы. Қазақ. Қызыл Әскер қатарына Омбы облысының Есілкөл аудандық әскери комиссариатынан 1942 жылдың тамыз айында алынған. 28-ші Армияның 128-ші атқыштар корпусының 152-ші атқыштар дивизиясының 480-ші атқыштар полкі құрамында взвод командирінің көмекшісі, сержант. **31.01.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **27.03.1945.** марапатталған.

152. Сүйінов Темлібай (Суинов Темлибай) 1921 жылы Омбы облысы. Қазақ. Қызыл Әскер қатарына Омбы облысының, Московский аудандық әскери комиссариатынан 1940 жылы шақырылған. 1-ші Белорус майданының 69-шы Армиясының 370-ші атқыштар дивизиясының 1234-атқыштар полкі құрамында атқыш. **15.09.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **10.10.1944.** марапатталған.

Кеңес Одағының Батыры атағын ала алмаған Өзбекстан қазақтары:

(Воины-казахи, представленные к званию Герой Советского Союза, призванные из разных областей Узбекистана в годы Великой Отечественной войны по данным ЦАМО Российской Федерации)

153. Абдуллаев Ергеш 1919 жылы Өзбек ССР-і, Ташкент облысы, Аққорған ауданы. Қазақ. Қызыл Әскер қатарына Ташкент облысы Аққорған аудандық әскери комиссариатынан 1939 жылы алынған. 2-ші Танк Армиясының, 1-ші механикаландырылған корпусының, 18-ші жеке сапер батальонында, бөлімше командирі. **3.02.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **11.02.1945.** марапатталған.

154. Бердияров Икрам 1922 жылы Өзбек ССР-і, Ташкен облысы, Орджоникидзе ауданы, Қызыл Ту ауылы, Қызыл Тұрғын колхозы. Қазақ. Қызыл Әскер қатарына Ташкен облысы Орджоникидзе аудандық әскери комиссариатынан 12.1941 жылы шақырылған. 1-ші Балтық майданының, 51-ші армиясының 89-шы жеке атқыштар бригадасының және 27-ші пушка артиллерия бригадасының құрамында, нысанашы. **9.09.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **6.10.1944.** марапатталған.

155. Рысбаев Мұқтархан (Рисбаев Мухтархан) 1925 жылы Өзбек ССР-і, Ташкен облысы, Ташкент ауданы. Қазақ. Қызыл Әскер қатарына Ташкен облысының, Ташкент аудандық әскери комиссариатынан алынған. 1-ші Балтық майданының 2-ші гвардиялық атқыштар корпусының 90-шы гвардиялық атқыштар дивизиясының 5-ші жеке шаңғы батальонының барлаушысы. **26.12.1943. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту»

орденімен **15.01.1944.** марапатталған.

156. Тұрғанов Сейсенбай (Турганов Шишенбай) 1912 жылы Өзбек ССР-і, Хорезм облысы. Қазақ. Қызыл Әскер қатарына Хорезм облысының Үргеніш аудандық әскери комиссариатынан 1941 жылы шақырылған. 1-ші Белорус майданының 48-ші Армиясының 73-ші атқыштар дивизиясының 47-ші атқыштар полкі құрамында атқыш. **13.08.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **24.08.1944.** марапатталған.

157. Әзімбаев Мырза (Азимбаев Мирза) 1922 жылы Өзбек ССР-і, Қарақалпақ АССР-і. Қазақ. Қызыл Әскер қатарына Қарақалпақ АССР-і, Шабазы аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 1-ші Белорус майданының 89-шы атқыштар корпусының 397-ші атқыштар дивизиясының 448-атқыштар полкі құрамында бөлімше командирі. **18.04.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **3.06.1945.** марапатталған.

Кеңес Одағының Батыры атағын ала алмаған Өзербайжан қазағы

(Воин-казах, представленный к званию Герой Советского Союза, призванный из Азербайджана в годы Великой Отечественной войны по данным ЦАМО Российской Федерации)

158. Фаталиев Баһадүр (Фаталиев Пагадур) 1925 жылы Өзербайжан ССР-і. Қазақ. Қызыл Әскер қатарына Өзербайжан ССР-і Копчайск аудандық әскери комиссариатынан 10.02. 1943 шақырылған. 3-Белорус майданының 11-гвардиялық Армиясының 5-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының 17-ші гвардиялық атқыштар полкі құрамында атқыш. **28.04.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **19.05.1945.** марапатталған.

Кеңес Одағының Батыры атағын ала алмаған Тәжікстан қазақтары

(Воины-казахи, представленные к званию Герой Советского Союза, призванные из разных областей Таджикистана в годы Великой Отечественной войны по данным ЦАМО Российской Федерации)

159. Қалыбеков Нұрмұхан (Кальбеков Нурмукан) 1925 жылы Тәжік ССР-і, Сталинабад облысы. Қазақ. Қызыл Әскер қатарына Тәжік ССР-і, Сталинабад облысының Дюшамбе аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 3-ші гвардиялық Армияның 197-ші атқыштар дивизиясының 862-ші атқыштар полкі құрамында атқыш. **26.07.1944. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **17.08.1944.** марапатталған.

160. Қалымбетов Берді (Калимбетов Берды) 1914 жылы Тәжік ССР-і, Куляб облысы. Қазақ. Қызыл Әскер қатарына Тәжік ССР-і Куляб облысының Пархар аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. 7-ші кавалерия корпусының 16-

шы гвардиялық кавалерия дивизиясының 14-ші гвардиялық жеке сапер эскадронының саперы, кіші сержант. **11.05.1945. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған**, берілмеген, жауынгерлік «Қызыл Ту» орденімен **2.07.1945.** марапатталған.

«Даңқ» орденінің толық иегерлері КСРО тарихында Кеңес Одағының Батырларына теңестірілген. «Даңқ» ордені үш дәрежелі, катаң ретпен – төмен дәрежеден жоғарыға қарай беріледі. КСРО көлемі бойынша 3-дәрежелі «Даңқ» орденімен соғыста 980 мың жауынгер, 2-дәрежелі «Даңқ» орденімен 46 мың жауынгер, 1-дәрежелі «Даңқ» орденімен 2642 жауынгер марапатталған екен.

130 қазақстандық майдангер «Даңқ» орденінің үш дәрежесінің толық иегері атанған, оның 33-і қазақ. Олар:

1. **Әбдешев Қайролла** (құжатта Абдешев Хайрулла),
2. **Әбдіқадіров Кәкім** (Абдиқадиров Каким),
3. **Әділбаев Фазыл** (Адилбаев Фазыл),
4. **Әлімов Әбдірақым** (Алимов Абдрахим),
5. **Әубәкіров Манап** (Аубакиров Манап),
6. **Әліпов Қизат** (Алипов Гизат),
7. **Аманбаев Әлімбай** (Аманбаев Алимбай),
8. **Байзақов Ботай** (Байзаков Ботай),
9. **Бұқаев Жүсіп** (Бухаев Юсуп),
10. **Дәрменов Әміреш** (Дарменов Амреш),
11. **Дембаев Бикүтбай** (Дембаев Бейкутбай),
12. **Дүйсембеков Камал Жұматайұлы** (Камали),
13. **Еркінов Шүкір Таңатарұлы**,
14. **Ешбаев Сәрсенғали** (Ешбаев Сарсенғали),
15. **Жапарбеков Алахан**,
16. **Имашев Қайырғазы** (Имашев Каирғазы),
17. **Исабаев Темірғали** (Исабаев Темиргали),
18. **Қалдыбаев Ыбырайым** (Калдыбаев Ибрагим),
19. **Қалтаев Қарабай** (Калтаев Ибрагим),
20. **Құсметов Әбітай** (Қусметов Абытай),
21. **Қызылов Сақып** (Кизиллов Сакип),
22. **Маймеров Әлмұқ** (Маямиров Алмұх),
23. **Мұқанбетов Бейсенғали** (Мухамбетов Бисенғали),
24. **Садықов Байырбек** (Садыков Баирбек),
25. **Сембинов Әлмұқан Оспанұлы** (Сембинов Альмуқан),
26. **Тастандиев Тайыр Бүркітбайұлы**,
27. **Оңғалбаев Кемер** (Унгалбаев Кемер),
28. **Оңғаров Алқар Жанкелұлы** (Алқар Джангелович),
29. **Өңшебаев Жақсыбек Тілеуұлы** (Унчибаев Джаксымбек),
30. **Руыбаев Сапар** (Рубаев Сапар),
31. **Сүлейменов Мүтәш** (Сулейменов Муташ),
32. **Хайдаров Бақыт Хайдарұлы**,
33. **Шошаев Бақтыбай** (Шушаев Бахтубай).

Екінші дүниежүзілік соғыста 1-ші дәрежелі «Даңқ» орденіне 8 қазақ жауынгері ұсынылған екен, бірақ әр түрлі себептермен берілмей, басқа медаль, ордендермен алмастырылған. 9-шы қазақ Оспанов Риза екі рет 2-дәрежелі «Даңқ» орденімен

марапатталған (корпус командирі генерал-майор Труфановтың қателігі) Олар:

1. **Гауриев Ғаббас Ғабдоллаұлы** 1922 ж. (Гауриев Габас Габдолаевич Семей облысы, Жарма ауданы, Бірлікші ауылы.
2. **Есенғалиев Адай** 1925 ж. (Есенғалиев Адай) Гурьев облысы, Бақсай ауданы, Таңдай ауылы,
3. **Қайбергенов Қайділда** (Кайбергенов Кайдилда) 1911 ж.
4. **Омаров Рымбек** 1920 ж.
5. **Темірханов Есім** (Темирханов Ешим) 1922 ж.
6. **Күсембеков Хатиф Зарипұлы** (Кусембеков Хатиф Зарипович) 1923 ж., Семей облысы, Жаңасемей ауданы, Бұлақ ауылы.
7. **Өмірбеков Бәкен** (Умирбеков Бакен) 1914 жылы Ақмола облысы, Атбасар ауданы, Калиновка ауылы.
8. **Ысқақов Бимұхамет** (Искаков Бимухамет) 1920 Астрахань облысы 1-дәрежелі «Даңқ» орденіне ұсынылған 16.04.1945., берілмеген, 1-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен 29.04.1945. марапатталған.
9. **Оспанов Риза** 1905 Семей облысы, Жаңасемей ауданы, Приречный ауылы, 3-дәрежелі «Даңқ», және екі рет 2-дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталған: 30.04.1945. және 8.06.1945.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Батыр Оспан Сабековтың есімі ескерусіз қалмасын!», Қайрат Қарамандаев №19-20, (713-714) «Президент және Халық», 09.05.2019.
2. Қайрат Қарамандаев «Қаһармандар». Алматы., 2018 ж. 58-167-беттер.
3. Қайрат Қарамандаев. «Кеңес Одағының Батырлары. Қазақтар». Алматы, 2015 ж.
4. Қайрат Қарамандаев «Сайыпқыран сарбаздар». Алматы, 2022, «Қазақ тарихы».
5. Екінші дүниежүзілік соғыстағы қазақ офицерлер. 25-томдық кітап. «Ағатай» баспасы, 2016 жыл. Жұмабай Доспанов.
6. Кеңес Одағының Батыры атағы берілмеген Қазақстандықтар. Атырау, 2018., Жұмабай Доспанов. 2-томдық кітап.
7. Не ставшие Героями Советского Союза. Издательство «Ағатай», 2020, 3-томная книга. Жумабай Доспанов.
8. Женщины – фронтовики Казахстана. Жумабай Доспанов. 6-ти томная историческо-документальная книга. Атырау, издательство «Ағатай», 2019
9. Герои Великой Победы – Казахстанцы. Энциклопедия, в 2-х томах. Институт общественной политики партии «Нур Отан». Издательство «Фолиант», 2016 год
10. Забытые герои. Герои Советского Союза. Астана, 2015 г. Абдигалиулы Берик.
11. Ұмытылған қаһармандар. Әбдіғалиұлы Берік. Астана, 2019 ж.
12. Қазақтар Ұлы Отан соғысы майданында 1941-1945 . Алматы, 2015. ТОО Консорциум «ISKER». Центральный государственный архив Республики Казахстан, 2015.
13. Кавалеры ордена «Славы» трех степеней. Москва, Воениздат, 2000.
14. Женщины Казахстана на войне 1941-1945 гг. Дина Игсатова, Динара Асанова Алматы, 2020.
15. Қазақстанның әскери тарихы. Қ.Аманжолов, А.Тасболатов, А., «Білім», 1999.
16. <https://pamyat-naroda.ru/heroes/>
17. <http://www.podvignaroda.ru>
18. Baq.kz
19. <https://obd-memorial.ru/html/advanced-search.htm>
20. http://sp.kaznpu.kz/docs/jurnal_file/file20210113114704.pdf
21. «Қазақ тарихы» журналы № 2, 16-18-беттер.

Керімсал ЖҰБАТҚАНОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Қазақ-Орыс Халықаралық университетінің доценті

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ҚАЛАЙ ЖЕҢУГЕ БОЛАДЫ?

Ли Куан Ю дерлік мүмкін емес нәрсені жасады, ол жемқорлықты жеңді, инвесторлар көп күттірмеді. Сингапур – алпыс бөліктен астам жері шашыраңқы орналасқан бірегей ел, өткен ғасырдың елуінші жылдарының ортасына дейін өзінше ештеңе болмаған шағын мемлекет. Елге ауыз су мен құрылыс құмы импортталды.

Сингапур – Индонезия мен Малайзияның екеуінің арасында орналасқан, негізінен буддизмді ұстанатын ел. Ол бірнеше онжылдықта қуатты экономика құрып, әлемдегі ең бай мемлекеттердің біріне айнала алды. Елестетіп көріңізші, бір кездері балық аулаумен айналысатын адамдар батпақпен шашырап жатқан жер учаскелері болды.

Дегенмен, аумақтардың бұл ыңғайлы стратегиялық жағдайын ғасырлар бойы қарақшылар пайдаланып келді. XIX ғасырдың аяғына қарай қарақшылар үңгірлерінің орнын қалайы шахталары мен резеңке плантациялары басты. 1959 жылға дейін Сингапур британдық колония болды және іс жүзінде өзіндік ештеңесі болмады.

Ол жерге бәрі: электр қуаты, картоп, жарма, киім-кешек, тіпті ауыз су да әкелінді. Премьер-министр (1959-1990 жж.) Ли Куан Ю-дің арқасында ел инвестиция мен бизнес үшін ең қолайлы елдің біріне айналды. Адам тұрмайтын аралдан Сингапур әлемдік сауданың негізгі орталықтарының біріне айналды.

Ли Куан Ю сайлауда жеті рет жеңіске жетіп, өмірінің соңына дейін өз мемлекетінің саясатына орасан зор ықпал етті. Оның табандылығының арқасында Сингапур бүкіл әлемді экономикалық өсу динамикасымен таң қалдырды. Ол артта қалған британдық колонияны экономикалық еркіндіктің гүлденген көшбасшысына айналдырды.

Ли Куан Ю өзінің саяси партиясын ақша табу үшін емес, елін барынша жоғары деңгейге көтеру үшін құрды. Ал 10 жылдан кейін ғана оның партиясы сайлауда жеңіске жетіп, содан кейін ол ұлтты тәрбиелеу саясатын жүргізе бастады. «Осы елде тұратын барлық адам ортақ нәтижеге жету үшін бір-бірімен араласуға міндетті. Барлық дінді және әрбір адамды құрметтеңіз», – деді ол.

Сингапур инвесторларды тартпаса, оған мүмкіндік болмайды. Миллиардерлердің елге кіріп, салық төлеуге құштар болуы үшін халық білімді, мәдениетті болуы керек. Сондықтан Ли Куан Ю мінез-құлық ережелерін егжей-тегжейге дейін өзі жазып берді. Ол нұсқауларында тіпті ұсақ-түйекке дейін ескерді. Көшеге лақтырылған қоқыс үшін айыптының бөксесіне көпшілік алдында қамшымен дүре соғатын. Мұндай адамдар түрмеге қамалмады, өйткені мұндай шағын ауданда түрмеге арналған орындар болған жоқ.

Жазалар мен айыппұлдар бәрін қозғады. Егер сіз тіпті көшеде түкірсеңіз, онда сізге бірден айыппұл салынады. Сіз тіпті көшеде тамақ іше алмайсыз. Қоғамдық көлікте де. Қоғамдық орындарда айқайлауға тыйым салынды. Ерлерге тек шалбар, ал әйелдерге шұлық киюге міндеттелді, тіпті сыртта жаздың ыстығы болса да.

Ресторанда шай үшін даяшыға қосымша ақша беруге болмайды. Бұл пара ретінде бағаланды және басқа да көптеген нәрселер. Бұл тізімдегі кез келген тәртіп бұзушылық айыппұлға әкеп соғады. Ал ол заңдар бүгінгі күнге дейін күшінде. Есірткі заттарды пайдаланғаны және оны өткізгені, контрабанда жасағаны, қарақшылық жасағаны үшін – өлім жазасы.

1990 жылы Сингапурға барған жазушы Уильям Гибсон оны «Өлім жазасы бар Диснейленд» деп атады. Ол жерде адамдардың қалай өмір сүретініне көз жүгірткен жазушы егер адам бала кезінен бастап, өмір бойы тәрбие алмаса, қиындық күтеді деген қорытындыға келген. *«Әрине, мен сингапурлық тәрбиенің мұндай қатыгездік шараларын ақтамаймын, бірақ олар батпаққа батқан елден әлемдегі ең бай халықтардың біріне айнала алды. Бұл – шындық»*, – деп жазды Уильям Гибсон.

Жаңа инвесторларды тарту үшін жаңа бизнес айналымына және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске ставкалар жасалды. Бірақ непотизм мен парақорлық ондаған жылдар бойы өркендеген ел үшін бұл оңай шаруа емес еді.

Өзінің табиғи байлығы жоқ Сингапур үшін табыстың ашықтығы байлыққа айналуы керек. Заңның үстемдігін дәлелдеу үшін Премьер-министр

өзінің жақын досын сыбайлас жемқорлық үшін сотталған соң түрмеге жапты.

Ал 350 мың доллар парамен ұсталған Қоғамдық даму министрі Ли Куан Ю мен сөйлескеннен кейін өз-өзіне қол жұмсады. Арнайы тергеу бөлімін жалдап, олар тауып алған заң бұзушылардан пара алуға азғырылмау үшін қыруар ақша төлеген. Тәртіп бұзушылар жазаланып, мүлкі мемлекет меншігіне өтті.

Осылайша, Сингапурда ұрлық тиімсіз болды. Ли Куан Ю мүмкін емес дерлік нәрсені шындыққа айналдырды, ол жемқорлықты жеңді, инвесторлар көп күттірмеді. **Сол кезде Ли Куан Ю былай деді:** «Біз әрбір инвесторды жай ғана қарсы алған жоқпыз, біз оған бізбен

бірге өндірісті бастауға көмектесу үшін бәрін істедік».

Бүгінгі таңда Сингапур әлемдегі ең таза қалалардың бірі болып табылады және бизнесті жүргізудің жеңілдігі бойынша әлемде үшінші орында. Ли Куан Ю жетекшілігімен үшінші әлемнің кедей елінен Сингапур жер шарындағы ең бай елдердің біріне айналды. Ли Куан Ю-дың әдістері қатал және демократиялық емес болғанымен, олар ұрлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әділ және аяусыз күрес жүргізді. Бұл тұрғыда ешкімнің, ең алдымен оның туыстары мен достарының иммунитеті болмады. Сингапурдағы демократияның иісі жоқ, бірақ Сингапурда жемқорлық атымен жоқ.

ТАРИХҚА ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

Кенішбек ЮСУПОВ,
тарих зерттеуші, заңгер

ОТКУДА У ТЮРКОВ ЕВРОПЕЙСКИХ ГЕНОВ (R1A)?

Изученные данные археологических раскопок скифских курганов в Казахстане, на Алтае, в Тыве, Хакасии и генетические исследования ДНК останков в захоронениях в скифских курганах показывают, что изначально тюркские племена на Алтае могли происходить в результате смешения племен Восточных скифов европейской расы с племенами монголоидной расы Южной Сибири, что подтверждаются исследованными результатами ДНК останков в Скифских курганах на Алтае, Хакасии, Тыве и в Казахстане.

Видимо неспроста в Казахстане и Кыргызии бытуют легенды о том, что предки казахов и кыргызов в далекой древности обладали европейской внешностью, что подтверждаются научными результатами исследования ДНК останков в захоронениях в Скифских курганах, а также наличием в ДНК европейских гаплогруппы R1A как у кыргызов, так и у казахов.

На мой взгляд Көк Тюрки (Небесные тюрки) происходят от древних Арийцев, предков древних Бұлғар, живших на территории Южного Урала, Челябинской области и на севере Казахстана, относящиеся к европейской расе, древних

предков татар и чувашей (Субар) в результате смешения их с монголоидными племенами Южной Сибири на Алтае и Саянах.

Древние Арий – являются предками древних Булгар (предки Татар и Чувашей) и тюркских народов: древних ҚасАр (Хазар), Арыс (древнее самоназвание казахов и Каракалпаков) ҚасСаҚов (казахов) и ҚырҒызов, Хакасов и Алтайцев.

Древние Арий жили на Южном Урале в Челябинской области России, на севере современного Казахстана на рубеже XX/XVIII – XVIII/XVI (20/18 – 18/16) веков до нашей эры и являются носителями древнего тюркского языка и предками древних тюркских народов, живших еще до нашей эры, до возникновения Великого Тюркского Каганата, в 6 веке нашей эры.

Доказательством этого служат руины комплекса древнего городища с тюркским названием Аркаим, которые обнаружены в Челябинской области.

Аркаим – Википедия

ru.wikipedia.org/wiki/Аркаим

«Аркаим – комплекс из городища, могильника и селищ рубежа XX/XVIII – XVIII/XVI

(20/18 – 18/16) веков до н. э. Принадлежит к синташтинской культуре и так называемой «Стране городов». Расположен в долинах рек Большая Караганка и Утяганка в Челябинской области России. Комплекс был открыт в 1971 году».

Аркаим древний город информация, где находится, кто построил Аркаим...101mesto.com»neobychnoe/arkaim.htm.

Согласно данным официальной науки, древний город Аркаим возник в третьем тысячелетии до нашей эры, однако вплоть до конца двадцатого столетия какая-либо информация о нем фактически полностью отсутствуют...

Как видно из названия города это Страна городов древнего народа Южного Урала-Ар (Арийев) выходцами которого являются многие тюркские народы, такие как Булгары (предки современных Татар и Чувашей (Субары), Карачаевцы и Бал Қары, древние ҚасАры (по русский Хазары)древние Арысы (по русский Аруси). Арысс древнее самоназвание Казахов и Каракалпаков).

По исследованиям ДНК Татары, Чувашы, Карачаевцы и Балкары относятся к европейской расе, являются носителями в ДНК R1A.

Казахи, Каракалпаки и Кыргызы являются частично европейскими, относятся к монголоидно-европейской смешанной, переходной расе. Из тюркских народов Казахи до 44% обладают европейскими генами, из них 18% относятся к гаплогруппе в ДНК R1A, а Кыргызы обладают в ДНК от 53% до 63% гаплогруппой R1A, относящиеся к европейской расе и относятся к группе народов ҚасАр, потомкам восточных скифов Қас (Ғыз) Огызом, что подтверждает их самоназвание Қазақ (Қас Сақ) и ҚырҒыз, означающее в переводе на русский язык «Горные Ғызы».

И неспроста, некоторые тюркские народы в своих самоназваниях указывают на Ар(Арий) указывая на свое происхождение от Арийев, **например:** ХазАры, БулҒАры, АвАры, Чувашы (СубАры) БалкАры, ТатАры, Арысы (племя Қаңлы у казахов и у Каракалпаков). По шежіре Казахи и Каракалпаки считают своими предками Арыс(Ар Ыс – означает Арий копотники), точнее Арий (мастера кузнечных дел). Половина Каракалпаков потомки Арысов – потомки западных скифов Сақ, а половина Каракалпаков роды Манғыты, Қоңыраты, Қияты, Найманы и другие потомки восточных скифов-Қас). Поэтому Каракалпаки более казахи, Қас+Сақи(50%Қасы, на 50% Сақи),чем Казахи (более 2\3-Қасы и менее 1\3-Сақи).

Как видно Арий (предки современных Татар и Чувашей) были европейской расы, являются

предками восточных и западных скифов и Гуннов, что подтверждаются археологическими раскопками и генетическими исследованиями ДНК останков, захороненных в скифских курганах «золотых человеков».

Предки Волжских Булгар: татаров и Чувашейзадолго до образования Великого тюркского каганата от Тихого Океана до Причерноморья, на Алтае и Саянах смешивались с родами восточно-Сибирских племен и в 6-ом веке нашей эры образовали Великий Тюркский каганат-тюркский народ Көк түрк (**небесные тюрки**), потомков Восточных Скифов.

Данные Археологических раскопок скифских курганов (на Алтае, Тыве, Хакасии, Восточном Казахстане (Берелские Шиликтинские курганы и курганов у Тарбагатай, Алматинской, Карагандинской и Атырауской областях) и генетические исследования ДНК захороненных в курганах «золотых человеков» показывают, что ВСЕ ТЮРКИ (Тартары) ПОТОМКИ ДРЕВНИХ АР(АРИЕВ), ЖИВШИХ более 3-4 ТЫСЯЧИ ЛЕТ НАЗАД, на севере нынешнего Казахстана и южного Урала, ИМЕВШИХ смешанные, ЕВРОПЕИДНЫЕ И МОНГОЛОИДНЫЕ ЧЕРТЫ (по исследованиям генетиков в ДНК 80% европейцев гаплогруппы R1A и 20% монголоидных, а тюрки в 6-ом веке стали иметь гаплогруппы в ДНК 50% на 50% европейцев и монголоидных), смесь южно-сибирских монголоидов и индо-иранских племен тюркоязычных. Например, казахи имеют в среднем 44%(18+26) европейцев генов ДНК и 56% азиатских генов, а Кыргызы имеют от 53 до 63% европейцев генов гаплогруппы R1A в ДНК.

По этой причине некоторые тюркские народы в своих самоназваниях указывают на Ар(Арий) указывая на свою принадлежность к Арийям, например; ХазАры, БулҒАры, Авары, БалкАры, ТатАры, Арысы (Арыс племени Қаңлы у Казахов и Каракалпаков). По шежіре и Казахи и Каракалпаки считают своими предками Арыс (Арий копотники), Арий (мастера кузнечных дел). Половина Каракалпаков потомки Арысов – потомки западных скифов Сақ, а половина Каракалпаков роды Манғытов, Қоңыратов, Қиятов, Найманов и других потомки восточных скифов – Қас) и.т.д. Поэтому Каракалпаки более казахи (Қас+Сақи(50% Қасы на 50% Сақи) чем Казахи (более2\3-Қасы и менее1\3-Сақи).

От племени Ар(Арийев) выделились три группы племен:

1) Гунны расселились в границах прилегающих к великой Китайской стене и реке Қуаңқы (Хуанхэ, в переводе с казахского языка означает засушливая),

2) Восточные скифы, так называемые племя Қас (Ғызы) расселились в восточном Казахстане,

Южной Сибири и на территории современной Монголии. Некоторые народы Южной Сибири сохранили в памяти, что они происходят от Қас(Ғыз) например: ҚаҚасы (по русский Хакасы) Қарақасы (большие Қасы) и Қырқасы (Қырқасы, Қырқысы-Кыргызы Енисея), ҚырҒызы (Горные Ғызы), Ой Ғызы (Степные Ғызы), Ой Ғызы – по русский Огузы, Ой Қыры (Горные и степные Ғызы) их путают с современными Уйгурами. Это название за ними закрепилось от правителей телецких (Тувинских) ОйҚыров, которые правили ими в период завоевания ШынҒызханом.

3) Племя западные скифы–так называемые Сақи–расселились от Алтая до территории современной Украины.

Казахи–это более 2/3–потомки восточных скифов Қасов (средний и младший жузы, в составе старшего Жуза казахов племя Жалаиры–это от Қасов) и менее 1/3– потомки западных скифов–Сақов, от слова ҚасСақ, претерпевшее изменение на Қазақ, а умозаключение русских историков слово Қазақ, как перевод свободный скиталец или свободные бродяги от арабского слова Қазақ просто не уместно, так как не знавшие арабский язык казахи не могли называть себя не понятным Арабским словом Қазақ (свободными бродягами).

Казахи (Қас Сақи, Қасы – это средний и младший жузы, одно племя старшего жуза Жалаиры), Ногайцы и Каракалпаки (Қасы и Сақы)–это один народ, у казахов и каракалпакови у ногаев одни и те же роды и племена (разделенные местными-родовыми ханами), наши соплеменники Қасы, потомки восточных скифов, так названных Қас, ОйҒызов (Степных Ғызов), говоривших на одном языке и в 4-6 веках, часть их 40 родов из племен Қасов во время Гуннского переселения перекочевали на юг – Поволжья России и территории Украины и во время Великого Тюркского каганата, перекочевали на север Каспия и Кавказа, а в 9-ом веке образовали ҚасАрский (Қас+Ар, означающее Қасы и Арийцы) қағанат (по русский Хазарский каганат), а оставшихся на Алтае шесть племен в 13-ом веке Найманов, Кереев, Қоңыратов, Жалаилов, Меркітов и Қиятов, всего шесть Орд объединил ШынҒызхан–его имя переводится, как Хан настоящих Ғызов (Қасов), и поэтому остатки ҚасАр в 13-ом веке без сопротивления вошли в состав родственной империи ШынҒызхана, империи Алты Орда(Алтын Орда). Қасы ветвь Арийцев, поэтому называли они себя ҚасАр (Хазар по русский, звука Қ у русских нет, поэтому приближенно называли Хазар).

В дополнение к сказанному смотрите и читайте:

Интересные факты о происхождении тюрков

от татар содержится в ролике, смотрите ролик в Ютубе: Какой национальности был Чингисхан.

Новые факты

КОЧЕВНИК

youtube

22 ноября 2014.

Чебоксары – прародина ариев.

Традиционно, чувашей считают потомками народа **суар-сувар**, который был родственен хазарам и булгарам, сложился где-то в степях Центральной Азии и вместе с гуннами пришел в Европу. Неких савиров, как часть сарматского мира, упоминает Страбон, а в мифах **сибирских татар**, есть предание о том, как они отвоевали эти земли у народа **суар**, который ушел на запад.

Таким образом, савиры могли быть одной из восточных ветвей сармат, которые рано встретились с тюрками и гуннами, после чего пришли в Европу под знаменами Аттилы, будучи уже сильно смешанным народом. После убийства Аттилы и поражения его сыновей сбитве с гепидами, при Недао, остатки гуннов ушли в Причерноморье, а оттуда дальше на восток, где смешавшись с аборигенными фино-уграми, стали чувашами. **В доказательство приводится несомненно тюркский язык чувашей и выражено-смешанный монголоидный облик и, в общем-то, ничего больше!**

Другая версия, выводит чувашей от населения Волжской Булгарии, которая распалась после завоевания ее Батыем и некая часть племени поселилась в нынешней Чувашии. В пользу версии говорит ДНК-генеалогия – показывая большой процент **гаплотипов R1A** у чувашей и у булгар, что роднит обоих сарматам.

А вот лингвисты решительно против, так как булгары говорили на типично западно-тюркском языке, который родственен, но сильно отличается от чувашского. Это двоюродные братья, а не прямые родичи.

Мурат Рамзи – Татарско-Башкирский историк 19 века. Казахи –корень всех тюрков. Казахстан – колыбель тюркских народов.

Глазами истории.

Мурат Рамзи – автор двухтомного исторического произведения «Тальфик аль-ахбар», посвященного истории тюрков. «Что касается казахов, то они не являются племен из числа племен тюрков и татар, но они являются корнем тюрков и татар, а их земля – местом возникновения и источником тюрков и татар».

ОТАН ТАРИХЫ – ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

Әлиев ӨТКІР (Алиев Уткур),
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,
E-mail: utkuraliyev@mail.ru, Қазақстан, Шымкент қаласы.

ОТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Еліміз тәуелсіздік алған соң көп ұзамай республиканың барлық оқу орындарында «Қазақстан тарихы» пәні оқытыла бастады. Сол кезде отандық жоғары оқу орындарында да «Қазақстан тарихы» жеке пән ретінде оқытылған. Алайда 2016-2017 оқу жылынан бастап жоғары оқу орындарының бағдарламасынан бұл пән алынып, орнына «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» деген пән енгізілді. Мақалада республиканың жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихын оқытудың, Отан тарихы бойынша оқулықтардың типтік бағдарламаларын дайындаудың кейбір мәселелері қарастырылады.

Түйін сөздер: тәуелсіздік, республика, жоғары оқу орындары, «Қазақстан тарихы», пән, «Қазақстанның қазіргі заман тарихы», Отан тарихы, типтік бағдарлама, оқу жылы.

Utkur ALIYEV,
candidate of historical sciences, associate professor,
South Kazakhstan University named after M. Auezov,
E-mail: utkuraliyev@mail.ru, Shymkent, Kazakhstan.

**SOME PROBLEMS OF TEACHING THE HISTORY
OF THE MOTHERLAND**

Soon after the country gained independence, all educational institutions of the Republic began to teach the subject «history of Kazakhstan». At that time, «history of Kazakhstan» was taught in higher educational institutions of the Republic as a separate subject. However, since the 2016-2017 academic year, this discipline has been removed from the program of higher educational institutions and replaced with the discipline «modern history of Kazakhstan». The article considers some issues of teaching the history of Kazakhstan in higher educational institutions of the Republic, the development of standard programs of textbooks on the history of the motherland.

Keywords: independence, Republic, universities, «history of Kazakhstan», discipline, «modern history of Kazakhstan», history of the motherland, standard program, academic year.

Уткур АЛИЕВ,
кандидат исторических наук, доцент,
Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова,
E-mail: utkuraliyev@mail.ru, Казахстан, г. Шымкент.

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ ОТЕЧЕСТВА

Вскоре после обретения нашей страной независимости во всех учебных заведениях республики начал преподаваться предмет «История Казахстана». В то время «История Казахстана» преподавалась как отдельная дисциплина и в высших учебных заведениях республики. Однако с 2016-2017 учебного года эта дисциплина была исключена из программы высших учебных заведений, вместо нее введена дисциплина «Современная история Казахстана». В статье рассматриваются некоторые вопросы преподавания Истории Казахстана в высших учебных заведениях республики, подготовки типовых программ учебников по истории Отечества.

Ключевые слова: независимость, республика, вузы, «История Казахстана», предмет, «Современная история Казахстана», История Отечества, типовая программа, учебный год.

Кіріспе. Бүгінгі біздің қоғамда үлкен мәні бар өзгерістер болды және болуы күтілуде... Бұл қоғамдық өзгерістерді амалға асыратын – Қазақстан азаматтары. Азаматтардың қоғамға деген қарым-қатынасы бұл өзгерістердің өміршең болуында негізгі фактор болып табылады. Ал,

қоғамды өзгертіп, жаңа Қазақстан құратындар – жастар!!! Сондықтанда жоғары оқу орындарында оқытылатын пәндерге де, соның ішінде Қазақстан тарихы пәнін оқытуда да көңіл бөлетін өзекті мәселелер бар.

2022-23 оқу жылынан бастап республика

жоғарғы оқу орындарында 2016-2017 оқу жылынан бастап оқытылып келген «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні «Қазақстан тарихы» пәні болып қайта өз орнына келеді. Дәл осы жағдай мақаланың жазылуына себеп болды.

Материалдар мен әдістер. Қоғамда азаматтардың саяси-әлеуметтік санасын қалыптастыруда да, оны жаңғыртуда да «Отан тарихы» пәнін оқып үйренудің орасан зор танымдық және тәрбиелік мәні бар екендігі баршаға мәлім. Өткенді зерделемей болашақты болжау мүмкін емес. Қазірге дейін «Отан тарихы» өрескел бұрмаланып, көптеген өзекті мәселелер «ақтаңдақ беттерге» айналды. Біз бұл үшін ешкімді де (тарихшыларды да) кінәламаймыз. Бұл туралы әлем тарихы методологиясына салмақты үлес қосқан Арнольд Джозеф Тойнби (1889-1975) өзінің «Тарихты жете түсіну» атты еңбегінде: «Әр дәуірде және кезкелген қоғамда тарихты оқып үйрену мен танып білу, қандай да болсын өзге әлеуметтік қызмет түрі сияқты, сол заманның және ортаның үстемдік етуші бағыттарына бағынады», – деп жазады [1].

Талдау. Бұл цитата дәл қазіргі біздің «Қазақстан тарихы» пәнін оқытудағы бағдарлама мен оқулықтарды дәйындауда негізгі ұстаным болуы тиіс. Жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихы пәнін оқытуда «Ел тарихын» өз дәрежесінде меңгерген әрбір студенттің Қазақ елінің патриоты, ұлтжанды және халықтар достығын қастерлейтін азамат болып қалыптасуына көміл сенеміз. Ол үшін біз отандық тарих туралы білім мазмұнын айқындауда, жетекші идея ретінде жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар, олардың өзара байланыстары мен бірін-бірі толықтыруы, білімді демократияландыру және ізгілендіру принциптерін басшылыққа алуымыз қажет.

Зерттеу нәтижелері. Бұл идеяны қазіргі білім жүйесінде орын алған тест бақылауы жағдайында іске асыру үшін Қазақстан тарихы пәнін заман талабына сәйкес ғылыми талқылау әдісімен зерттеуіміз құп болады. Олар мыналар:

- тарихилық ұстанымы;
- жалпы адамзаттық құндылық ұстанымы (евроцентризмнен шығу);
- ҚР Конституциясының және соның аясындағы өзге заңдардың, қазіргі мемлекет жүргізіп отырған идеологиялық шаралардың рухани сәйкестілігі ұстанымдары негіз болуы тиіс.

Осы жерде біз: «Тарих деген не?» деген сұраққа да тоқталайық... Көптеген кітаптарда, тарих – ата-бабамыз басып өткен жол деп айтылған. Тарихты «өткен өмір ғана» деп білу қате пікір. Шынайылықты ғылыми дәлелдермен тапқан тарих адамзаттың әлемдегі өзіндік орнын белгілеп берсе, ал бұрмаланған тарих адамзаттың өздік болмысын жоғалтып жібереді.

Сондықтан да біз тарих философиясы ғылымының көрнекті өкілі Р.Дж.Коллингвудтың «Тарих идеясы» атты еңбегінде айтылған: «Егер тарихи білімнің пәні не болуы мүмкін деп сұрасақ, онда оның жауабы – тарихшының санасына қайта өңделген нәрселер болар еді», – деген байламын құптаймыз [2].

Сондықтан да, қазіргі таңда тарихшы ғалымдардың, тарихшы оқытушылардың алдында шешуші негізгі міндеттер тұр. Тарихи еңбектерде

объективтік жағдайларды талқылауда халқымыздың мәдени деңгейі жетілмеген халық ретінде ғасырлар бойы психологиялық тұрғыда бағынышты ел болуға тәрбиеленді. Өкінішке орай біз әлде де сол жағдайдан шыға алмай келеміз. Сөйтіп, қазақ өз ұлтынан намыстанатындай жағдайға жетті. Сондықтан да қазіргі уақытта «Отан тарихын» оқытудағы ең өзекті мәселелердің бірі – тарихымыз арқылы жастарды патриоттық сезімге тәрбиелеу болып табылады. Оны орындау үшін «Отан тарихы» пәнін оқытқанда тарихи кезеңдердің тек саяси бағыттарына ғана баса назар аудармай, сонымен бірге сол кезеңдегі рухани, мәдени, әлеуметтік, этнопсихологиялық тұстарын да кең ғылыми талдап-талқылап жан-жақты тоқтала оқыту арқылы мақсатқа жетуіміз мүмкін.

Қазақстан тарихын оқытудағы өзекті мәселелердің тағы бірі – бір оқиға не мәселе туралы ой-пікірдің әртүрлілігі. Бұл мәселені бір ізге түсіру үшін тарихшы ғалымдар сол мағлұматтардың шынайылығын анықтап, дәлелдеп беруі қажет. Осы жерде және бір ой пайда болады: Қазақстандағы барлық жоғары оқу орындарындағы пән жалпыға бірдей бір типтік бағдарламаға негізделіп оқытылады, сондықтан да, жалпыға ортақ бір негізгі оқулық дайындалса, ал басқа оқулықтар мен оқу құралдары қосымша болар еді.

Меніңше, тарих жас ұрпақ санасына саяси-идеялық көзқарастарды қалыптастыру үшін ғылыми-теориялық және әдістемелік негізделуі қажет. Олар:

-біріншіден, «Отан тарихы» бағдарламасын қалыптастыру, оқыту процесінде ғылыми, қалыстық, тарихи, хронологиялық, анықтылық және т.б. негізгі ұстанымдардың болуы;

-екіншіден, Отан тарихын оқыту және үйрену барысында жастарда тарихи білім, түсінік, ғылыми-теориялық талқылау қалыптастыру;

-үшіншіден, Отан тарихының басынан аяғына дейін жалпы адамгершілік ұстанымы мен ұлттық құндылықтарымызға құрмет, жалпы тарихқа құрмет рухымен сусындаған болуы;

-төртіншіден, Отан тарихының бағдарламасында ең негізгі идея – отансүйгіштік, интернационализм, Республикамыздағы ішкі татулық пен сыртқы байланыстардағы жалпы адамгершілік ұстанымдары болуы;

-бесіншіден, Отан тарихы тәуелсіз еліміздің даму жолына қызмет етуі үшін заман талабымен бірдей, артта қалмай дамытылуы;

-алтыншыдан, Отан тарихы бағдарламасын, оқулығын құрастырған кезде жастардың білім және жас деңгейі, көзқарастары мен ойларымен санасу;

-жетіншіден, Отан тарихы пәнінің бағдарламасы, оқулығы алғашында қазақ тілінде жазылып, содан кейін барып басқа тілдерге аударылуы қажет. Басқа тілде жазылған Қазақстан тарихында қазақилық рухы жойылады.

Осы мәселелерді орындағанда ғана біз: тарих – халықтың өткені туралы ұжымдық естелігі, қазіргі заман талабына сай қайта сұрыпталған мұрасы, қазіргі адамдардың өміріндегі қорытынды идеалы және қымбатты жол сілтеушісі деген мақсатымызға жете аламыз.

Жасыратыны жоқ, біз қазіргі уақытта да жалпы халқымыздың рухани мәдениеті еуроцентристік

көзқарастармен тарихымызға жасалған талдаулардан құтылған емеспіз. Себебі, біз әлде де болса өз тарихымызды орыс тілінде жазып, сосын қазақ тіліне аударып жүрген бірден-бір халықпыз. Сондықтан да, онда қазақылық рухы кемшін. Ұлттық мүдде көлеңкеде қалады. Сондықтан дақазір «Жаңа Қазақстан» қоғамын құруда бұл мәселе жаңа талқылауды талап етіп отыр. Біз, тарихшылар, жалпы қазақтың өзін оқымыстымын деп санайтын зиялылары, заманның осы талаптарынан артта қалып отырмыз.

Қорытынды. Қазіргі «Жаңа Қазақстан» ұғымын жұрттың санасына сіңіруді қоғамның алдына міндеттеп отырған кезде бұл мәселені талқылау қажеттілігінің рөлі ерекше арта түсуде. Өз ұлтының сана-сезімін қалыптастырған тарихи білімімен сусындамай тұрып, тек қана «жаттанды» тарихпен таныс болған ұрпақ өзін ұлт ретінде сезіне алмайды. Бұл – тарихтан мәлім. Қазіргі оқулықтардың сапасы А.Байтұрсыновтың «Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы – тарих» дегеніне сай ма? Біз өз сабақтарымызда дәл солай, тарихты сөйлете аламыз ба? Қазіргі «Жаңа Қазақстан» идеясын орындау үшін осы мәселе төңірегінде ойлау дәуірдің талабы болып тұр. Азаматтар, жастар, соның ішінде студенттер «Менің Қазақстаным» деп неге талпынбайды? Полиэтникалық халқымыз – Конституцияда белгіленген Қазақстанның негізгі байлығы. Неге олар «Қазақстан – менің Отаным» деудің орнына «Қазақстан – екінші Отанымыз» дейді? Тек қана олар емес, олардың әке-шешелеріде Қазақстанда туылып өсті емес пе?

Осы жерде ойланатын және бір мәселе Карл Маркстің: «Тұрмысты сана билемейді, керісінше, тұрмыс сананы билейді» деген сөзінің дәлелі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында республикамызда экономика мәселесі бірінші орынға қойылған еді. Ал, қазіргі кезде қоғамда азаматтарымызды рухани дамыту өзекті мәселе болып тұр. Республикамызда стратегиялық мақсат

қылып қойылған «Жаңа Қазақстан» қоғамын құру үшін ұлттық ұстанымдарымыз ұлттық идеологияның негізі болуы қажет. Ал, «Қазақстан тарихы» пәні ұлттың тарихын терең зерттеп, осы міндетті орындауда өз үлесін қосады деп сенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тойнби А.Дж. Тарихты жете түсіну. // Тарих – адамдар ақыл-ойының қазынасы. VIII т.
2. Коллингвуд Р.Дж. «Тарих идеясы» // Тарих – адамдар ақыл-ойының қазынасы. VIII т.
3. Алиев У. Қазақстан тарихын оқытудың кейбір мәселелері. // «Қазақстан тарихы» журналы, 2006. №6
4. Алиев У. Отан тарихын оқытудың методологиялық мәселелері. // «Қазақ тарихы», 2008. №7-8.
5. Алиев У. Отан тарихын оқытудың кейбір мәселелері. // «Қазақ тарихы», 2017. №6.

REFERENCES

1. Toinbi A.J. Tarihty jete түсіну. // Tarih – adamdar aqyl-oiynyñ qazynasy. VIII t. [A detailed understanding of history. // History is a treasure trove of people's minds. Vol. VIII.] [in Qazaq].
2. Kolingvud R.J. «Tarihideiasy» // Tarih – adamdar aqyl-oiynyñ qazynasy. VIII t. [“The idea of history” // History is a treasure trove of people's minds. VIII Vol.] [in Qazaq].
3. Aliev U. Qazaqstan tarihyñ oqytudyñ keibir мәseleleri. // «Qazaqstan tarihy» jurnaly, 2006. №6 [Some problems of teaching the history of Kazakhstan. // Journal” history of Kazakhstan”, 2006. No. 6] [in Qazaq].
4. Aliev U. Otan tarihyñ oqytudyñ metodologialyq мәseleleri. // «Qazaq tarihy», 2008. №7-8. [Methodological problems of teaching the history of the motherland. // “Kazakh history”, 2008.No. 7-8.] [in Qazaq].
5. Aliev U. Otan tarihyñ oqytudyñ keibir мәseleleri. // «Qazaq tarihy», 2017. №6. [Some problems of teaching the history of the motherland. // «Kazakh history», 2017.No. 6.] [in Qazaq].

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ – ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕ

Гаухар НАКОШОВА,
№76 негізгі мектептің тарих пәні мұғалімі

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘДЕБИ ЖӘНЕ МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАСЫ

Сабақ тақырыбы:	Қазақ халқының әдеби және музыкалық мұрасы.
Оқу мақсаты:	10.4.1.9 -фольклор және зерттеушілер еңбектерінің негізінде дәстүрлі музыкалық мәдениеттің бастаулары мен ерекшеліктерін анықтау.
Сабақтың мақсаты	Қазақ халқының әдеби және музыкалық мұрасы туралы біледі.
Құндылыққа баулу	Құндылықтар: -өзгенің еңбегін құрметтеу; -патриотизм; -ұлттық сана-сезім; -ынтымақтастық.

Сабақтың барысы				
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің әрекеті	Оқушы әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдас- тыру. Өзін-өзі тексеру Өткен білімді еске түсіру.	Сәлеметсіңдер ме оқушылар! Nismath.org сайты бойынша электронды түрде 3 топқа бөлемін. Үй тапсырмасы: Wordwall.net (уод уол) әдісі арқылы сұралады. Өнердің қандай түрлерін білесіңдер? Музыка өнеріне байланысты өз ойларын айту. Оқушыларды сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру. Сабақтың басында мұғалім: Ұлы Абай: «Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денең ...», – деп халқымыздың ғұмыры өлең-жырмен өткендігін білдіреді. Ш.Уәлихановтың досы Г.Н.Потанин: «Бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінеді» деп жазған. Қазақ халқы ән мен күйге өте бай. Оны халқымыздың музыкасын зерттеген, Затаевичтің «Қазақ халқының 500 ән-күйі», «Қазақ халқының 1000 әні» атты кітаптарынан көруге болады. А. Затаевич «Қырғыз (қазақ) халқының 1000 әні кітабының бірінші басылымының алғысөзінде бұл еңбектің жарық көруіне ықпал еткен бірнеше адамның есімін ерекше атаған. Олардың ішінде А. Байтұрсынұлы мен Ә. Бөкейхан бар. «Қазақ тарихы, тұрмысы мен этнографиясының терең білгірі ретінде мен жинаған мол материалды жүйелеуге бағыт-бағдар сілтеп отырды. Оның бұл елеулі еңбегіне аса тәнтімін, айтар алғысым шексіз», – деп жазды А.Затаевич. Сонымен қоса А.Байтұрсынұлының Аққұм, Шилі өзен, Екі жирен, Қарғаш, Қараторғай сияқты бірнеше өлеңдері бар екені де белгілі болды. XIX – XX ғасырларда қазақ музыкасы ғұрыптық және эпикалық жанрдан бөлек, сазгерлер мен орындаушылардың шығармашылығы түрінде дами бастады. -Қазақстанның батыс және орталық аймақтарында домбырада орындалатын күй дамыды. (Қ.Сағырбайұлы, Дәулеткерей, Д.Нұрпейісова). -Орталық және Шығыс Қазақстанда кәсіптік ән мектебі қалыптаса бастады. (Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса). -Жетісуда айтыс (суырып салма ақындардың сөз жарысы) дәстүрі дамыды. XIX ғ. халқымыздың көрнекті музыканттары, сазгерлері мен ақындарының шығармашылығы қазақ музыкасының классикасына айналды. Ең алғаш музыкалық аспаптарды жинақтап, Н.Тілендиев «Отырар сазы» оркестрін шығарды. Енді сол оркестрді тыңдайық...	Оқушылар өз жауаптарын ұсынады.	ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады.	Қазақстан тарихы Джандо- сова З.А Алматы: Мектеп, 2019 ж. Nismath. org Wordwall. net Мұғалім презентациясы.
Жаңа білім	Зерттеу сұрағы: -Қазақ халқының дәстүрлі музыкалық мәдениетінің ерекшелігі неде? Келесі сұрақтар бойынша талқылау ұйымдастырамын: - Бұл шығарманы бұрын естідің бе? Олар бізге қандай ақпарат береді? Тарих ғылымы үшін әдеби және музыкалық мұраның маңызы бар ма? Болса, неліктен? Зерттеу және талдау. Төмендегі әдеби мұра салаларынан шығармаларды дерек ретінде пайдалану арқылы дәлел келтіреді, тақырып мазмұнын ашады: - Ауыз әдебиеті жырлары; - Жыраулар поэзиясы; - Мақал-мәтелдер; - Ертегілер; - Айтыс өнері шығармалары. 1-тапсырма. «Үштік» (Ойлан, топтас, бөліс) әдісі бойынша оқушылар тақырыпты оқып ойланады, жұппен жұптасады, топпен пікірлесіп тақырыпты қорғайды. Тапсырма: 1-топ: Дәстүрлі музыкалық мәдениет. 2-топ: Қазақтың дәстүрлі мерекелері. 3-топ: Халықтық білім (этноғылым).	Мәтінмен жұмыс. Оқушылар мәтіннің негізгі идеясын ашады, халқының ауызша сақталған тарихи мұраларын сипаттайды.	ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады.	https://www.youtube.com/watch?v=chjCd32s5Ls Қазақтың айтыс өнері https://www.youtube.com/watch?v=LMSqIOUad_0

Жаңа білім	Төмендегі бағалау критерийлері бойынша топтың жұмысы бағаланады.				Оқушылар қазақ халқының музыкалық дәстүрін сипаттайды.	Критерийлер: Ауыз әдебиеті жырларынан, жыраулар поэзиясынан, мақал-мәтелдер, ертегілерден, айтыс өнері шығармаларының барлығынан кемінде 1-2 дәлел келтіру.	Қоңыратбаев Ө. Қазақ фольклорының тарихы. -Алматы: Ана тілі, 1991. – 288 б. Момынұлы П. Қазақ музыкасының қысқаша тарихы: монография.3-т. - Шымкент, 2007.-392 б.	
	р/с	Критерийлер	Тақырыптың ашылуы. Критерийлер	Тақырыптың баяндалуы				Топтағы ынтымақтастық ахуал
	1-топ							
	2-топ							
	3-топ							
	2-тапсырма. Кестені толтыр. Жеке жұмыс. Қазақ халқының музыкалық дәстүрі.							
	Өнер салалары	Берілген өнер саласындағы тұлғалар	Жаңалығы					
	Күй өнері							
	Ән мектебі							
	Айтыс							
	Дескриптор: Білім алушы: - Күй өнері саласында еңбек сіңірген тұлғаны атайды; -Күй өнері саласындағы жаңалықты сипаттайды; - Ән мектебі саласында еңбек сіңірген тұлғаны атайды; - Ән мектебі саласындағы жаңалықты сипаттайды; - Айтыс өнері саласында еңбек сіңірген тұлғаны атайды; -Айтыс өнері саласындағы жаңалықты сипаттайды. Мұғалім кері байланыс береді. Оқушылар өзара бірін бірі бағалайды.							
Бекіту	Жаңа сабақты пысықтау. Сұрақ-жауап. 1.Қазақ халқының дәстүрлі музыкалық аспаптарын атаңдар. Күй өнері қай өңірлерде дамыды? 3.Айтыс дегеніміз не? Айтыскер ақындар қандай тақырыптарды көтерді? Үйге тапсырма: §56 Қазақ халқының дәстүрлі музыкалық және рухани мұрасын оқу. «Халықтық білім (Этноғылым) саласы туралы таныстырылым дайындау.				Сабақтың тақырыбын қорытындылау.	Бағалау парақшасы	Ақпараттық карточка	
Кері байланыс.	БББ кестесі. - Білемін... - Білгім келеді... - Білдім... Мына сұрақтар бойынша жауап береді.				Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады.	Оқушылар бағалау критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды.	A4, конспект.	

Қызылорда облысы,
Арал ауданы,
Аққұлақ ауылы.

РӘМІЗДЕР – КИЕЛІ ҚҰНДЫЛЫҚ

Отаны үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруда, ел тәуелсіздігін нығайтуда мемлекеттік рәміздердің алар орны ерекше. Қысқасы, Отан мен мемлекеттік рәміздер – егіз ұғым. Осы екі егіз ұғым әр азаматтың жадында жүрер болса, онда олардың рухы да асқақ болмақ. Ал рухы мықты елдің алар асулары әрқашанда жоғары болатыны сөзсіз. Осы рәміздердің түп-төркінінде ұлттық рухты көтеру, ізгілікті арттыру, әр адамның кеудесіне отанға деген іңкәрлік сезімді ұялату жатқаны анық. Рәміздеріне қарап олардың тарихын, мәдениетін, дінін, тілін, дәстүрін, барлық құндылықтарын білуге болады. Мемлекеттік рәміздер еліміз үшін, мемлекет үшін ең баға жетпес қазына, таусылмас байлық. Бұл байлықты әрбір «мен қазақпын» деген азамат ардақ тұту қажет. Рәміздер біртұтас Қазақстан Республикасының ажырамас бөлігі, айқын бейнесі. Рәміздердің әрқайсысының шығу тарихы бар. Бұл Қазақстанның қаншама ғасырлар бойы аңсап күткен тәуелсіздігін алғандығын паш ететін киелі қазына.

Мемлекеттік рәміздер – Қазақстан Республикасының дербестігі мен тәуелсіздігін бүкіл әлемге танытушы әрі мемлекетіміздің өткені мен бүгінгі және болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын көрінісі. Сондай-ақ рәміздер – халқымыздың мұқалмас рухын, қаһармандығы мен даналығын, асқақ арман-тілегін жеткізетін құнды белгілер.

1992 жылы 4 маусымында Қазақстанның жаңа Мемлекеттік рәміздері туралы заң қабылданып, алғаш рет бекітілді. Бұл күн ел тарихында жаңа мемлекеттік рәміздер күні ретінде мәңгі есте сақталады.

Жас мемлекеттің рәміздерін жасауға бүкіл Қазақстанның халқы ат салысты. Оған сол кезде жарияланған байқау куә. Мемлекеттік рәміздер эстетикалық талаптармен бірге, тарихи, экономикалық, саяси мәні анық айшықталған шешімді табу қажет болатын.

Ту бейбіт кезде құрметпен сақталып, ол тек жауапкершілік кезінде шығарылып отырған. Тудан айырылу – өліммен тең болған. Көне заманда ұлы дана бабаларымыз Төле би, Әйтеке би Ордабасында кездескеннен кейін Әбілхайыр хан үш жүздің басын қосып Бөгенбай батырға қазақтың туын ұстатқан.

Мемлекеттік туымыздың авторы – еліміздің өнер қайраткері Шәкен Ниязбеков.

Жалауды айқындайтын элементтердің бірі – оның түсі. Көк түстің таңдалуы кездейсоқ емес, ол – адалдықтың, мінсіздіктің және сенімділіктің белгісі. Бірлікпен бірге көк түс барлық елдердің тыныштығы мен ырысын білдіретін бұлтсыз аспанды еске алады. Аспандай ашық көк түс, қазақтардың ұлттық түсі. Өйткені көшпенді қазақтар үшін табиғат, мекендеу ортасы ғана емес, сонымен қатар өмірінің ажырамас бөлігі болатын. «Көк» сөзі ежелгі түріктердің тілінен аударғанда «Шығыс» деген мағына білдіреді.

Геральдистердің сөзіне сүйенетін болсақ, Қазақстан жер шарының шығысында орналасқан, ежелгі шығыс мәдениетінің қасиетті екенін.

Туымыздың ортасында шұғылалы күн оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Сабының тұсында ұлттық өрнектік жолақ түрінде нақышталған. Күн бейнесі – шекарамыздың бұзылмайтындығын бейнелейді. Шексіз далада ұшқан қыран, ою-өрнек – еліміздің ұлттық жиынтық белгісі. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өнер бейнесі алтын түстес.

Бүгінгі Елтаңбаның иелері сәулетшілер Жан-дарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханнның. Мемлекеттік елтаңбасының негізіне шаңырақ алынған. Шаңырақ әлімнің біртұтастығын, мемлекетің бастауы, отбасы ошағын бейнелейді. Дөңгелек – шығыс халықтарының байырғы дүние танымына етене жақын, өйткені бұл нысан өмір шексіздігінің белгісі. Шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шанышылған. Олар – мамыржай шуақты өмірмен мейірім – шапағат жылылықтың белгісі. Оң жағы мен сол жағында аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылып, жауға қарсы күресте арыстанның үрейсіздігін, өгіздің күші мен қуаттылығын, маралдың жылдамдылығын, түлкінің қулығын білдіреді. Тұлпардың алтын қанаттары – астықтың, тоқшылықтың және материалдық ырыс-несібенің белгісі. Елтаңбаның ортасында бес бұрышты көлемді жұлдыз – біздің жүрегіміз бен құшағымыз барлық бес құрылық өкілдеріне ашық деген сөз.

Осы күнгі мемлекеттердің әрқайсысының өзінің ұлттық Әнұраны бар. Олардың бәрін «көру, есту, түсіну дегеніміз – табиғаттың ең тамаша сыйы», – деген екен ұлы ғалым Альберт Эйнштейн. Қазақстан Республикасының Әнұраны да адамға зор рухани әсер ететін күш. Қазақтан Республикасы мемлекеттік әнұранының негізі – ол халық арасында кең тараған «Менің елім» атты патриоттық өлең. Әнұран – халық жүрегінің соғуы, армандардың тас-түйін қорытпасы. Әнұранның авторлары – Шәмші Қалдаяқов (әні), Жумекен Нәжімеденов және Нұрсұлтан Назарбаев. Әнұран ресми рәміз ретінде, Қазақстанның болашағы мен өзінің болашағына сенетін қазастандықтардың ортақ рухани қазынасына айналып кетті.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туы мен Мемлекеттік Елтаңбасының эталондары Елбасының Резиденциясында сақталады.

Рәміздер – бұлар біздің еліміздің, Қазақстанның, яғни Республикамыздың бет бейнесі, біз үшін биік, біз үшін қастерлі. Қазақстанның әрбір азаматы оларды құрметтей, қастерлей білуі қажет деп ойлаймын.

Жамбыл облысы,
Т. Рыскулов ауданы.

ҒҰНДАР ТАРИХЫ. ҒҰН МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Сабақтың мақсаты:

1) Оқушыларға ғұн тарихын түсіндіре отырып, олардың жаңа тақырыптағы білімді игеруіне жол ашу.

2) Мемлекеттердің қалыптасуының алғы-шартын, оның белгілерін анықтай білуге дағдыландыру.

3) Тарихи аңыз деректер негізінде балаларды ұлтжандылыққа тәрбиелеу, ірі саяси тұлғаны үлгі қылу.

Сабақтың түрі: жаңа сабақ.

Сабақтың әдіс-тәсілі: түсіндіру, талдау, іздену, өз бетінше жұмыс, ой-қозғау.

Сабақтың көрнекілігі: оқулық, слайдтар.

Сабақтың барысы:

1.Ұйымдастыру кезеңі.

Ізгі арманын, үмітін, Бабалардың жалғаймыз!

Білім көкжиегінде Жалындаймыз, самғаймыз!— дей отырып, сабағымызды бастаймыз.

А) Психологиялық дайындық «Өз елінің тарихын білмеген адам, басқа елдің тарихын біліп жарытпас».

Ә) Үй тапсырмасын тексеру (10 мин.).

БЛУМ такonomiaсы негізінде (сурақтар қою).

1. Қаңлылар туралы қандай деректер бар? Оларда қаңлылар туралы не айтылады?

2. Қаңлылар мекендеген жерлердің табиғи-климаттық жағдайын сипаттап беріңдер?

3. Қаңлылардың қоғамдық жағдайы туралы не білесіңдер?

4. Қаңлыларда егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы қалай дамыған және өзіндік ерекшеліктері қандай?

5. Тағы басқа қандай кәсіппен айналысқан?

6. Шет елдермен сауда байланысы болғанын дәлелдейтін нәрселерді ата!

7. Мәдениеттің қандай түрлері жақсы дамыған?

Б) Жаңа сабақ (8 мин.)

1) «Сатылай комплексті талдау» технологиясын қолдану арқылы жаңа сабақты түсіндіру.

ҒҰНДАР.

Мекендеген жері. Моңғолияның оңтүстігінен Каспий өңіріне дейінгі Орталық Азияның кең-байтақ кеңістігін мекендеді.

Деректер. Қытай деректерінде «Ғұн» атауы б.з.б. 3 ғасырдың аяғында пайда болған. Шығыстанушы ғалым Л.Н.Гумилев: «Ғұн державасы б.з.б. 209 жылы пайда болды»,— дейді. Мемлекеттің

құрылысы Сол қанат Әскери жүйе бойынша Орталық қанат Оң қанат Басқару жүйесі: Шаньюй.

Бекзадалар. «Түменбасы» (шаньюйдың ұлдары, інілері, жақын туыстары) 24 руды басқарды және 24 түменбасын шаньюй тағайындаған әрқайсысында 10 000-нан атты әскер болған. Түменбасы – мыңбасын, жүзбасын, онбасын тағайындады.

Саяси жағдайы. Ғұндар мен Қытай елінің арасындағы соғыс қимылдары 300 жылдан астам уақытқа созылған. Мөденің (б.з.б. 228-174 жж. өмір сүрді) (б.з.б. II-I ғ. Ел биледі) реформалары.

1. Ғұндарды қуатты мемлекетке айналдырды.

2. Оңтүстігіндегі дунхуларды талқандап, басып алды.

3. Хань әулетінің негізін қалаушы Лю-Банды да жеңіп, бағынышты етті.

4. Байкал көлінен Тибет тауына дейін, Шығыс Түркістаннан Хуанхэ өзенінің орта ағысына дейінгі аралықта құдіретті Ғұн мемлекеті пайда болды. Б.з.б. 1 ғасырдың ортасында б.з.б. 55 жылы ғұндар екіге бөлінеді.

Оңтүстік ғұндар тәуелсіздігінен айырылды. Солтүстік б.з.б. 1 ғ. Аяғында Чжи-чжи шаньюй басқаруымен тәуелсіздікті сақтап қалды. Ғұндар жылжи отырып Дунай арқылы Батыс Еуропаға дейін жетті. Ғұндардың шығыстан батысқа жылжуы б.з.б. 2 ғасырда басталып, б.з.-дың 4 ғасырына дейін созылды.

2) тапсырма «Сөйлемдерді толықтыр».

Қытайлар ғұндардың басшысын _____ деп атады. «Ұлы Қытай қорғаны» биіктігі_____ м. Б.з.б._____ғұндар екіге бөлінді. Ғұндар_____рудан тұрды. Ғұндар мен Қытайлар арасындағы соғыс қимылдары _____ астам уақытқа созылды.

3) Тапсырма «Сұрақтарды жауаппен толықтыр»

Ғұн – Б.з.б. 55 жылы – 24 – Шаньюй – Түменбасы – Мөде – Чжи-чжи –

В) Ой қорытындылау.

Бағалау парағы.

Қорытынды.

Оқушыларды бағалау.

Ақтөбе қаласы.

МЕНІҢ ІС-ТӘЖІРИБЕМ

Педагогика – көп қырлы термин, сан алуан пікірлер, көзқарастар жиынтығын, тәрбиенің мазмұны мен тактикасының ерекшеліктерін сипаттайды.

Менің мақсатым: Әр оқушыны жеке тұлға ретінде қарастырып, оның жан-жақты дамуына жағдай жасау.

Ол үшін:

-Оқушыларға өзімнің пәнім бойынша терең және нақты білім беру.

-Оқушыларға білімге деген құштарлығын, өмірге деген өзіндік пікірін қалыптастыру.

-Әр оқушының шығармашылық, зерттеушілік қабілеттерін ашуға үлес қосу.

-Оқушылардың білімге деген қызығушылықтарын арттырып, өз бетімен жұмыс жасауға дағдыландыру.

-Оқушыларда зияткерлік қасиеттерді дамыту.

-Өз елін сүйетін нағыз азамат болуға тәрбиелеу.

Оқушылармен қарым-қатынаста мен тәртіппен демократиялық қағидаттарын ұштастыруға тырысамын. Шешімдерді әділдікпен қабылдаймын, оқушыларды жеке тұлға ретінде сыйлаймын. Өмірде мен оптимистік көзқарасты қолдаймын. «Оқу инемен құдық қазғандай» дегендей оқушыға барынша сапалы білім беруі үшін көп ізденіс үстінде болып, біліктілігімізді үнемі арттырудамыз. Оқушы да, мұғалім де – барлығымыз үлкен оқу қоғамдастығының бір мүшелеріміз. Оқушыны үйрете отырып өзімізде үйренеміз. Өзім бұрынсоңды танымаған жаңашылдық ашуды көздеп, Кембридж бағдарламасы бойынша білім алуды мақсат еттім. Оқу барысында бағдарламаның негізгі идеясын, мақсаты мен міндеттерін түсіндім. Ең алдымен сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру керек екендігіне көзім жетті. Оқушы жеке тұлға ретінде қандай адам екен, ол оқуға қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің біртұтас кешені. Оқушы қандай көңіл күйімен сабаққа келгенін ең алдымен анықтау керек екендігін түсіндім. Жеті модульде қарастырылған идеялар сабақта пайдаланатын жекелеген стратегиялар мен тәсілдер сияқты өзара байланыста болу керектігін ұғындым. Оқушыларға нақты қызмет тәжірибесін меңгертіп, оқушылар тек бақылаушы ғана емес, өздері қатыса отырып қиын мәселелерді өз бетінше шеше білуге үйретуді көздедім. Оқушылардың жан дүниесіне үңілуге тырысам. Ынтымақтастық атмосфера-

сын қалыптастыру мақсатында мен сыныптарда сабақтан тыс бірнеше тренинг өткіздім. Оқушылар шеңберде үстелге отырып, өзінің көршісі туралы мәлімет берді. Осы мәлімет бойынша оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы өте жылы, сүйіспеншілік, қайырымдылық, ізгілік бірін-бірі сыйлау, құрметтеу тенденциясы басым болды. Сыныптардың оқушыларының көпшілігі адамгершілікті рухани байлықты пір тұтатынын анықтадым, бірнеше рет адамдардың арасындағы қарым-қатынас туралы әңгімелестім. Оларға қойылған сұрақтар «Адамдар өмірін жалғыз өткізе ала ма?» Адамдар қарым-қатынасты қалай құру қажет деп ойлайсыңдар? Оқушылардың жауаптары: Адамдар өмірін жалғыз өткізе алмайды, себебі адам қоғамда өмір сүруге жаратылған. Олар мысал ретінде Робинзон Крузоны алды. Қоғамсыз адам азып кетеді, дамымай қалады деген қорытындыға келді. Адамдар арасында үнемі бір-біріне деген жанашырлық, мейірімділік қасиеттер басым болу керектігі туралы айтылды. Оқушылар мынадай қорытындыға келді: «Дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені қиыншылықтың бәрі соның басында». Оқушылар сабақ барысында бір бірімен пікір алмасып отыру керек. Сабақтарда мен үнемі СТО-ның көптеген стратегияларын қолданамын.

Ол үшін «Түртіп алу әдісі», «Ассоциация», «Кластер» әдістерін қолданамын. Оқушылар ақпаратпен танысып болғаннан кейін мына белгілерді қойып шығу керек болады. V – маған таныс, + – мен үшін жаңа, –түсінбедім, ?– бұл туралы тереңірек білгім келеді. Оқыту оқушының бастапқы білімі мен дағдыларын назарға алып, оларды өрістетуге тырысамын. Балдар осы әдісті пайдалану барысында бұрыннан таныс мәліметті жаңа мәліметпен ұштастырады, берілген ақпаратты сыни тұрғыдан бағалайды, алда оқылатын проблеманың бағытын анықтайды. Оқушылардың өз бетімен ескі мен жаңа білімдерін ұштастырғаны, оған терең талдау жасағаны, кембридж оқыту тәсілінің ұтымды жақтарын көрсетеді. Мұғалім оқуды бағалаумен (жиынтық бағалау) қатар, оқыту үшін бағалауды (формативтік бағалауды) пайдаланғанда бағалау оқудағы аса пайдалы құралға айналады. Оқушы өз білімдерінің деңгейін өздері бағалайды. Әр топта оқушылар бағалау критерийлерін анықтайды. Көшбасшылар әр топ мүшесіне әділ баға беруге тырысады. Сабақтарда мен бағалаудың мына түрлерін пайдаланамын: «Екі жұлдыз, бір тілек», «Бір керемет, бір тың

идея, бір әттеген-ай», «Бармақпен бағалау», «Бағдаршам» арқылы бағалау, критерий бойынша бағалау. Тілектерін жазған кезде оқушылар осы процеске аса үлкен жауапкершілікпен қарағаны айқындалды. Олар әр топ оқушыларының топтық жұмысқа қосқан үлесін атап көрсетті, мына оқушы ойын жақсы айтты, ал мына оқушы дұрыс айта алған жоқ деп көзқарастарын білдіреді. Бұдан аңғарылған нәрсе, оқушылар мұғалімнен гөрі

өзара баға қойып, сұрақ қою арқылы қателерін тапқанды ұнатып, сабаққа да қатысымы артып, қызығушылықтары да арта түседі. Оқушылар бір-біріне жуан сұрақтар қоюға тырысады. Осы кезде олардың арасында бәсеке, жеңіске жетуге деген ұмтылыс пайда болады. Топтар арасында бәсекелестікті күшейтетін әдіс-тәсілдерді көбейту керек деп ойлаймын.

Ақтөбе қаласы.

Ғалия ӘБДІХАЛЫҚОВА (Абдикалыкова),
Алматы мемлекеттік жаңа технологиялар
колледжінің тарих пәні оқытушысы

«АЛАШ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

*«Алаш» қозғалысы және қазақ революционер-
демократтарының саяси көзқарастары.
(Қазақстан тарихы. 1-курс)*

1. Сабақ түрі: аралас сабақ.

2. Мақсаты, міндеттер:

2.1. Сабақтың мақсаты (оқыту нәтижесі): «Алаш» қозғалысы және қазақ революционер-демократтарының саяси көзқарастарын сипаттайды;

2.2. Оқу сабақтары барысында білім алушылар игеретін кәсіби біліктердің тізбесі (бағалау критерийлері): «Алаш» ұлттық идеясының мәнін ашады және тарихи фактілермен негіздейді.

2.3. Тілдік мақсаттары: тақырыпқа байланысты терминдермен жұмыс жүргізіледі. Алаш, алаш қозғалысы, петиция, панисламизм, жәдитизм, пантюркизм, ұлтшылдық, либералдық демократия, марксизм, революциялық демократия, идеология, Қазақ газеті, Конституция, ақпан революциясы, автономия, федерация, Алаш партиясы. Қосымша 1.

2.4. Құндылықтарды дамыту: Өткен тарихына құрметпен қарау, еліне деген мақтаныш сезімін қалыптастыру арқылы «Алаш» идеясының құндылығын бағалау.

2.5. Пәнаралық байланыс: дүниежүзі тарихы 3.Бөлім. Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан, әдебиет.

3. Сабақты жабдықтау:

3.1 Оқу-әдістемелік құрал-жабдықтар, анықтамалық әдебиеттер: 3.А.Жандосова. Қазақстан тарихы. 11-сынып: Мектеп, 2019, Тарихи тұлғалар /Құраст. Б.Тоғысбаев, А.Сужикова.- Алматы:

Алматы кітап баспасы, 2012.- 384 б.

3.2. Техникалық жабдықтар, материалдар: <https://www.youtube.com/watch> «Ұлы Дала Алаш Автономиясы», «Ұлы Дала Түркістан автономиясы» www.youtube.com/watch, презентация «Ұлт- тұлғалары»

4. Сабақтың барысы:

4.1 Ұйымдастыру кезеңі (2 минут).

Сәлемдесу. Көңіл күйлерін сұрау. Сабаққа қатысуын тексеру.

4.2 Ынталандыру және жаңа тақырыпты хабарлау (3 минут). «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жекеменшікке де, қоныстанушыларға да берілмейді». Ө. Бөкейхан.

1. Бұл пікірмен келісесіздер ме?

2. «Алаш» ұлттық идеясы тұжырымдарының бірі неліктен жер мәселе? Осы пікірлерді келтіріп ой бөлісу.

4.3 Білім алушылардың біліктілігі мен дағдысын тексеру: Топпен жұмыс. Қалай ойлайсыңдар? (10 минут)

1.«Зарзаман ағымының ақындарынан кімдерді білесіздер?

2.«Зарзаман» ағымы ақындарының негізгі тақырыптары қандай?

3.«Зарзаман ағымының ақындарынан кімдерді білесіздер? Белсенді, әлде самарқау өмірлік позицияны иемденді ме?

4.19 ғасырдағы қазақ ағартушыларынан кімдерді білесіздер?

5.19 ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастары неде еді?

6. «Бай болғың келсе – кәсіпті үйрен. Уақыт өте келе байлық таусылады, ал білім таусылмайды». Абай Құнанбаев. Осы сөздің мағынасына мән беріңіз:

- отаршылдық саясатқа қатынасын анықтайды;
- өз халқының жағдайын жақсартуға қатысты арман ойларына баға береді.

- қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси ойдың дамуына қосқан үлесін бағалайды.

4.4 Жаңа тақырыпты түсіндіру (15 минут).

Тілдік мақсаттарға берілген тірек сөздерге оқытушы анықтама беріп түсіндіреді. Ойының дәлелдігіне студенттердің қызығушылығын арттыру үшін бейне сюжет көрсетіледі. «Ұлы Дала Түркістан автономиясы» (2 минут).

Топпен жұмыс. 1. Анықтамалық сөздіктер дәптерге көшіріледі.

Жеке жұмыс. 2. Картамен жұмыс. Қазақ мемлекеттілігінің территориясын картадан белгілеп астаналарын көрсетеді (2 минут).

1. Алаш автономиясы-----.

2. Түркістан автономиясы-----.

3. Қырғыз Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы-----.

4. Қазақ Автономиялы Социалистік Кеңестік Республикасы-----.

Жеке жұмыс (білім деңгейіне қарай). Кітапты пайдалана отырып, берілген 92-109-беттегі тақырып бойынша хронологиялық кесте толтыру беріледі (10 дата жазу), (5 минут).

Оқытушының сөзі: Шығармашылықпен ізденістеріңді дамыту мақсатында үйге дайындалуға жеке тапсырмалар берілді. Сол бойынша жұмыс жүргізейік (25 минут).

1. XX ғасырдың бас кезіндегі либерал-демократтардың саяси қызметі.

2. Әлихан Бөкейханның (1866-1937) қоғамдық-саяси көзқарастары.

3. Ахмет Байтұрсынұлының (1873-1937) қоғамдық-саяси көзқарастары.

4. Барлыбек Сыртановтың (1866-1914) қоғамдық-саяси көзқарастары

Білуі керек ойлар:

- Қазақ мемлекеттілігінің даму жолдары туралы ұлттық зиялылардың қоғамдық-саяси көзқарастарын салыстырады;

- Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалай алады;

- Әлихан Бөкейханның қоғамдық-саяси көзқарастарын талдай алады;

- Ахмет Байтұрсынұлының қоғамдық-саяси көзқарастарын тұжырымдай алады;

- Барлыбек Сыртановтың «Қазақтар елі» Жарғысымен таныса алады.

Бейне сюжет «Ұлы Дала Алаш автономиясы». 2 минут.

Жеке жұмыс. Алаш зиялыларының нақыл сөздері сыр шертеді. Алаш зиялыларының

нақыл сөздерінен студенттер жеке ой бөліседі (5 минут).

Белсенді әдісі: «Конверттегі сұрақтар».

1. Оқу құралының ең ұлығы – бала оқытатұғын кітап.

Ахмет Байтұрсынұлы.

2. Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастайымыз.

Ахмет Байтұрсынұлы.

3. Алыспаған, жұлыспаған бостандық атына мінбейді, бұғаудан босамайды, ер құлдықтан, әйел күндіктен шықпайды, малына да, басына да ие болмайды!

Әлихан Бөкейхан.

4. Азаттық таңы атты! Тілекке құдай жеткізді! Күні кеше құл едік – енді бүгін теңелдік!

Әлихан Бөкейхан.

5. Қазақтың оқыған азаматтары, қазаққа осындайда қызмет етпегенде қашан қызмет етіп пайдамызды тигіземіз?!

Әлихан Бөкейхан.

6. Көзіңді аш, оян, Қазақ, көтер басты,

Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Жер кетті, Дін нашар боп, Хал қараң боп,

Қазағым енді жату жарамас-ты.

Міржақып Дулатұлы.

7. Дос емес дос сыртынан жамандаған.

Міржақып Дулатұлы.

8. Жалғыз білім үйретуге емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру керек.

Міржақып Дулатұлы.

9. Білімдіден не пайда білгенін көпке айтпаса, үйреткеннен не пайда.

Ахмет Байтұрсынұлы.

10. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады.

Міржақып Дулатұлы.

4.5 Жаңа білім мен дағдыларды бекіту:

(5 минут)

1. «Қазақ Елі Жарғысының» авторы кім?

(Барлыбек Сыртанов).

2. «Қазақ» газеті қай жылдары ашылды?

(1913-1918).

3. «Оян, Қазақ!» кімнің өлеңі?

(М. Дулатов).

4. Алаш партиясының жетекшілерінен кімдерді білесіздер?

Студенттердің білімін бағалаймын...

5. Сабақ бойынша рефлексия: (5 минут)

- Менің бүгінгі сабақтан түйіндегенім.

- Маған қызық болды.

- Менің түсінбеген жерім.

6. Үй тапсырмасы: З.А. Жандосова. Қазақстан тарихы. 11-сынып «Мектеп», 2019, 16-17 тақырып. 230-236-беттер. Тапсырма соңындағы сұрақтарға жауап жазу. Чек парақ № 7.4-орындау.

Жадыра РАХМЕТОВА,
М.Шоқай атындағы №187 ІТ мектеп
лицейінің тарих пәні мұғалімі

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы Қазақстан тарихындағы қазақ халқының болашағына алтын көпір салған аса бір маңызды кезең болғанын ерекше атаған жөн. Бұл кезең Ресей империясының отарлық саясатына қарсы батыл үн көтерген, оның езгісінен арылту үшін ең бірінші ұлттың санасын ояту, оны білім-ғылымға, адамзат қолы жеткен мәдениетке үгіттеу, бар мүмкіндіктерді пайдалана отырып тұтас халықты бір тудың астына біріктіру негізгі мұраты болған Алаш ұлт-азаттық қозғалысымен тікелей байланысты болды [1,194-б.]. Осы айрықша қоғамдық құбылыстың басы-қасында ұлтымыздың рухани әлеміне сәулесін шашқан үркердей жарық жұлдыздар тобы болған еді. Олар: төл тарихымызда аттары алтын әріппен мәңгілік тұратын Әлихан Бөкейханов Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатұлы, Мұстафа Шоқай, Мұхаметжан Тынышбаев, Халел Досмұхамедов, Жанша Досмұхамедов және басқалар болатын. Алаш қайраткерлерінің негізгі идеялары бостандық, тәуелсіздік, отаршылдық езгіден құтылу және қазақ халқын жалпы адамзаттық құндылыққа жақындастыру болды [2, 108-б.].

Алаш идеясындағы қайраткерлердің жемісті еңбек жолдары 1907 жылдан 1937 жылға дейінгі 30 жылдай уақытты қамтиды. Қазіргі уақытта қоғамымызда Алаш идеясы – Тәуелсіздік идеясы деген ой пікір берік қалыптасуда. Қазақстан тарихы сабағында XX ғасырдың бірінші ширегіндегі Алаш қозғалысына байланысты тарихи оқиғаларды, Алаш қайраткерлерінің өмірі мен қызметін тереңінен зерттеу – көкейтесті міндет. Сондықтан Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің және оның қайраткерлерінің қазақ жері мен мемлекеттілігі және ұлттық идея мен рухани-мәдени сананы қалыптастыру жолындағы қызметтерін тарихи талдау жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуде маңызды орын алады.

Қазақтың сан ғасырлық тарихының ең жарқын беттерін жазған Алаш қозғалысы тарихи-саяси, айырықша құбылыс ретінде ұлтымыздың мәдени-рухани даму жолын жаңа арнаға бұрғаны сөзсіз. Өйткені, ол қазақ болмысының саясат, мәдениет сатысына көтерілгендігін айғақтай отырып, ендігі жерде ұлт ретінде дербес өмір сүруге, өзге елдермен

терезесі тең халық ретінде азат күн кешуге болатындығына әлеуметті сендіре алған жаңашыл қозғалыс еді. Қозғалыстың қарқындылығы мен жаңашылдығы қазақ қоғамы үшін қиын-қыстау сол бір дүбірлі шақта азаттық ұранын салып, іс жүзінде бытыраңқылық пен мемлекеттік институттар қалыптаспаған сахара төсінде дербес мемлекет құруға бел шешіп кірісуінде еді. Алмағайып кезеңде амал тауып, қазақ халқының басын қосып, ертеңіне сендірген осындай ұлы топ бұған дейін тарихта болмағаны анық. Ұлт зиялылары сол тұстан кездескен қиындықтардың барлығын жеңе білді, түпкі мақсатқа жету үшін қандай да болсын замана сауалының оңтайлы шешімдерін таба білді. Алаш қозғалысы кешегі кеңес үкіметі тарапынан терістелгенімен, оның идеялары ұлтжанды азаматтардың жүрегі мен санасында өмір сүріп келді. Оның жарқын әрі бұлтартпас мысалы – тәуелсіздіктің қарсаңында Алаш идеясының қайтадан жаңа күшпен жаңғыруында. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты кітабының «Алаш мұрасы осы заманда» тарауында:

«XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани зерделі игі жақсылар қазақтың азаттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар – қоғамның түрлі тарабынан шыққандар, әрі ең алдымен, дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап өткен абзал» [3,156-б.],– деп айтқан болатын.

Белгілі тарихшы ғалым М.Қойгелдиев «Алаш қозғалысы» атты еңбегінде былай деп жазады: *«Бізге бүгін жалпы ұлттық деңгейде қорытындылап, жалпыұлттық деңгейде игерілген, яғни ұлттық дүниетаным мен ұстанымдардың іргетасы міндетін атқара алатын тарих қажет. Ал Алаш қозғалысы – сол дүниетанымдық тарихтың өзегі. Өйткені халқымызды бесігінде тербетіп, есейіп, ат жалын тартып мінгенде бойына күш-қуат және сенім берген ұлттық идея. Алаш – ұлттың өзін бөлінбес тұтас жер, яғни территория ретінде сезінуі. Алаш – ұлттың аспан асты,*

жер үстінде, өз орны бар ел ретінде өз еншісі мен үлесін анықтау hareketі» [4, 78-б]. Алаш қайраткерлері ту еткен ұлттық сананы көтеру, одан туындайтын қазақтың тілі мен тарихын, өмірі мен мәдениетін, қазақ ұрпағының бойына сіңіру мәселесінде Қазақстан тарихы сабағында Алаш зиялыларының өмірі мен қызметін, сан саналы мұрасын насихаттаудан алар тағылым мол.

Сондықтан Алаш қозғалысына өткен дәуірдің тарихы ретінде қарамай, оны бүгінгі заманымызбен үндес, өміршең, көзқарастар жиынтығы ретінде бағалап, яғни бүгінгі тәуелсіздік мұраттарымен сабақтасып жатқанына мән беріп, одан өрісті өнеге, ғұмырлы ғибрат алғанымыз абзал. Қандай да болмасын халықтың ұзына бойы тарихында, ізгіліктілік идеялары бір кезеңде алдыңғы қатарға шығып, ұлттың жаңғыру дәуірін жасайды. Бұл – батыстық ғылымда әлдеқашан дәйектелген мойындалған құбылыс. Ренессанс – жеке бір адам шығармашылығының жемісі емес, ол тұтас шоғыр еңбегінің табысты нәтижесі. Қазақ өркениетінің бастауында тұрған ең ұлы ізгіліктік аңсарды дамытқан, нағыз ренессанстық деңгейге жеткізген – Алаш қайраткерлері. Қазақ баласына Абайды ең бірінші таныстырған да – Алаш зиялылары. Алаштың Әлихан, Ахметі, Міржақыбы.

Елі мен жерінің тәуелсіздігі жолында іздене отырып, сол күрес жолында Алаш зиялылары өздерін де, өз замандастарын да, өзінен кейінгілерді де қайраткерлік жағынан да, қаламгерлік жағынан да дайындауды жетілдірді. Алаштың ренессанстық сипаты Ұлы ұлтшылдық дәуір ғана туғыза алатын Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мұстафа, Халел, Мұхамеджан, Жанша, Әлімхан, тағы басқа қайраткерлер, Жүсіпбек, Мағжан, Ілияс, Сұлтанмахмұт, Мұхтар сияқты алып талант иелерін қалыптастырды. Бұл ұлтшылдық адамсүйгіштік, отансүйгіштік сезімдерімен ой мен іске айналған табиғи талпыныс болатын. Яғни Алаш қайраткерлерінің ұлтшылдығы – өз дәуірі туралы қазақ ұлтының алдына сол дәуірдің өзі қойған сауалдарға пікір жүзінде де, әрекет барысында да берген жауабы еді. Кеңестік идеологияның шет аймақтардағы ұлт жетекшілерімен күресте кеңінен қолданған саясатының бір негізі ұлтшылдық ұғымында жатқан болатын. Мұстафа Шоқай Түркістандағы ұлттық үкіметтің үстемдігінен басқа ешбір күшті мойындамау негізінде құрылған ұлтшылдық идеясына түсініктеме бере келе былай дейді: «Ол (ұлтшылдық – автор) – халқымыздың жаны мен жүрегі. Ұлтымыз өмір сүрсе, ол да бірге өмір сүреді» [5; 62-б]. Осы «ұлтшылдықты» дұрыс түсінбеу, оны ұлттық астамшылықты танытатын «шовинизммен» шатастыру бүгінде жалғасып, ұлттық рухымызды көтеруге кедергі келтіріп келеді.

Алаш қайраткерлерінің ізгі ойы – олардың қайраткерлік әрекеттерінің де өзегі еді. Мұндай ізгілік болмаса, олар ұлт тағдыры жолындағы жанкештілік әрекеттерге де бармас еді. Алаш қайраткерлерінің осы тұстағы ұлт мүддесі жолындағы әрекеті мен мақсатына беріктігін шынайы әрі терең көрсеткен «Қалам қайраткерлері

жайынан» мақаласында Ахмет Байтұрсынұлы былай деп жазып қалдырған: «Қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын жеңілдету, ауырын азайту жолына жұмсамасқа мүмкін емес, кемшілік көрген жұрттан туып, кемшіліктен құтқаруды мақсат етіп, ылғи сол жолда жұмыс қылған қазақ қайраткерлері жұртшыл, ұлтшыл, яғни халқына жаны аштын халқының жаны ауырғанда бірге күйзелетін, бауырмал болмасқа тағы мүмкін емес». Ахаңның айтып отырғаны – адам баласының өз ұлтының тағдырына деген табиғи жанашырлығы, адамгершілігі. Осыны кеңестік дәуірдің оспадар саясаты бейнебір адамға тән емес, теріс әрекет ретінде бағалады. Ар білімін насихаттаған Шәкәрім қажының, «Адамдық диқаншысы» болған Ахаңдар тобының ұлы ізгі ойларын көруге кеңестік саясаттың өрісі де жетпеді, бағыты да келіспеді.

Алаш қозғалысы қазақтың тарих ғылымын дүниеге әкелді. Өткенді аршу, бағзы өмірдің даму тұстарын санадан өткізу сияқты еңбектер – ұлттың есейе бастағанының белгісі. Өткенге көз салу, оны бүгінмен, болашақпен байланыстыру – оқуы мен мәдениеті өскен елдің белгісі. Міне, осындай ұлттық рухани жаңғырудың басында Алаш қайраткерлері тұрды. Бұған Шәкәрімнің, Ә.Бөкейханның, М.Тынышпаевтың, Х.Досмұхаммедұлының, Қ.Кемеңгерұлының, С.Асфендияровтың жазғандары куә. Халқымыздың өткен тарихына үңілгенде олар, ең алдымен, Абылай, Шоқан, Абайдың есімдерін ұлықтады. Алаш партиясының, Алашорда үкіметінің құрылуы мемлекет үшін қажетті саяси, әлеуметтік, экономикалық және құқықтық атрибуттарды қалыптастыруды қажет етті. Алаш қайраткерлері бұл салада да өнімді еңбек етті. Мемлекеттің іргесін қалау мәселелері Ә.Бөкейханның, М. Шоқайдың, Б.Сырттановтың, Ж.Досмұхаммедұлының, М.Дулатовтың, Б.Құлмановтың, Х.Ғаббасовтың, тағы да басқалардың жазған еңбектері мен атқарған істерінен айқын аңғарылады. Алаш қозғалысының тарихы – отандық ғылым үшін қазақпен бірге жасайтын мәңгілік тарих. Ұлтының мәңгілігін ойлаған ұлы азаматтардың жүріп өткен жолын, ерлікке татырлық еңбектерін бағалау – есі бар ұрпақтың жадынан шықпайтын қастерлі борышы. Ата-бабаларымыздың қазақ елінің тәуелсіздігі мен азаттығы жолындағы күрестері, істері, ұрандары – бүгінгі ұрпаққа үлгі һәм ақиқат. Бүкіл қазақ даласын осыдан бір ғасырдай уақыт бұрын Алаш рухына бөлеген қазақ қайраткерлерінің аманатының жөні бөлек.

Алаш идеясы ұлтты біріктіруші, тұтастырушы идея ретінде қашан да қазақпен бірге жасайды. Сондықтан осы орасан мақсатты орындау үшін қазақтың тілі мен мәдениеті, өнері мен әдебиеті, тарихы мен салт дәстүрлері, айналып келгенде, қазақты ел ететін, мемлекет ететін рухани олжасы Қазақстанда айрықша орынға ие болуы керек. Алаш қайраткерлері қалыптастырған ұлттық санамызды жаңғырту жолы бүгінгі тәуелсіздігімізді тұғырлы етер берік ұстанымдардың бірегейі болатынын естен шығармағанымыз абзал. Жасыратыны жоқ,

жарты ғасыр бойы Алаш қайраткерлері туралы ешбір ақиқат берілмеді, аттары аталмады, барлық дереккөздер жабылды, соңдарында қалған мұралары жойылды, бірте-бірте олардың есімдері мен еңбектері халық жадынан өше бастады.

1985 жылы КСРО-ның жаңа басшылығы қолға алған «қайта құру» саясатының арқасында жарты ғасырлық кеңестік құрсаудың көбесі сөгілді. Сөйтіп жариялылықтың жолы ашылып, цензураның жойылуы нәтижесінде кеңес өкіметінің саясаты мен коммунистік идеологияға сәйкеспейтін «жабық тақырыптар», «ақтаңдақтар» сөз бола бастады. Қазақстанда 1988 жылдың желтоқсанының соңғы күндерінде жарық көрген компартия мен кеңестік өкіметтің А.Байтұрсынов бастаған Алаш қайраткерлерінің мұрасын зерттеу туралы қаулысынан кейін ғана бұл тақырыптың ресми тұсауы кесілді.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Алаш қайраткерлерінің тарихы тереңнен зерттеліп, жаңаша зерделене бастады. Академик К.Нұрпейісов, профессорлар М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков, жазушы-ғалымдар Т.Жұртбаев және басқалар Алаш тақырыбына қатысты бірнеше құнды монографияларын алғашқылардың қатарында жариялады. Тарихшы жас ғалымдар Алаш тақырыбына

жекелеген тұлға қайраткерлерге қатысты диссертациялар қорғады ұсынылды. Саналы ғұмырларын өз ұлтының еркіндігіне арнаған Алаш қайраткерлерінің қажырлы қызметін танып білу және оның аса маңызды әлеуметтік ой-пікірлерін, асқақ идеяларын рухани игеру, бойына сіңіру бүгінгі күннің рухани жаңғыруының басты талабы болуы тиісті.

ӘДЕБИЕТТЕР

Бөкір Ә.Қ. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы саяси-әлеуметтік ойлар. Монография – Астана 2018.-457 бет.

Алаш қозғалысы.Құжаттар мен материалдар жинағы. Алматы: Ел – шежіре, 2007. 1- кітап,- 309 бет.

Назарбаев Н.Ә.Тарих толқынында.- Алматы.Атамұра, 1999.-296 бет.

Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы. Санат, 1995.-296 Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар т2 – 1998. – 512 бет.

М.Шоқай – Түркі әлемінің алыбы. Облыстық ғылыми – тәжірибелік конференция материалдар жинағы 9 желтоқсан 2015 ж. Қызылорда. 162 бет.

Қызылорда қаласы.

ҰСТАЗ ЗЕРТТЕУІ

Шолпан АХМЕТОВА,
Қайым Мұхамедханов атындағы
№90 гимназияның бастауыш сынып мұғалімі

ҰЛТТЫҚ САНА-СЕЗІМНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНДАҒЫ «АЛАШ» ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ РӨЛІ

Кез келген мемлекет өз көшбасшыларымен – халық игілігі үшін ұлы істер жасаған батырларымен әлемге таңылады. Олардың есімдері халық тағдырындағы маңызды оқиғалары, яғни саяси және мәдени жетістіктермен байланысты. Бүгінде Қазақстан Республикасы – еркін және тәуелсіз мемлекет. Ғасырлар бойы Қазақстан өз тәуелсіздігіне қанша күш пен еңбек жұмсап қана қол жеткізе алды. Ата-бабаларымыз көбінесе өз жерлерін жаулардан қорғауға мәжбүр болды. Бірақ осы жолда елді басқарған көшбасшыларымыздың арқасында Қазақстан өз мемлекеттілігін қалпына келтіре алды. Қазақ халқы әрқашан өзінің ұлы ұлдарын мақтан тұтатын. Кезінде олардың бірі Қазақстанда маңызды өзгерістер өткізсе, екіншісі тәуелсіздікке алып келді және еліміздің қазіргі заманғы дамуын табысты әрі тиімді басқарады.

XX ғасырдың басында халықтың озық интеллигенциясы өкілдерінің бастамасымен Қазақстан аумағында тұратын барлық этностарды біріктіру және мемлекетті одан әрі дамытудың саяси платформасын қалыптастыру мақсатында Алаш автономиясы құрылды. Бұл қозғалыстың көшбасшылары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов болды. Байтұрсыновтың есімі мен оның тарихында қазақ халқының рухани жаңғыруы байланысты. Бүгінгі таңда әліпби мен оқулықсыз, оның «қырық ой», «Маса» және «Қазақ» газеттерінсіз XX ғасырдың басында халқымыз бастан кешкен ұлттық сана-сезімнің шарықтауына ешкімнің де күмәні жоқ. Ахмет Байтұрсынұлы өзінің кітаптарымен және «Қазақ» жалпы ұлттық газетімен бірге осы тарихи кезеңде қазақ даласында оқи алғандардың барлығына университет болды,

ол Қазақ мемлекетін қайта құру үшін күрескен «Алаш» партиясының белсенді мүшесі болды. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін өзінің жолдастарымен бірге қазақ халқының ұлттық мүдделерін қорғау мақсатын ғана көздеді. Патша режимі оны туған жерінде өмір сүру және жұмыс істеу құқығынан айырды, 1910 жылы Байтұрсынов Орынборға жер аударылды. Большевиктер үшін де Байтұрсынов жек көрді. Себебі, олардың қазақ даласын «қызыл гвардияшыл» қайта құру жобаларымен, жаһандық тәжірибелермен келіспедім. 1919 жылы ғылыми интеллигенция өкілдерінің үлкен тобымен бірге Кеңес өкіметінің жағына өтуге мәжбүр болды. Сол жылдың маусым айында А.Байтұрсынов қазақ өлкесінің ҚРК мүшесі болып сайланады. Байтұрсынұлы 1922-1925 жылдары халық ағарту халық комиссары жанындағы ғылыми-әдеби комиссияның төрағасы, Қазақстан тары Халық Комиссары төрағасы, БОАК, қаз ОСК мүшесі болып сайланды, Түркістан Компартиясы ОК баспа органында, «Ақжол» газетінде жұмыс істеді. Байтұрсынұлы 1925-1929 жылдары Қазақ халық ағарту институтында, Қазақ педагогикалық университетінде сабақ берді. Жауап бере отырып, 1929 жылы ОГПУ тергеушісі саясаттанғері ғылыми жұмыспен айналысуды жөн көретінін жазды. Бірақ тағдырдың қалауымен өмірінің соңына дейін ол саяси қызметпен айналысуға мәжбүр болды. Басқаша болуы мүмкін емеседі. Ұлттық өзін-өзі тану дәуірінің зиялылары саясаттан тыс бола алмайды. «Менің идеалым – ол жауап алу кезінде атап өтті – бұл қазақ халқының мәдени жағдайын көтеру, өйткені бұл оның дамуының кепілі және мен оны қандай күшпен қамтамасыз ете алатыныма риза боламын» [1, 205 б.].

Ахмет Байтұрсынов көрнекті саяси, мемлекеттік қайраткер болған. Алаш партиясының мүшесі бола отырып, Алаш орда үкіметінің құрамына кірді. Ол тәуелсіз демократиялық мемлекеттің жақтаушысы болды. Міржақып Дулатов – ақын, публицист, аудармашы, қоғам-қайраткері, педагог. Алаш орда үкіметінің мүшесі. Дулатовтың «Оян, қазақ» атты алғашқы жинағы 1909 жылы жарық көрді. Бұл өлең – ұран сияқты, есінеп ұйықтап жатқан халыққа арналған. Бұл демократиялық көзқарастағы адамның, ағартушының халыққа алғашқы батыл үндеуі болды. Сол күндері халықты ашық түрде күресуге шақырған адамдар аз болды. «Оян қазақ!» деген сөздер халықты іс-әрекетке шақырады. Бостандық – бұл өмір сүру үшін күн сайын қажет нан емес. Бостандық – бұл не бәрі жоғары нәрсе. Еркін адам өз тағдырын өзі таңдайды. М.Дулатұлы өзінен кейін бай мұра қалдырып, қиын шығармашылық және өмірлік жолдан өтті. Ол әдеби тілдің тамаша білгірі болды, Қазақ журналистикасы үшін кадрлардың қалыптасуына ықпал етті. Оның шығармалары азаматтық жолдармен ғана емес, сонымен бірге жоғары поэтикалық шеберлігімен де ерекшеленеді.

Халықтың саяси санасын оятқан зиялы қауым оны жалпы адамзаттық құндылықтармен таныстыру қажеттілігін шабыттандырды. Халық есінде Міржақып халықтың адал ұлы болып қала береді. Ол халықтың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін үнемі күресте жүріп өмірден өтті. Әлихан Бөкейханов – көрнекті қоғамдық-саяси қайраткер, экономист – ғалым, публицист, ғалым. Тұңғыш Алаш саяси партиясының ұйымдастырушысы және Алашорда үкіметінің төрағасы, ұлт-азаттық қозғалыстың теоретигі және көшбасшысы. Оның халық өміріндегі рөлін кеңінен тану, ең алдымен, оның ұлт-азаттық қозғалыс идеологиясын, жер мәселесіндегі күрес стратегиясын дамытуымен байланысты болды. Осы тарихи кезеңде ұлт өмірінде «Қазақ» газеті ерекше маңызға ие болды. 1913-1918 жылдары Орынборда басылып шыққан осы жалпы ұлттық газеттің редакторы әрі баспагері, көрнекті қайраткер әрі ғалым Ахмет Байтұрсынұлы болды. Газетте демократиялық интеллигенцияның тағы бір ірі өкілі Міржақып Дулатов жұмыс істеді [2, 101 б.].

1913 жылдың көктемінен бастап Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы және Міржақып Дулатов «Қазақ» газетін шығаруға кірісті, оның беттерінде халықты ағарту, оның ұлттық сана-сезімін ояту туралы көптеген мақалалар жарияланды.

Осы үш көрнекті тұлғаның ұлттық сана-сезімнің қалыптасуы мен дамуындағы рөлін асыра бағалау қиын. Олардың және олар шығаратын «Қазақ» газетінің арқасында біздің халқымыз жиырмамыншы ғасырдың басында жалпы ұлттық мүддені ұғынуға дейін көтерілді.

Осылайша, қарастырылып отырған кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық санасы (XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басы) мәні бірдей емес, жалпы қоғамсияқты, тарихтың араласуында болған күрделі құбылыс болды. Шовинистік отаршылдық идеологиясы мен бостандық пен тәуелсіздік идеологиясы арасында бітіспес күрес болды. Қазақ зиялылары белсенді түрде таратқан идеялар қазақ қоғамының оянуына ықпал етті, қазақ халқының құқықтық санасына, адамгершілігіне әсер етті. [3, б. 74]

Ұлы ел – ұлы тарих. Өз еліміздің өткеніне қол тигізе отырып, біз үлкен мақтаныш сезіміне иеленеміз. Біз осындай бақытты мекенде тұрғанымызға қуаныштымыз. Мың жылдықтар тереңіне тамыр жайған дақты тарих беттеріне шолу жасай отырып, Қазақстанның жауынгерлік ерліктер мен бейбіт жетістіктердің ұлы жолынан өткенін түсінеміз. Қазақ жеріне деген сүйіспеншілікті жырлаған ержүрек батырлар, дана билеушілер, талантты жыраулар, ақындар мен жазушылар бізді Отанымызды қорғауға, бір-бірімізді құрметтеуге, бейбітшілікті сақтауға және болашаққа қамқорлық жасауға шақырады. Мен Қазақстан Республикасының болашағы жарқын екеніне сенімдімін.

Астана қаласы.

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАР

Бөлім:	Х ғасыр – XIII ғасырдың басындағы Қазақстан.			
Сабақ тақырыбы	Ортағасырлық Қазақстанның экономикалық және мәдени дамуына Ұлы Жібек жолының ықпалы. Зерттеу сұрағы: Ұлы Жібек жолы ортағасырлық Қазақстанның экономикалық және мәдени дамуына қалай әсер етті?			
Оқыту мақсаты	6.4.2.1 Ұлы Жібек жолының қала мәдениетінің дамуына әсерін анықтау; 6.4.1.1 көшпелілер мен отырықшылар арасындағы өзара экономикалық байланыстарын анықтау; 6.2.2.2 ортағасырлық сәулет өнері мен ескерткіштерінің ерекшеліктерін түсіндіру.			
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар орындайды: Ұлы Жібек жолының қала мәдениетінің дамуы әсерін анықтайды; Көшпелілер мен отырықшылар арасындағы өзара экономикалық байланыстарын анықтайды; (білу, түсіну). Басым бөлігі орындайды: Ортағасырлық сәулет өнері мен ескерткіштерінің ерекшеліктерін сипаттайды; (қолдану). Кейбір оқушылар орындайды: Ұлы Жібек жолының экономика мен мәдениетке ықпалын талдайды (талдау).			
Бағалау критерий	Ұлы Жібек жолының қала мәдениетінің дамуына әсерін анықтайды; Көшпелілер мен отырықшылар арасындағы өзара экономикалық байланыстарын анықтаңыз; Ортағасырлық сәулет өнері мен ескерткіштерінің ерекшеліктерін сипаттайды; Ұлы Жібек жолының экономика мен мәдениетке ықпалын талдайды.			
Сабақ барысы				
Кезеңі	Мұғалім іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу, сыныпты қалалардың аттары арқылы үш топқа бөлінеді. Олар: 1-топ «Отырар». 2-топ «Түркістан». 3-топ «Сауран». Алдыңғы білімді мен «Серпілген сауал» әдісі арқылы қорытындылаймын. 1. Ұлы Жібек жолының қалай қалыптасқанын айтып бер. 2. «Ұлы Жібек жолы» деген атаудың мәнін аш. 3. Қытайдағы жібек өндіру ісінің осы атаумен байланысты болу себептері неде? Бүгінгі жаңа сабақтың тақырыбын, бағалау критерийлерімен таныстырамын.	Сынып 4-топқа бөлінеді. Білім алушылар алдыңғы білімге қойылған сұрақтарға жауап береді. Бүгінгі жаңа сабақтың тақырыбымен бағалау критерийлерімен танысады.	Ауызша бағалау. Өте жақсы! Жарайсың! Тамаша!	Стикер, тақырыптық карта.
Сабақ ортасы. 35 минут	Барлық оқушылар орындайды: «Бейнебаянмен жұмыс» әдісімен интербелсенді тақтадан бейнеролик көрсету. «Ойлан. Жұптас. Бірік» әдісі арқылы топтық жұмыспен мәтінді топта талқылау, бір-бірлеріне барып түсіндіру. Топтық жұмыс 1-тапсырма: I топқа: Ұлы Жібек жолының қала мәдениетінің дамуына әсерін анықтаңдар; II топқа: Көшпелілер мен отырықшылар арасындағы өзара экономикалық байланыстарын анықтаңдар; Ортағасырлық сәулет өнері мен ескерткіштерінің ерекшеліктерін анықтаңдар; III топқа: Ұлы Жібек жолында қандай өркениет орталықтары мен сәулет ескерткіштері орналасқаны туралы талдаңдар.	Дескриптор: білім алушы- -бейнефильмді көреді, талқылайды; -мәтінді топта талқылап, бір-бірлеріне барып түсіндіреді;- Ұлы Жібек жолының Қарлұқ жері арқылы өтуі қала мәдениетінің дамуына қалай ықпал еткенін анықтайды; (3 балл). - Халықаралық байланыс пен сауда саттықтың, керуен сарайларының арасындағы байланыстарды анықтайды; (3 балл). - Ұлы Жібек жолындағы Ақыртас қалашығы, Қойлық қаласы, Отырар қаласындағы өркениет орталықтары мен сәулет ескерткіштері туралы талдайды. (3 балл).	ҚБ: «Бағдаршам» әдісі (3 балл)	http://www.abai.kz/content/makhmyd-kashkari-zhene-diuan-lygat-it-t-r оқулық, интербелсенді тақта, бағалау парақтары, А4 форматты қағаздар, түрлі түсті маркерлер.
Сабақтың соңы. 5 минут		Дескриптор: білім алушы- - Сауран, Отырар, Испиджаб, орталықтарының өркениет ошақтары болғанын сипаттайды; - медреселер, мазарлар және ханакалар (сопылық орталықтар), қоғамдық моншалардың пайда болғанын; - керуен сарайларына сипаттама береді. (3 балл).	ҚБ: Ауызша марапаттау (3 балл).	А4 форматты қағаздар, түрлі түсті маркерлер, бағалау парақтары, оқулық.

Сабақтың соңы 5 минут	Кейбір оқушылар орындайды: Ұлы Жібек жолының экономика мен мәдениетке ықпалын талда 3 тапсырма: SWOT талдау Критерий: 1. Оқушылар Ұлы жібек жолының мәдени-экономикалық дамуындағы күшті және әлсіз жақтарын талдайды.	Дескриптор: Білім алушы. - Күшті жақтары: Ұлы Жібек жолының Қазақстанның қалаларының экономикалық және мәдени дамуына жақсы әсер етті, қалаларда сауда жанданды, ғылым мен өнер дамыды сонымен қатар халықаралық қатынаста басқа елдермен байланыс орнады. (1 балл). - Осал жақтары: Әліде керуен жолдары тоналды, басқа елдерге жету қиын болды. Еуропа мәдениетімен, экономикасына жету мүмкін болмады. (1 балл). - Мүмкіндіктері: Ұлы Жібек жолы транзиттік жол болды, жол халықаралық жол ретінде теңізге де ашылар еді. (1 балл). - Қауіптілігі: Ұлы Жібек жолының дамуы тек құрлықта ғана жүргізілді сондықтан жол ретінде жойыла бастады. Ұлы Жібек жолының тоқталуы Қазақстанның экономикалық-мәдени дамуын талдайды. (1 балл).	ҚБ: «Жапон» әдісі 4 балл.	А3 форматты қағаздар, түрлі түсті маркерлер, бағалау парақтары.
	Кері байланыс «БББ» әдісі.	«БББ» әдісі Білемін. Білдім. Білгім келеді.	Ошылар өзінің білім жетістіктерін жазбаша бағалайды «БББ» әдісі.	Бағалау парағы.

Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы.

Гүлжан ӘБДІРОВА (Абдирова),
Қ.Мұхамедханов атындағы 90 мектеп-гимназияның тарих пәні мұғалімі

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ - ҰЛТЫ ҮШІН ТУҒАН ҰЛЫ ҚАЙРАТКЕР

Халқының басынан өткен ауыртпалығын жеңілдету, азаттық алу, білімді болуы үшін аянбай күресетін ұлт көсемдері қай дәуірде болсын көп кездеседі. Солардың ішінде бірегей тұлға Ахмет Байтұрсынов та халқын өрге сүйреуі үшін бар санын жұмырын арнады. Ұлт жанашырының есімі ХХ ғасырдың бас кезіндегі барлық саяси-қоғамдық оқиғаларда аталады.

Әрбір қазақ тағзым етуге тиіс Ахмет Байтұрсынұлының ғылымдағы, мәдениеттегі, тарихтағы, әдебиеттегі әр еңбегінің құны өлшеусіз. Азаматтық жолын 1905 жылы бастаған ол Ө.Бөкейхан, Ж.Ақбаев, М.Дулатовтармен бірге Қоянды жәрмеңкесінде «Қарқаралы құзырхатын» (петиция) ұйымдастырушылардың бірі болды. Осы уақыттан бастап саясаткерлік, қайраткерлік, ағартушылық жолы үлкен даңғыл жолға айнала бастайды. Ұлтына деген сүйіспеншілігі оны үлкен тұлғаға айналдырды. Өз заманына ғана емес, болашақ үшін еңбек етті. «Ел менікі, болашақ сендер үшін» деген бір ауыз сөзінен-ақ, қазақтың игілігі үшін қызмет атқарағанын білуге болады. Халыққа білім беру, кітап шығару, еркіндік, ар-ождан бостандығы, газет шығару, жаңа заңдар енгізу секілді мәселелердің барлығын, тіпті азық-түлікпен қамтамасыз етуге де өз үлесін қосты.

«Бас өзгерді, бастық өзгерді, басқасы әлі тұр. Қазақ көрген қорлық пен зорлық көбеймесе, кеміген жоқ. Жеуге жеңіл тұрғанды жеу – табиғи іс» деп «Қалам қайраткерлерінің жайынан» атты мақаласында жазғанынан-ақ, өз халқының мұң-

мұқтажын, әлеуметтік жағдайынан хабардар болғанын көрсетеді. 1922 жылы «Еңбекші қазақ» газетіне жарияланған осы мақаласында қазақ қайраткерлерін, зиялы қауымды елі үшін еңбек қылуға, мәдениетін көтеруге атсалысуға шақырады. Бірақ қазағым, бауырым деген қазаққа ұлтшыл деген атақтың танылып жатқанын да айтады. Қара халықты қорлықтан құтқарудың жолы оқу, білім алу, мәдениетті болу керектігін түсіндіреді.

Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық саласындағы еңбегі бір ғасырдан кейін де өз құнын жоймақ емес. Себебі қазақ балаларына оқуды үйрету үшін құрастырған «Әліпбиі» жаңартылған білім мазмұнына сай етіп құрастырылып, бірінші сынып оқушылары дыбыс пен әріпті үйренуде. ХХ ғасырдағы қазақ мәдениеті мен әдебиетіндегі тарихи тұлғалардың көшін бастайтын Ахмет Байтұрсынұлының қайраткер ретінде де, ғалым-ұстаз ретінде де әлі толық танып үлгерген жоқпыз. Сондықтан ұлтымыз үшін жасаған әрбір еңбегін әр қазақ білуі тиіс. Ол үшін мектеп қабырғасынан бастап, қолдарына ұстап отырған «Әліпбиі» мен «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» оқулықтарына Ахмет Байтұрсынұловтың еңбегі бар екенін біліп өсуі тиіс. Жазған өлеңдерін, аудармаларын жатқа білуі керек. Ақынның тәлім-тәрбиеге толы адамдық қасиеттерді сипаттайтын өлеңдері болашаққа нұсқау болатын түзу жол секілді. Ұлт ұстазының қазақ халқы үшін атқарған қызметінің өміршең екендігі даусыз.

Астана қаласы.

Бақтыгүл САБЫРОВА,
Манашы жалпы білім беретін орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ: "КІТАП ОҚУ"

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты	2.1.1.1 тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру.			
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: мәтін бойынша түсінбеген сөздерін белгілейді, сұраққа жауап береді. Көптеген оқушылар: мәтіндегі негізгі ойды, тақырыпты анықтайды. Кейбір оқушылар: мәтіндегі көркем ойларды пайдаланып әңгіме құрастырады.			
Саралап оқыту тапсырмалары				
Ұжымдық жұмыс. Жаңа тақырыптың түсіндірілуі. Тапсырма беру және дұрыс жауапты ұсыну арқылы үйрету.			Жеке жұмыс. Тапсырманы ұсыну, оқушылар өз бетімен орындайды	
Уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушы әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы. 5 минут.	Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру: «Броундық қозғалыс» әдісі. Қима қағаздардағы сөздерді тауып, бүгінгі сабақ тақырыбын құр. Оқу материалын жариялау: «Миға шабуыл» әдісі. -Сен жаз мезгілінде қандай кітап оқыдың? - Кітап не туралы болды? - Авторы кім? - Басты кейіпкері кім? - Сен қандай кітап оқығанды ұнатасың? -Жүсіпбек Аймауытовтың шығармасынан алынған «Кітап оқу» үзіндісінде Қартқожа қандай кітап оқыған деп ойлайсың?	Қима қағаздардағы сөздерді тауып, бүгінгі сабақ тақырыбын құрады.		Кітап оқи аламын Ж.Ай-мауы-товтың суреті.
Ортасы. 35 минут.	(Ұ) 1-тапсырма. «Еркін әңгіме» әдісі арқылы жүзеге асады. «Кітап оқу» мәтінін түсініп оқы. Мәтіннің әр азат жолына тақырып ойлап тап. -Сызбаға сүйеніп автор туралы әңгімеле. Саралау тәсілі: «Қарқын» әдісі арқылы жүзеге асады. Қарқыны жоғары оқушыға: - Мәтіндегі көркем ойларды пайдаланып әңгіме құрастыр. Қарқыны баяу оқушыларға: уақыт беріледі. Сергіту сәті «Поэзия минуты» әдісі арқылы жүреді. Өзің білетін Абай атамның бір өлеңін жатқа мәнерлеп оқы. 2-тапсырма. Топтық жұмыс. 1-топ. Кітаптың пайдасы туралы айт! 2-топ. Кітапханаға барсаң қандай кітапты тандап оқыр едің? 3-топ. Қартқожа сияқты кітап оқуды ұнатасың ба? Сүйікті кейіпкерлеріңді ата. (Д) 3- тапсырма: дәптермен жұмыс. Өзіңнің оқыған кітаптарың туралы ойыңды сызбаға жаз. Қарқынды оқушыға: - Қартқожаның кітап оқығанынан қандай сабақ алдың? Қарқыны баяу оқушыға қолдау көрсету.	Дескриптор: -Мәтінді түсініп оқиды. -Бөліктеріне тақырып ойлап табады. -Сызбаға сүйеніп автор туралы әңгімелейді. Дескриптор: -Кестеге оқыған кітаптары туралы ойын жазады. Топ мүшелері белсене қатысады, өз ойларын ортаға салып, постер қорғайды. Саралау тәсілі: «Қарқын».	ҚБ: 1-10 балдық жүйе. ҚБ: 1-10 балдық жүйе.	Оқулық
Сабақтың соңы. 5 минут.	Сабақ соңындағы рефлексия. «Көз жұмып ойлану» Бүгін мен небілдім? Сабақта өзімді қалай сезіндім? Мен үшін қызықты неболды? Кешегі күнмен салыстырғанда білімім толықты ма? Үй тапсырмасы: Мәтінді оқу.	Бүгінгі сабақта не білгені, үйренгені, түсінгені туралы бөліседі.		

Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы.

НАН – ДАСТАРХАН БАЙЛЫҒЫ

Сабақтың мақсаты:

1) Нанды қастерлеуге, «ас атасы – нан» екендігін, нанның адам өміріндегі ең маңызды ас екендігін, оның оңай жолмен келмейтіндігін айтып ұғындыру.

2) Өмірден алған білімдерін, түсініктерін жетілдіру.

3) Еңбек адамдарын сыйлай, нанды қастерлей білуге тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі: суреттер, дастархан, пісірілген нан түрлері, үлестірмелі суреттер.

Сабақтың барысы:

I Ұйымдастыру бөлімі.

II Негізгі бөлім.

– Олай болса, бүгінгі сабағымыз «Нан – дастархан байлығы» деп аталады.

– Балалар, «Нан – береке бастауы», «Дастархан көркі – нан» демекші бүгінгі сабағымызды нан туралы тақпақтан бастасақ.

Нан туралы тақпақтар:

1-оқушы: *Ей, балалар, балалар,*

Болмаңдар, сірә, нанға тар.

Өмірдің алтын арқауы,

Бар қасиет нанда бар.

2-оқушы: *Нанда өмірдің иісі мен дәні бар,*

Нанда адамның еңбегі мен ары бар.

Нан – өмірдің ана сүті, арқауы,

Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.

3-оқушы: Еліміздің құдіретін асырып тұрған, Менің де, Сенің де, Оның да мерейін үстем қып тұрған – Нан!

– Балалар, нан неден алынады?

– Бидайдан.

– Бидай астық тұқымдасына жататынын білесіңдер ме? Ендеше сендерді астық тұқымдасына жататын дәнді дақылдармен таныстырайын.

Сахналық көрініс:

Бидай: Нан анасы бидаймын,

Елге астық сыйлаймын.

Дәнім толып піскенде

Қауызыма сыймаймын.

Арпа: Күміс мұртты арпамын,

Ырыс құтты арпамын.

Еңбек етіп баптаған

Еліме сый тартамын.

Тары: Ақ, қарамын, сарымын,

Мен өнімді тарымын.

Халқым еңбек сіңірсе,

Қайтарамын қарымын.

Сұлы: Мен сұлымын, ұланның

Тұлпарына ұнадым.

Баптаған әр диқанға

Басымды иіп тұрамын.

Күріш: Күнді сүйген күрішпін.

Күллі жұртқа ырыспын.

Алсын деп ел мол өнім

Ала жаздай су іштім.

Көрініс: «Қайдан келдің, бауырсақ?»

– Балалар, бауырсақтың қайдан, қалай келгеніне

тоқталайық. Қырманнан, диірменнен, наубайханадан, дүкеннен дастарханға келген. Нан – дастарханның көркі. Олай болса, мына суретке назар аударайық. Ауылда той дастарханының сәні – бауырсақ. Бауырсақты ауылда әжелер мен апалар пісіреді. Қазан маңында бауырсақ жеп жүрген балалар ерекше көңілді.

– Балалардың көңілді, әрі қуанышты өмір сүруі үшін дастарханға келетін бір түйір нанға қаншама адамның маңдай тері сіңеді. Енді соған тереңірек тоқталайық.

– Ерте көктем келісімен адамдар трактормен жер жыртып, дән себеді. Оны күтіп, баптайды. Тыңайтқыштар сеуіп, арам шөптерін жұлып, зиянкестерге қарсы дәрі сеуіп жаз бойы егін басында жүреді.

Егін піскен кезде адамдар оны комбайнмен жинауға кіріседі. Күн демей, түн демей егін алқабында егін жинаумен болады. Жиналған егінді машинаға құйып, диірменге апарды. Диірменде бидайдан ұн тартады. Ұнның үш сорты болады. Ұнды қапқа салып, вагондарға тиеп, қалалар мен ауылдарға жөнелтеді. Қапқа салынған ұн наубайханаларға апарылады. Наубайханада ұнның әр сортынан нан түрлері пісіріледі. Наубайханада ұннан қамыр илеп, қамырдан нанның формасын жасап, пешке салып пісіреді. Наубайханадан дүкендерге жіберіледі. Дүкеннен адамдар сатып алып, дастарханға қояды. Міне, нанның дастарханға келуі үшін қаншама адамның маңдай тері сіңеді.

– Біздің елімізде көптеген облыстарда бидай егіліп жиналуда. Атап айтқанда Ақмола, Ақтөбе, Қостанай, Павлодар, Орал облыстарында бидай егіліп, өндіріледі. Біздің еліміз өте бай. Осы байлығымызды Қазақстан Республикасының рәміздерінің бірі Елтаңбада көрсеткен.

Тыйым сөздер:

1. Нанды бір қолмен үзуге болмайды.

2. Нанды теріс қоюға болмайды.

3. Нанды аяқ астына тастама.

4. Дүкенге барғанда нанның сапасын қолыңызбен анықтамаңыз. Бұл тазалыққа да, мәдениеттілікке де жатпайды.

Ұлағатты сөздер:

1. Дүниеде байлықтың түрі көп. Солардың ішіндегі ең негізгісі – осы нан байлығы (**Ғабиден Мұстафин**).

2. “Егер менен әлемдегі ең асыл не?” дей қалса, бөгелместен “Нан” деп жауап берер едім. Себебі, нан әлемнің жарығы күннен нұр алады, адамға күннің нұрын құяды. Оның өмірін күндей жарқыратады (**Ыбырай Жақаев**).

Қорытынды:

Нан қоқымын шашпаңдар,

Жерде жатса баспаңдар.

Теріп алып қастерлеп,

Торғайларға тастаңдар! –дей келе бүгінгі «Нан – дастархан байлығы» атты тәрбие сағатымызды аяқтаймыз.

Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы.

ЖУАН ЖӘНЕ ЖІҢІШКЕ ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР. «ӘЖЕ»

Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	1.2.1.2. Оқу түрлерін (тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолдану. 1.4.1.1. Айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп және есту, есте сақтау арқылы жазу. 1.2.8.2. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату; дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке болып бөлінетінін түсіну.
Сабақтың мақсаты/бағалау критерийлері	Өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұны туралы сұрақтарға жауап береді. Айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді есте сақтау арқылы жазады. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды тауып, дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке болып бөлінетінін түсіндіреді.
Ойлау дағды-ң деңгейі	Білу, түсіну, қолдану.

Сабақтың барысы

Сабақ кезеңі	Мұғалімнің әрекеті	Оқушы әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы. 7 мин.	Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Ыстық лебіз» әдісі. Білім алушылар шеңберге тұрып бір-біріне ыстық лебіздерін білдіреді. Мақсаты: Білім алушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Топқа бөлу: 1-топ: 2-топ: 3-топ: «Сұрақ-жауап» әдісі. Мақсаты: осы әдіс арқылы өткенді пысықтау, өткенді еске түсіру. 1. Дыбыс пен әріптің ерекшелігі неде? 2. Дауысты дыбыстарды ата! 3. Дауысты дыбыстың түрлері қандай?	Бір-біріне жақсы тілек айтады. Дыбыс пен әріптің ерекшелігін айтады. Дауысты дыбыстарды атайды. Дауысты дыбыс түрлерін ажыратады.	«Шапалақ» әдісі. Дескриптор. -Әріп пен дыбыстың ерекшелігін айтады. -Дауысты дыбыстарды атайды. -Дауысты дыбыс түрлерін ажыратады. «Басбармақ» әдісі.	Шаттық шеңбер.
Сабақтың ортасы 30 мин	Жаңа сабақ. Жуан және жіңішке дауысты дыбыстар. Әже. Топтық жұмыс. «Микрофон» әдісі. Тапсырмасы: 1-топ. Өлеңді мәнерлеп оқы. 2-топ. Өлеңнің мағынасын түсіндір. 3-топ. Өлеңдегі сөздерден жіңішке дауысты дыбыстарды тап! Мақсаты: Өлеңді мәнерлеп, түсініп оқып, ондағы жіңішке дауысты дыбыстарды табу. ЕБҚ тапсырмасы: Әжең жайлы әңгімелеп бер (2-топқа қостым). Дәптермен жұмыс: «Ой қозғау» әдісі. Тапсырмасы: Суреттерге қарап, зат атауларын жаз және жіңішке, дауысты дыбыстардың астын сыз! Мақсаты: Айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді есте сақтау арқылы жазу. ЕБҚ тапсырмасы. Шелек. Дәптер. Кітап. Бөтенке. Көру диктаны арқылы жаздыру. Сергіту сәті. Жұптық жұмыс. «Көршіңізге айтыңыз» әдісі Тапсырмасы: Бұл өлең қай кезде айтылады? Өлеңдегі сөздерден дауысты дыбыстарды тап: <i>Қаз-қаз, балам, қаз, балам,</i> <i>Тақымыңды жаз, балам.</i> <i>Тай-құлын боп шаба ғой,</i> <i>Озып, бәйге ала ғой.</i> Мақсаты: Өлеңнің ішінен дауысты дыбыстарды тауып, оның жуан-жіңішкелігін айту. ЕБҚ тапсырмасы: Балам, бәйге сөздерінің ішінен дауысты дыбыстарды тап.	Өлеңді мәнерлеп оқиды. Өлеңнің мағынасын жүйелі түрде ашып түсіндіреді. Жіңішке дауысты дыбыстарды табады. Есте сақтау арқылы жазады. Жіңішке дауысты дыбыстардың астын сызады. Шелек, дәптер, кітап, бөтенке. ЕБҚ: көру диктаны арқылы, баспа әріппен жазылған сөздерді жазбаша түрде жазады Бұл өлең қай кезде айтылатынын айтады. Дауысты дыбыстарды табады. ЕБҚ: дауысты дыбыстарды табады.	Дескриптор. -Өлеңді мәнерлеп оқиды. -Өлеңнің мағынасын түсіндіреді. - Өлеңдегі сөздерден жіңішке дауысты дыбыстарды табады. ҚБ: «Керемет!» «Жарай-сың!» «Тамаша!» Дескриптор: -Есте сақтау арқылы жазып, жіңішке дауысты дыбыстардың астын сызады. ҚБ: «Жарайсың» Дескриптор: -Бұл өлең қай кезде айтылатынын айтады. -Дауысты дыбыстарды табады. «Отшашу» арқылы бірін-бірі бағалайды.	Оқулық. Ана тілі «Атамұра» баспасы 18-19-бб. https://www.soyke.kz/upload/images/c6ca94d1cfaa356fbhttps://massaget.kz/userdata/users/user_54406/1393220589.jpghttps://massaget.kz/userdata/uploads/u63732/1443154591_l.jpghttps://fsd.kopilkaurokov.ru/uploads/user_file/56e47b730e917/kazakstannynkyzylkitaby1_2.jpeg

Сабақтың соңы 5 мин	Жеке жұмыс. «Венн диаграммасы» әдісі бойынша сабақты қорытындылау. Мақсаты: Салыстыру, ойлау дағдыларын дамыту; Сабақта меңгерген жаңа білім арқылы білім қорын толықтыру, тиімділігін арттыру. Тапсырма: Берілген әріптердің ішінен дауысты дыбыстарды іріктеп алып, ортақ белгілерін тап: в, с, а, л, е, ұ, ж, і, н, о, ү, қ, ө. ЕБҚ: Әріптердің ішінен дауысты дыбыстарды алып, жуан және жіңішкеге бөл! Кері байланыс: «Табыс ағашы».	Венн диаграммасын толтырады, ортақ белгілерін табады. Дауыстылар: жуан дауыстылар және жіңішке дауыстылар. ЕБҚ: Дауысты дыбыстарды жуан және жіңішкеге бөледі.	Дескриптор: -Дауысты дыбыстарды іріктеп, жуан және жіңішке дауысты дыбыстарды табады. «Шапалақ» әдісі арқылы бағалау.	Әріптер Венн диаграммасы https://fsd.multiurok.ru/html/2018/10/16/s_5bc5feba6ea31/971103_4.jpg
3 мин				

Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы.

Зайнура ЮЛДАШЕВА,
Бейнеу жалпы білім беретін орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА: «ӘЖЕ»

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты		2.1.3.1 - күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу.	
Сабақтың мақсаты:		Барлық оқушылар: жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатыса алады. Көптеген оқушылар: шығармадағы негізгі ойды анықтайды. Кейбір оқушылар: кейіпкерге бағытталған сұрақтар құрастырады.	
Саралап оқыту тапсырмалары			
Ұжымдық жұмыс. Жаңа тақырыптың түсіндірілуі. Тапсырманы ұсыну және дұрыс жауапты ұсыну арқылы үйрету.			Жеке жұмыс. Тапсырманы ұсыну, оқушылар өз бетімен орындайды..
Кезеңі	Мұғалім әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау
Басы. 5минут		Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру үшін «Әжетайым» әні тыңдалады. Оқу материалын жариялау сұрақ-жауап, сөзжұмбақ шешу арқылы жүреді. А) -Ән кім туралы болды? -Әже деген кім? -«Күннің шуағы жылы, Ананың құшағы жылы» сөзінің мағынасын түсіндір. Ә) Сөзжұмбақты шеш: -«Күшті» сөзін басқаша қалай айтатын? -Ананың құшағы қандай? Көп нүктенің орнына сөз қой. «...-асқар тау». -Ендеше бүгінгі сабағымыз кім туралы болады?	Өнге қосылып билейді. Сөзжұмбақ шешіп, тақырыпты шығарады. (Әже)

Ортасы. 35 минут	(Ұ) 1- тапсырма. «Еркін әңгіме» әдісі арқылы жүзеге асады. «Әже» өлеңін түсініп, мәнерлеп оқы. -Сызба бойынша автор туралы әңгімеле. -Негізгі ойды анықта. Саралау тәсілі: «Қарқын» арқылы жүзеге асады. Қарқыны жоғары оқушыға: -Кейіпкерге бағытталған сұрақтар құрастыр. Қарқыны баяу оқушыларға: уақыт беріледі. Сергіту сәті: <i>Бойды сергек тік ұста, Емін-еркін тыныста. Оң қолыңды соз алға, Қол ұшына қара да, Үшбұрыш сыз ауада, Сол қол босқа тұрмасын, Шеңбер жасап тынбасын.</i> 2-тапсырма. Жеке жұмыс. «Менің әжем» тақырыбында шағын эссе жазу. (Д) 3-тапсырмада дәптермен жұмыс жүреді. А) Ақын қолданған сөздерге назар аудар. Кестені дәптеріңе толтыр. Ә) Өлең жолдарын өз бетіңше жалғастыр (ұйқасқа берілген кестені пайдалан). Мен ұйықтарда айтады, Ертегісін, әндерін. Бетімнен сүйіп тұрады, Ертеңгісін әрдайым. Б) Өлеңге әуен таңдап айтып көр.	Дескриптор: -Өлеңді оқиды. - Негізгі ойды анықтайды. - Сұрақтарға жауап береді. Екі-үш сөйлемнен тұратын шағын эссе жазып, өз ойын білдіреді. Дескриптор: -Кестені толтырады. -Өлең жолдарын жалғастырады.	ҚБ: 1-10 балдық жүйе. ҚБ: 1-10 балдық жүйе.
5 минут	Сабақтың соңы	Бағалауды және рефлексиялық әңгімелесуді ұйымдастырады. — Бүгінгі сабақта өздерің үшін жаңадан не аштыңдар? — Сабақта орындаған жұмысыңа кімнің көңілі толады? — Нақты неге көңілдерің толды? Рефлексия. Әркім сабақтағы өз жұмысын бағаласын. «Менен – сұрақ, сенен – жауап» тәсілі бойынша жұмыс. Яғни, сынып ішінен оқушылар сұрақ жазылған парақшаларды тауып, шеңберге тұрады. Кезекпен сұрақтарын оқып, жауап беретін баланы таңдап, жауабын тыңдайды. Шеңберде тұрып, кері байланыс орнатады.	Бүгінгі сабақта не білгенін, үйренгенін, түсінгені туралы бөліседі.

Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы.

ТАБИҒАТЫМ – ТАЛ БЕСІГІМ

Мақсаты: Оқушылардың қоршаған ортаға деген махаббат құндылықтары жайлы түсініктерін кеңейту; Табиғатты қорғауға, елін, жерін сүйуге, мейірімділікке, ізгілікке тәрбиелеу, экологиялық тәрбие беру, Табиғат-Анаға сүйіспеншілікпен қарауға жетелеу.

Көрнекі құралдар: суреттер.

Сабақтың әдісі: әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап, тілек айту, пікірлесу, шығармашылық жұмыстар.

Сабақтың барысы: (Оқушылар дөңгеленіп отырады, орталарына әдемі гүл шоқтары қойылған).

Ұйымдастыру:

– Қайырлы, күн, балалар! Күнде таңертең сендер ояна салысымен терезені ашып, Табиғат-Анаға көз салып қарайсыңдар. Дәл бүгінгі күні Табиғат-Ана бізді несімен қуанты, бізге не айтады? Олай болса, мен сендерді Табиғат-Анаға саяхатқа бірге шығуға шақырамын. Келісесіңдер ме? Өте керемет!

–Бүгінгі саяхатымыздың тақырыбы: «Табиғатты аяла» деп аталады.

Мақсатымыз: Біз бүгін, сендермен бірге қоршаған ортаға деген махаббат құндылықтары жайлы түсінігімізді кеңейтеміз, табиғатты сүюді, қорғауды, табиғат-Анаға сүйіспеншілікпен қарауды үйренеміз. Біз бүгін, табиғатпен сырласамыз, оны түсінуге тырысамыз. Біз бүгін, Табиғат-Анадан мейірімділікті үйренеміз!

Қайырлы күн, күнім, далам, орманым,

Қайырлы күн, гүлім, құсым, көлдерім.

Қайырлы күн, өсімдіктер, жәндіктер,

Қайырлы күн, бар тіршілік иесі!

–Өте жақсы! Барлығымыз орындарымызға отырамыз. Балалар, жалпы табиғат дегеніміз не? Оларға нелер жатады?

Оқушылар: Ауа, су, өсімдіктер, хайуанаттар, құстар, балықтар.

Ендеше, саяхатымыздың бірінші аялдамасы «Тіршілік атаулының бар арманы – ауа» деп аталады. Сөз кезегі оқушыларға беріледі.

1-оқушы. Табиғат байлықтарының ішіндегі тіршілік атаулының өмір өзегі – ауа.

Тіршілікте не дейсің ғой ең қымбат,

Тіршілікте адам қымбат, сен қымбат.

Ал адамға ауа қымбат бәрінен,

Ауа қымбат, алатұғын дем қымбат.

Болмасын ауа ешкімнің арман-мұңы,

Ауадан асқан жан жоқ жалғанда ұлы.

Ойлашы кімге керек боламыз біз,

Жұтудан таза ауаны қалған күні.

Мұғалім: – Ия, балалар, ауасыз өмірді елестету мүмкін емес. Ауаны ластамау әрқайсымыздың

борышымыз. Ал тіршілікті сусыз елестету мүмкін бе?

– Олай болса келесі аялдамamız «Орман сәні құстар» деп аталады. Бұл туралы не айтасыңдар?

2-оқушы.

Табиғаттың сәні де, әні де қалықтай ұшқан құстар. Олардың әсем әндері бойымызды балқытып, еріксіз еліктіреді. Олар –біздің қанатты достарымыз. Олар – табиғат сақшылары. Егістіктің, бау-бақшаның сенімді серігі. Сондықтан ата-бабамыз құстарды қадірлеп, құрметтеген. Олар батыр ұлдарын сұңқарға, сұлу қыздарын аққуға теңеген. Қазақстанда құстардың 480 түрі бар екен. Соның ішінде азайып кеткен құстар Қызыл кітапқа енгізіліп, қорғауға алынды.

3-оқушы.

Ата-бабамыз құсты аса қадірлеген. Ертеде жоңғар шапқыншылығы кезінде ауыл адамдары елін-жерін тастап қаша жөнелген екен. Сол ауылда Төле би атамыз ғана қозғалмай, киіз үйін жықпапты. Қалмақтың әскер басы себебін сұраса, Төле би үйінің төбесін көрсетіпті. «Қарлығаш шаңырағыма ұя салды, балапандары әлі жас, ұша алмайды» депті. Жас әскер басы Төле бидің адамгершілігіне риза болыпты.

4-оқушы.

Қазақтар құстарға қарап ауа райын да болжай білген.

• Құс жүнін үрпитсе – жаңбыр жауады, ауа райы өзгереді.

• Сары шымшық ысқырса – шынымен күз болғаны.

• Қарға қарқылдаса – қар жауады.

• Жыл құсы қаптап кетсе – көктем ерте келеді.

• Көкек қатты әрі жиі шақырса – күн жылиды.

• Сауысқан шақылдаса – қонақ келеді.

• Ерте көктемде қарға суға шомылса – күн жылиды.

Сабақты қорытындылау кезеңі:

«Жүректен – жүрекке». Оқушылар сабақ соңында табиғатқа тілек айтып, тақтада ілініп тұрған күннің сәулесіне кезегімен мынандай сөздерді апарып іледі.

Гүлдей бер, Жер-Ана!

Аспаның ашық болсын!

Аспаныңды бұлт торламасын!

Тоғайың аң мен құсқа толсын!

Суың мөлдір, таза болсын!

Күнің жарық болсын! т.б.

Хормен: Табиғат сені сүйеміз, Басымызды иеміз!

Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы.

ЖАЗУШЫ ЖЕРЛЕСТЕРІМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Жуырда Абай облысы Үржар ауданы Мақаншы ауылының Мәдениет үйінде жазушы, онға жуық кітаптың авторы, «Қазақ тарихы» журналының бас редакторы Әбділдабек Салықбай асқаралы 60 жасқа толуына орай оқырманмен кездесіп, үш кітабының тұсаукесерін өткізіп қайтты. Оған белгілі жазушы, филология ғылымдарының докторы Нұрдәулет Ақыш, осы жолдардың авторы, яғни, ақын, балаларға арналған «Мөлдір бұлақ» журналының бас редакторы Дәулетбек Байтұрсынұлы, жазушы, аудармашы, Ел Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, Абай облысы әкімінің кеңесшісі Талғат Мәзімбаев арнайы барып қатысты.

Қонақтарымен бірге Алматыдан пойызбен Аягөзге жеткен мерейтой иесі жол-жөнекей Халық жазушысы Қабдеш Жұмаділовке және Науалы мен Мақаншының ортасындағы Әсеттің ұстазы Ғабдышүкір хазыретке Құран бағыштады. Үржарда аудан әкімшілігінің жайған дастарханында Астана, Семей, Алматыдан барған қонақтармен бірге тойдың ақ тілек, жылы лебіздері айтылды. Жиналған қауым одан әрі Мақаншыға бет түзеді. Қонақтар бірден ақтангер ақын, аққуға үн қосқан талғампаз әнші Әсет Найманбайдың мұражайына аттың басын тіреді. Мұражайдың директоры Әсеттің немере қызы Ләззат ханым ерекше ілтипатпен қарсы алып, атасы туралы тебірене әңгімелейді. Қонақтар бұрын сырттай естіген, оқыған деректер мен тарихты мұражайдан өз көздерімен көріп, құлақтарымен тыңдап, арғы-бергі әңгімеге қанып, Әсет өмірімен етене танысты.

Екінді мезгілінде жазушы Әбділдабек Салықбайдың оқырманмен кездесу кеші басталды. Әдемі әнмен ашылған шымылдық көптің көңілін желпіп, ұлттық киімдегі арулар билей жүріп, ауылдың дәмін сыйлы қонақтардың алдына тосты. Бауырсақтан ауыз тиіп, қымыздан дәм татқан Әбекең арулардың алқалай қоршауымен сахнаға көтеріліп, төрден орын алды. Кешті жазушы, әдебиеттің ақсақалы Нұрдәулет Ақыш ақ батасымен ашып, жүрекжарды тілегін айтты. Онан ары Үржар ауданы әкімінің орынбасары Тұрлыбеков Біржан Қадырұлы сөз алып жазушыға жылы ілтипат білдірді. Елдің атынан қаламгерге шапан жауып, ауданның «Абырой» деген төс белгісін тағып, ат мінгізді. Ендігі кезекте Астанадан арнайы түрде шығысқа, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауын алып келген, Президенттің кеңесшісі Отарбаев Мәлік Нұржанұлы алдыға шығып, мемлекет басшысының құттықтауын оқып беріп, мерейтой иесіне «Алғысхатты» салтанатты түрде тапсырды. Жазушы үшін қырық жылдық қаламгерлік

өмірдің бұл да бір естен кетпес сәті болды. Осыдан соң Әбділдабек Салықбайдың қаламгерлік қыры мен жазушылық сипаты туралы біз баяндама жасадық. Әбділдабектің өзіндік стилі бар, қалыптасқан қабырғалы қаламгер екенін баса атап өттік. Оны жазған туындылары арқылы жиналған жұртқа дәлелдеп жеткіздік. Жазушының жерлестері алдында кеңінен толғап, көңілдеріне сіңіруге тырыстық. Жазушыны қошеметтеп елге барған азаматтар да әкімнің марапатына ие болып шапан киіп, төс белгі тақты.

Әбділдабек Салықбай Мақаншыдан түлеп ұшып жоғары оқуын бітіріп, қайта барып бірнеше жыл елге қызмет етіпті. Онан кейін өнердің ортасы Алматыға келіп шығармашылықтың қызығы мен шыжығын көріп келе жатқанына да биыл 35 жылдың жүзі болыпты. Міне, енді еңбегі жанып, елі ардақтап, оқырмандары қошеметтеп, аудан басшылары астына ат мінгізіп шығарып салды. Ә.Салықбай – оқырмандарына таныс, жазғаны жалпыға мәлім, шығармалары көркем, талантты қаламгер. Ол балалар әдебиетіне де еркін қалам тартып, сүбелі шығарма, салмақты туындыларды ұсынып келеді. Кеште оның «Қуаныш балуан», «Айдана мен Ақжолтай» және «Ілияс мінген қарагер» атты кітаптарының тұсауы кесілді.

Кеш соңында сөз алған жазушы Ә.Салықбай осы кездесуді ұйымдастыруға ұйтқы болған және оны өткізген азаматтарға, Үржар ауданы мен Мақаншы ауылының қызметкерлеріне алғысын білдірді. Әншілер әннен, ақындар жырдан шашу шашты. Алпыс деген асуға шығып, елге барып есеп беріп қайтқан жазушыдан мұнан да биік белес, тың дүниелер күтеміз.

Дәулетбек БАЙТҰРСЫНҰЛЫ,
ақын, «Мөлдір бұлақ»
журналының бас редакторы.
Алматы – Мақаншы – Алматы.

ӘБДІЛДАБЕККЕ

Алпысқа келдің арнамен асау аңғармай
Артымыз қалың, алдымыз сиреп қалғандай.
Ерттеулі атқа ертерек тұрып ер салдық,
Қалайша, бәрі жылдамдау өзі болғандай.

Шақырған билет, тынықта мүлгіп түн күбір
Талықсып тәтті ақ таңдар кірпік ілді бір.
Алпысқа келіп бозқырау баққа бойладың,
Ойыңда көшіп «Білінбей өткен бір ғұмыр».

Азамат болдың арықтан алпыс өтіп күн,
Түн шолған ғашық екеуге еріп кетіппін.
Қалана қалған ойларың терең образ –
Әңгімесіндей тәтті әріге тартқан Чеховтың.

Қуаныш палуан –қазақтың ол да нар ұлы,
Қайырып айтар қайратым еді арыны.

Қырындай өтер әр түрлі тағдыр іші ғой,
Оны да өмір әкетті алыс ағыны.

Әр түрлі жолда, әр алуан дарын көрем мен,
Замандас көктем жып-жылы маған дегенмен.
Алпыс түп қайың арасынан шыққан көшемен.
Алаңдап қалып, алысқа қарап келем мен.

Әбеке, үлкен жазушы болдың ығы бар,
Орманы барлар оқыса бойлап ұғынар.
Кеше мен бүгін, ертеңнің тағы келетін
Кеудеңде сенің өзіңдік әсем тілі бар.

Ал, енді мынау алпысың келген – ақ таңың,
Алдында тұрсын арғымағың бурыл қақпаңның.
Арқалды жері арасы аға ортаның,
Уай, Әбеке, мен де осы бір туған жақтамын.

Айжарық АБЫЛҚАСЫМ,
ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
Қабанбай ауылы.

ӘБДІЛДАБЕК АҒА АЛПЫСТА.

Болсын деп қуаныш пен шаттығы көп,
Көрмеппін жақын түгіл жатты күндеп,
Жүздескен Әбекеңмен осы күнді,
Санаймын ерекше бір сәтті күн деп.

Тұрғам жоқ жалған сөзбен жағайын деп,
Көңілдің қос ішегін қағайын дөп,
Бұл күнде мен ғана емес, сіз туралы
Айтатын жақсы пікір ағайын көп.

Демесін жанды жерін тапты ағаның,
Емес бұл сізді асыра мақтағаным,
Білеміз өзіңізді бала көзден
Мақаншы балапандай баптағанын.

Жақсының туын жықса жығар надан,
Адамның жанын оңай ұғар ма адам,
Иісі аңқып тұрады, аға, туған жердің,
Сіз жазған алуан түрлі шығармадан.

Қуанып кейде тағдыр мәз еткенмен,
Сіз, Аға, өткен жоқсыз аз өткелден.
Жөн болды келгеніңіз, жазушыны
Көретін елге журнал-газеттерден.

Танитын туған жердің жас-кәрісі,
Хаққа да халыққа да жаққан ісі,
Әбеке, тұлғалардың бірі өзіңіз,
Бола алған Мақаншының мақтанышы.

Десек те болжамаймыз ғайыпты біз,
Жаңылсақ айтар сөзден айыптымыз,
Сан қилы тақырыпқа қалам тербеп,
Санасын жас ұрпақтың байыттыңыз.

«Туған жер – туым сенсің!» деген атпен,
Жүздесіп жарқын жүзді жамағатпен,
Алпыста бет бұрдыңыз Мақаншыға,
Ауылға деген үлкен махаббатпен.

Қол соғып сөз қадірін білген ерге,
Келдіңіз берекесі кірген елге,
Өздері алғандай боп қуанады ол,
Сіз алған марапат пен жүлделерге.

Жарқырап тұрғаннан соң көңіліңіз,
Бар шығар менен де өзге көп ініңіз,
Мен үшін орыныңыз бөлек Сіздің,
Өнегелі болған соң өміріңіз.

Туған жер бөлеп жатса ықыласқа,
Тісінші тамсанғанның тілі тасқа,
Алдыңыз „Дарабоздың“, бас жүлдесін,
Мінгізіп Қарагерді Ілиясқа!

Тұрғанда адастырмас бағытыңыз,
Алпыста алқынбасын шабытыңыз,
Түгендеп қазағымның қара сөзін
Аламан бәйгелерді тағы ұтыңыз!

Тұлпарлар сүрінбейді тапса бабын,
Көрмейік арманыңыз ақсағанын,
Ғұмыры ғасырдан да ұзақ болып,
Жазары сарқылмасын жақсы ағаның!

Ерболат КҮНБОЛАТҰЛЫ,
ақын,

Мақаншы ауылы.